

З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық

Екі бөлімді

1-бөлім

11

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған



Алматы «Атамұра» 2020





ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3 (5 Қаз) я 72
Қ 13

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен жалпы орта білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Пікір жазғандар:

А.Г. Ибраева, тарих ғылымдарының докторы, профессор
А.Т. Қайыпбаева, тарих ғылымдарының кандидаты

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

-  – тақырып бойынша сұрақтар
-  – ұғымдар мен терминдер
-  – құжаттар
-  – құжат бойынша сұрақтар

Қабылдинов З.Е., т.б.

Қ 13 Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық/З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев. Екі бөлімді. – Алматы: Атамұра, 2020. – 160 бет.

ISBN 978-601-331-712-0

1-бөлім. – 2020. – 160 б.

ISBN 978-601-331-713-7

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 63.3 (5 Қаз) я 72

ISBN 978-601-331-713-7 (1-бөлім)
ISBN 978-601-331-712-0

© Қабылдинов З.Е., Сандыбаева А.Д.,
Лебаев Ф.Р., 2020
© «Атамұра», 2020

КІРІСПЕ

Құрметті оқушылар! Сендер төменгі сыныптарда Қазақстанның ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі төл тарихымен жүйелі түрде таныстыңдар. Қолдарыңдағы оқулықта Отанымыздың басты тарихи оқиғалары мен аз зерттелген көкейкесті мәселелері қарастырылған. *«Қазақстан тарихы» пәнінің мақсаты* – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен үрдісін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

Оқу пәнінің міндеттері:

– Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері бойынша білімін жетілдіру;

– әлемдік тарихи үдерістегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;

– оқушылардың тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту.

Ежелгі заманнан бері Қазақстан бірегей өркениет үлгісі ретінде басқа аймақтардан өзіндік тұрғыда ерекшеленді. Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқан Қазақстанның кең-байтақ дала-сында көшпелі және отырықшы мәдениет өзара үйлесімді дамыды. Қазақстан жері көшпелі малшаруашылығымен қатар, қала мәдениетінің де ошағы болды. Шығыс пен Батысты ұштастырған Ұлы Жібек жолында Қазақстан маңызды рөл атқарды. Дала мен қала өзара қарым-қатынасында әлеуметтік-экономикалық байланыстарын нығайтып, бір-бірінің мәдениетін байытты. Алайда ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың дәстүрлі малшаруашылығы ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында большевиктердің экономикалық сынақ тәжірибелері нәтижесінде дағдарысқа ұшырап, күйреді. Қазақ халқы дамуының табиғи үдерісі кеңестік биліктің әрекетінен жасанды түрде бұзылып, дәстүрлі шаруашылыққа үлкен зардап тигізілді. Жер мен малдың нақты иелері ғасырлар бойы орын алып келген шаруашылық жүргізу тәсілінен шеттетіліп, оның орнына ұжымдық және мемлекеттік шаруашылықтар құрылды. Қуатты және дербес қожалықтардың мал-мүлкі тәркіленіп, мемлекет меншігіне өткізілді. Мал саны азайып, шаруашылықтар

күйзеліске, халық аштыққа ұшырады. Елдің экономикалық құлдырауы одан әрі жалғаса берді.

Қазақстанның Ресей құрамына енуі, 1822–1824 жылдары хандық биліктің жойылуы, XIX ғасырдың 60–90-жылдарындағы реформалар өлкеде қазақ халқы ұлттық құрамының өзгеруіне әкелді. Бір ғасыр шеңберінде қазақ өлкесінің бірұлттық құрамы көпұлттық сипатқа ие болып, жергілікті халық өкілдерінің үлесі азайып кетті. Қазақстан Ресейден кейінгі сталиндік лагерьлері көп республикаға айналды.

Кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе жеке халықтарды республика аймағына күштеп жер аударды. Ашаршылық пен қуғын-сүргіннен қазақ халқының жартысына жуығы қазаға ұшырады. Ал тың игеру жылдары КСРО-ның еуропалық бөлігі мен көрші республикалардан елімізге жүздеген мың адам келіп қоныстанды.

Осы оқиғалармен бірге, КСРО ыдыраған соң тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бірқатар ұлттардың тарихи отандарына үдере көшіп кету себептері туралы да білетін боласыңдар.

Ежелгі дәуірден бастау алған қоғамдық-саяси ойдың дамуына қатысты жаңа тақырыптармен танысасыңдар. Ұлы дала мемлекеттік бірлестіктерінің әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени өмірінде айтулы тұлғалар маңызды рөл атқарды. Халық мүддесінің жаршылары қатарында тек қаған-хандар ғана емес, билер, ақындар мен Алаш зиялылары да болды.

Сонымен қатар оқулықтан XX ғасырдың басындағы басты оқиғаларды, ұлттық сана-сезімнің оянуына, мемлекетті қайта қалпына келтіруге әсер еткен Алаш зиялыларының идеялық көзқарастарымен танысасыңдар. Ө. Бөкейхан сияқты Алаш арыстарының төңірегіне топтасқан ұлтымыздың білімді де сауатты, зиялы азаматтары дербес мемлекет құру жолын таңдай отырып, қолдарынан келгеннің бәрін жасады.

Бүгінгі күні елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымның дамуына байланысты екені анық. Бұл басылымнан білім мен ғылымның ежелгі, орта ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі дамуы туралы білімдеріңді толықтырасыңдар. Қазақстан аумағында ғылыми мекемелердің іргетасы жаңа заманнан, яғни XVIII ғасырдан қалана бастады. Кеңес дәуірінде мықты білім жүйесі құрылып, республиканың ғылыми базасы қалыптасты. Алайда қоғамдық-


гуманитарлық ғылым саласында марксистік-лениндік көзқарас басшылыққа алынып, партиялық ұстаным ұлықталды.

1946 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының құрылуы кеңестік Қазақстан ғылымының үлкен жетістігі еді. Еліміз тәуелсіздігін алған кезден бастап Қазақстанда бұрынғы кеңестік оқу-ағарту негізінде, сондай-ақ әлем елдерінің жетістіктерін қамтитын ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру мақсатында бірқатар шаралар қабылданды. Соңғы жылдары үкімет ғылым мен білім саласын жақсарту үшін кешенді бағдарламаларды жүзеге асырды. Заманауи материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген Назарбаев зияткерлік және инновациялық мектептер ашылды. Президенттік «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастар сапалы білім алуда.

Қазақстан тарихын терең оқып-үйрену өз Отаныңды құрметтеп, мақтан тұту сезімін қалыптастырады. Өрқайсысың еліміздің тарихын жақсы білулерің керек, сонда ғана дұрыс бағыт-бағдар алып, өз болашақтарыңды болжай аласыңдар. Оқу материалын сапалы меңгеруге «Хрестоматия» мен ұстаздарға арналған «Оқыту әдістемесі» де көп көмегін тигізеді. Оқулық екі бөлімнен тұрады.

Мектептегі тарихшы ұстаздар, ата-аналар мен оқырман қауым тарапынан осы оқулықтың мазмұнын одан әрі жетілдіру үшін құнды ескертпелер, маңызды ұсыныстар жасалуы мүмкін. Оның бәрін ескеріп, келесі басылымдарда оқулықтың сапасын одан әрі жақсарту үшін пайдаланатын боламыз. Авторлар оқулықты дайындауға көмек көрсеткендердің барлығына шынайы алғыстарын білдіреді.

Құрметті оқушылар! Сендерге жаңа тарихи білім алуда сәттілік тілейміз!


БӨЛІМ
ӨРКЕНИЕТ: ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
Бірінші тарау
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІРШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ЖҮЙЕСІ
§1–2. Қазақстанда көшпелі малшаруашылығы
және егіншіліктің дамуы
Оқу мақсаты:

- ✓ Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу;
- ✓ көшпелі малшаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін «тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі», «қоныстану жүйесі», «эко-жүйе» ұғымдарын пайдалана отырып анықтау;
- ✓ картаны пайдаланып, дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Еуроцентристік тұжырымдама	Евроцентристская концепция	Eurocentric concept
Эрозия	Эрозия	Erosion
Суару қондырғылары	Ирригационные сооружения	Irrigation facilities

Тақырыпқа шығу:

«Халықтардың дамуы мен шаруашылық-мәдени ерекшеліктерінің қалыптасуында географиялық және экологиялық фактор үлкен рөл атқарады».

Л.Н. Гумилев

Автор пікіріне өз көзқарасыңды білдір.



1. Көшпелі малшаруашылығының қалыптасуы. Қазақстан аумағының табиғи және климаттық ерекшеліктері, яғни экожүйесі жергілікті тұрғындардың шаруашылық түрінің қалыптасуына ежелден-ақ тікелей әсер еткен. Ежелгі тұрғындар тіршілік ортасының өзгеруіне қарай біртіндеп егіншіліктен малшаруашылығына көше бастады. Шамамен б.з.б. II мыңжылдықтың соңындағы қуаңшылық жағдайында егіншілікпен айналысу тиімсіз болды. Қазақстан аумағының басым бөлігін шөлейт жерлер алып жатыр. Күн радиациясы өте жоғары, қуаңшылық жиі орын алып отырады.

Су көзі мен жайылымдық жерлердің тапшылығы, аумақтағы өсімдіктердің жеткіліксіздігі табиғи мал азығы қорының тарылуына әкелді. Жер құнарлығы төмендеп, *эрозияға* ұшырау қаупі артты. Біртіндеп мал басының саны көбейді. Мұның бәрі адамның өмір сүру ортасына икемделіп, әлеуметтік-мәдени бейімделудің ерекше түрін таңдауына мәжбүр етті. Ол көшпелі малшаруашылығының орнығуына жеткізді. Жайылымдық алқаптарды егіншілік мақсатында пайдалану өнімділікті арттырмады. Ұлы далада егіншілікке аса тиімді балама ретінде көшпелі малшаруашылығы дамыды.

Көшпелілер өмірі табиғи заңдылықтарға бейімделіп, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі, қоршаған ортаны игеру тәжірибе-

Қызықты дерек

Көшпелі табиғи-шаруашылық түрлері Қазақстанмен қатар, Моңғолия, Араб түбегі мен Солтүстік Африка аумағында қалыптасты.



Аттың жүгені,
қола ауыздықтар

Картамен жұмыс

Ботай мәдениетінің орнын қазіргі географиялық картадан көрсетіңдер.

сінен қалыптасты. Ежелгі Қазақстанның қуаң даласын мекендеген тұрғындардың өмір сүруді қамтамасыз етудегі негізгі кәсібі – көшпелі тірлікке негізделген мал өсіру болды. Көшпелі малшаруашылығына көшу себептерінің бірі – жылқыны қолға үйрету еді. Жылқы малы ең алдымен Солтүстік Қазақстанда қолға үйретілді. Бұл жерде ежелгі адамның алғаш рет жылқыны қолға үйрету орталығының бірі, әлемге әйгілі *Ботай мәдениеті* табылған. Ботай қонысы 15 гектардан астам жерді алып жатты. Жылқыны қолға үйретіп, кейін оны мініс көлігіне айналдырудың барысында адам орасан зор кеңістікті игерді.


Көшпелі өмір салты малды жау шапқыншылығынан және табиғат апаттарынан аман сақтап қалып отырды. Сонымен қатар жайылымдардың

тозуы да табиғи талаптарға байланысты мал өрістерін ауыстырып отыру қажеттілігін тудырды.

Көшпеліліктің пайда болуы ғасырлар бойы малшылардың қоршаған ортаның табиғи-климаттық жағдайына икемделуіне байланысты еді. Бұл тұжырымды XIX ғасырдағы Қазақстанды зерттеуші ғалымдар да қолдайды. Орыс ғалымдарының басым көпшілігі көшпелі малшаруашылығы қалыптасуын табиғи жағдайға тәуелділіктен туындағанын негізге алады (И.Ф. Бла-рамберг, А.Н. Макшеев, Л.Л. Мейер, Г.Н. Потанин, И.И. Завалишин, А.И. Добросмыслов және т.б.).

Көшпелі өмір сүру салты қоршаған ортаға бейімделуден орнығып, малшылардың малды суықтан, боранан, шөлден, су мен жемшөп тапшылығынан қорғайтын оңтайлы тәсілдерді меңгеруіне жеткізді.

Ата-бабаларымыз жайылымдардың табиғи тепе-теңдігін сақтау мақсатында кішігірім рулық бірлестіктерге бөлініп,



Ботай қонысы

белгілі жер көлемі шеңберінде көшіп-қонды. Жыл мезгілдерінің ерекшелігіне қарай маусымды *қоныстану жүйесі* қалыптасты. Қазақ халқы малды қыстан және жұттан аман сақтау үшін қоршаған ортаға (*экожүйеге*) бейімделу заңдылықтарын шебер меңгерген. Жыл маусымдары мен жайылымдарды пайдалану тәсілдеріне орай көштің ұзақтығы кейде жүздеген шақырымға дейін созылды.

Маусымдық жайылымдар рулар арасында бөліске түскенімен, ежелгі дәстүр бойынша қыстаулардан басқа жерлерді елдің бәрі бірдей пайдаланған.

Көшпелілер ерте заманнан қоршаған ортаны, табиғатты игеруіне байланысты қалыптасқан экологиялық тәжірибесі арқасында білгір ботаник, астролог, әрі географ болған деп

айта аламыз. Дала аймағының ажырамас бөлігі іспеттес көшпелілер малшаруашылығын тіршілік қамы жүйесі ретінде қалыптастырды. Оған тікелей табиғи-географиялық жағдай әсер етті. Көшпелі малшаруашылығы Ұлы даланың энергетикалық және биологиялық ресурстарын тиімді пайдалануды көздеді. Көшпелілер тіршілік көзі болған мал өнімдерін пайдалануды үйренді.



Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы *көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшылық* түрғыда дамыды. Көшпелілік түрінде мал жыл бойы жайылымда тебіндеп жайылды. Малшылар көшпелі өмірге қолайлы жасалған киіз үйде тұрды.

Жартылай көшпелілік салтында қазақ халқы мал басын аман сақтап қалу үшін жыл мезгілдері мен жайылымдық жерлердің ерекшеліктеріне қарай көшіп-қонды. Қысқы көшінде жылы тұрақтары – қыстауларға қоныстанған. Мал төлдетіп, жүн қырқу үшін көктеуге (көктемгі көш), кейін жас төлдер өсіп, жер көгерген кезде жайлауға көшкен. Қыстауларының жанында мал азығы үшін шөп дайындаған, егіншілік кәсібімен де айналысқан. Отырықшылық дәстүрде мал белгілі бір аумақта бағылып, қорада ұсталған. Іле, Талас, Арыс, Шу, Сыр өзендері


бойында және Жетісу өңірінде егіншілік кеңінен дамыған. Дәстүрлі малшаруашылығы XIX ғасырдың соңына дейін сақталынды.

XX ғасырдың 20-жылдарының соңы мен 30-жылдарының басында қазақтарды күштеп отырықшыландыру және ұжымдастыру салдарынан орын алған ашаршылықта республика халқының жартысына жуығы қазаға ұшырады. Жергілікті халық санының күрт кемуіне әкеліп соқты. 1950 жылдардағы ескерілмей жүргізілген тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты нәтижесінде құнарлы жерлердің 10 млн гектары эрозияға ұшырады. Сондай-ақ малшаруашылығын жүргізудегі кеңестік әдістер еліміздегі тағы 55 млн гектар жердің тозуына әкелді.

2. Дәстүрлі малшаруашылығы – тіршіліктің негізі. Көшпелілікті зерттеумен айналысқан *евроцентристік тұжырымдамадағы* кейбір зерттеушілер шаруашылықтың бұл түрін өркениеттен артта қалу мен жабайылық көрінісі ретінде біржақты түсіндіріп келді. Ұзақ жылдар бойы көшпелілерді белгілі өз атамекені мен шегарасы жоқ, баспанасыз, мән-мағынасыз көшіп-қонып, құқық пен әділетті білмейтіндер деп қабылдап келді. Бірақ бұл түсінік тіпті дұрыс емес. Ұлы дала көшпелілерінің нақты бекітілген өз жерлері болды.

Л.Н. Гумилев және басқа ғалымдар көшпелілердің киіз үй, арба, ер-тұрман, қайқы қылыш т.б. жетістіктер ойлап тауып, әлемдік өркениетке қосқан үлесін дәлелдеді.

Ата-бабаларымыз рулық жайылымдарды тек адамдар мен мал арасында әртүрлі аурулар мен індет жайылуынан жаппай қырылуына әкеліп соққанда ғана уақытша тастап кетуге мәжбүр болған. Басқа уақытта көшпелілер сан мыңжылдықтар бойы ұдайы көштің әдістері мен ережелерін сақтап келді. Осындай



Көшпелілер тұрмысы

қорытындыны көрнекті түркітанушы және лингвист В. Радлов та жасайды: *«Жоспарланбаған көші-қон туралы сөз болуы мүмкін емес... тайпа немесе тайпалық бірлестіктер жайылымдарын өздерінің жекеменшігі ретінде санайды, көрші тайпалардың басып кіруіне жол бермейді».*

XIX ғасырдың басына дейін қазақтар және олардың түпкі ата-бабалары (сақтар, ғұндар, түркілер) өте дәулетті тұрмыс кешкен. Еркіндік, әділеттік, көшпелі өмір салты, ең даладағы кең жайылымдар, халықтың сирек орналасуы Ұлы далада дәулетті малшылар дәстүрі мен сән-салтанатын қалыптастырды. Көшпелілер түгелдей қару-жарақпен жеткілікті қаруланып, өз отбасын, малы мен жайылымдарын қорғауға дайын тұрды. Көшпелілердің негізгі дәулеті мал болып, байлық өлшемін ірі және ұсақ мал құрады.

Мал көшпелілерге азық-түлік, киім-кешек, тұрғын үй т.б. қажетті өнім берді, көлік міндетін атқарды. Алайда байлық өмір сүрудің негізгі мақсаты емес, әрбір далалықтың жеке бостандығы мен тәуелсіздігі және өмір сүруінің кешілі есептелінді. Мал санының көп болуы мұқтажсыз өмір сүру мен ұлдарын үйлендіргенде қалыңмал төлеу үшін қажет еді. Байлықтың арқасында олар ата-баба аруағына бағыштап салтанатты ас берді. Кез келген адамды, тіпті жатжерліктерді де ақы алмай қонақ етіп күтті. Қазақ әдебиетінің белгілі зерттеушісі, ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Абылай хан заманында әрбір екінші қазақтың дәулетті, бай болғандығын жазады. Бұл деректі Орта жүз қазақтары туралы жазған жазбаларында Шоқан Уәлиханов та растайды: *«Сібір қырғыздары (қазақтары) сыртқы округтік приказдар құрылғанға дейін өте дәулетті де бай болған, бұған еш күмән келтіруге болмайды».*

Осындай дәулетті Сапақ би туралы XIX ғасырдың алғашқы жартысында Солтүстік-Шығыс Қазақстан қазақтарының өмірі мен тұрмысын зерттеген орыс офицері С. Броневский былай деп жазады: *«Орта жүзде өте бай қазақтар бар: мысалы, Қарпық болысындағы Сапақ бидің 10 мыңға жуық жылқы, көптеген*

түйелер мен ұсақ малы болды; бір жайылымнан келесі қонысқа көшкенде дүние-мүлкін 150-ден астам түйеге артқан». Бай және ауқаттылардан Түйте Нүрекенов, Мұса Шорманов, Шоң Едіге, Сағынай, Нұрмағамбет, Жексенбай және т.б. атап өтуге болады.

XX ғасырдың басындағы патша үкіметінің құлау қарсаңында бой көтерген Алаш қозғалысының өкілдеріне қазақ даласының әртүрлі аймақтарының дәулетті азаматтары қаржылық қолдау көрсетіп, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына өз үлестерін қосты. Олар – Қаражан Үкібаев, Медеу Оразбаев, Үкі Әділов, Хасен Ақаев, ағайынды Бекметовтер, Ыбырай Ақбаев, Маман байдың балалары, Иса Көпжасаров, Салық Омаров, Тобанияз Әлниязов т.б.

Ұлы дала кеңістігінде малшылардың басым бөлігі бай-қуатты болғандықтан, елде ұрлық та орын алмаған. XIX ғасырдың ортасында М.И. Красовский бұл туралы былай жазған: «*Ұрлық... даладағы қазақтар арасында орын алмаған деп толық айта аламыз*». Қыстауларға ешкім тиіспеген. Дала жұрты есікті іштен құлыптау дегенді білген жоқ. Жаман ырымға теңеп мал басын да санамауға тырысқан. Дәулетті тұрмыс далалықтар өмірінің маңызды бөлігін мейрамдар мен ойын-сауықтарда, спорт сайыстарында, аңшылық пен саудада өткізуге мүмкіндік берді.

3. Егіншіліктің дамуы. Қазақстан аймағында табиғи-климаттық жағдайдың әртүрлілігіне байланысты көшпелі малшаруашылығымен қатар, егіншілік те орын алған. Кеңес өкіметі кезінде далалықтарда егіншілік ешқашан болған емес деген пікір айтылды.

Шын мәнінде, қазақтар егіншілікпен ежелден-ақ айналысқан. Оны тарихи, соның ішінде археологиялық деректер айқын дәлелдейді. Өзен-көл, су көздері жақын өңірлерде егіншілік ошақтары дамыды. Егіншілік орталықтары – Сырдария, Іле, Шу, Нұра, Орал, Ертіс өзендері мен Балқаш, Алакөл, Зайсан көлдері маңы. Егіншілік ертеден-ақ Оңтүстік Қазақстан (Сырдария,

Ойлан

Қазақстан аумағын мекен еткен тұрғындардың негізгі кәсіп түрі малшаруашылығы емес, егіншілік болған жағдайда қалай болар еді?

Қаратау) және Жетісу өңірлерінде кең өріс алды. Басқа аймақтарда да шағын көлемде тұрғындар жер өңдеумен айналысты.


Екіншілік неолит және энеолит кезеңінде қалыптасты. Алғашқы қола дәуірінің қарапайым орақтарын археологтар Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан өңірлерінен тапқан.

Қола дәуірінде Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар екіншілік кәсібімен шұғылданды. Оны археологиялық деректер айқындап берді. Андрон тайпаларында екіншілік қосалқы шаруашылық түрі болды. Андрондықтар жерді өңдеу үшін тесе, қола және мыс орақтарды пайдаланған.

Б.з.б. VIII–VII ғасырларда Қазақстанның ежелгі тұрғындары ерте темір дәуірінде шаруашылықтың кешенді түрімен айналысты. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда жер өңдеу кәсібі малшаруашылығымен қатар дамыды. Ежелгі тұрғындар жер өңдеуде *суару қондырғыларын* пайдаланған. Сырдың орта ағысында пайда болған Қаңлы мемлекетінде екіншілік қарқынды дамыды. Бұл өңірде отырықшы малшаруашылығымен ұштасқан тәлімді (суармайтын) және қолдан суаратын екіншілік түрі жүргізілді. Егіс алқаптарын суару үшін тоғандар мен су қоймаларын салған.



Жер жырту.
Н.Г. Хлудов



Бұған Шыршық өзені бойынан ұзындығы 20 шақырымдай болатын Зах арығы орнының табылғаны дәлел бола алады.

Орта ғасырларда егіншілік Түркі қағанатында да шаруашылықтың бір саласы еді. Ертістің орта ағысын мекендеген қимақтар IX–X ғасырларда егіншілікпен шұғылданды. Әл-Идриси мәліметі бойынша қимақтар бидай, арпа, күріш және жүзім өсірген.

Кейін Шыңғысхан және Әмір Темір шапқыншылықтары салдарынан егіншілік құлдырап кетті. Қазақ хандығының құрылуы Жетісу және Сырдария алқаптарында егіншаруашылығын қайта жандандырды. Оны Отырардағы археологиялық қазба жұмыстары дәлелдейді.

15-беттегі картадан дәстүрлі шаруашылық түрлері қай өңірде, қалай дамығанын анықтаңдар.

1692 жылы қазақ жеріне келген елші В. Кобяков былай дейді: *«Тәуке ханда нан көп, қазақтар бидай, арпа және тары өсіреді...»*.

Қазақтар орыстарға астық сатып та отырды. Осы жайлы 1830 жылы С. Броневский: *«Астық далада айтарлықтай бар... Өскемен, Семей, Ертіс шебіне қазақтар ... бидай және тарыны базарға сатуға әкеліп тұрады; бұл кез кел-*



Ежелгі Зах арығы



Шаруашылыққа қажетті құрал-саймандар

ген орысты таңғалдырады», – деп жазды. Бұл – қазақ халқының егіншілікпен айналысқанының айқын дәлелі.

Қазақтар бидай, тары, арпа, күріш, жүгері екті. Шымкент және Перовск уездерінде мақта, Верный уезінде аздап темекі өсірді. Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс аймақтарда қауын, қарбыз, асқабақ, пияз, сәбіз екті. XIX ғасырдың соңынан бастап қазақтар мен орыс шаруалары қатар қоныстанған аудандарда жергілікті тұрғындар картоп, қияр және тағы басқа көгөніс түрлерін егумен айналысты.

Малға азықтық дақылдардан жоңышқа егу кеңінен таралды. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде қазақтар жеміс ағаштарын (алма, шие, өрік, алмұрт, жүзім) өсірді.

Отырықшы және жартылай отырықшы егіншілер астықты сақтау үшін жерді қазып *ұра* немесе *қамба* салған.

Егіншаруашылығы арнайы еңбек құрал-саймандар жасауды қажет етті. Соқа, орақ, айыр, күрек, кетпен, аша, тырма т.б. жер өңдеуге қажетті құралдар қолдан жасалды. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қазақ шаруашылығында жер жыртуға *темір соқа* мен *мала* (топырақты майдалайтын құрал) да кең қолданыла бастады. Егінді *атпа* және *шығыр* (*су көтеретін құрылғы*) арқылы қолдан суарды.

Қазақтардың егіншаруашылығы, негізінен, тұтынуға қажетті астықты ғана өндіретін табиғи (натуралдық) сипатта болды. Кедейленген егіншілер (диқандар) байлардың егістіктерінде астықтың белгілі бір бөлігі үшін жалданып жұмыс істеді. Еңбек құралдары өте қарапайым еді. Мемлекет тарапынан қазақтар



Атпа



Соқа (жерағаш)



Жертырма

астық тұқымдары немесе еңбек құралдарымен қамтамасыз етілген жоқ.

4. XX ғасырдың басындағы қазақтардың жаппай егіншілікке өту себептері. XIX ғасырдың соңында қазақтарды жаппай егіншілікпен айналысуға мәжбүр еткен себептер: *біріншіден*, орыс шаруаларының қоныс аударуы салдарынан мал жайылымдары қысқарып, қала тұрғындарының саны өсті. *Екіншіден*, қазақтар егіншілікке өтпеген жағдайда қоныстанған аймақтардан күштеп ығыстырылатын қауіпті де ескерді. Егіншілікке өту арқылы қазақтар өз жерінде тұрақтап қалуға әрекеттенді. Бұл туралы «Азиялық Ресей» (СПб, 1914, 1 т.) кітабын құрастырушылар былай деп жазған: *«Орыстардың қоныстануы бұл жерге (Далалық өлкеде) қазақтардың отырықшылыққа көшуімен бірге жүріп жатыр. Жайылымдардың қысқаруы оларды малшаруашылығынан отырықшы егіншаруашылығына көшуге мәжбүрледі».*


Үшіншіден, патша өкіметінің отарлау саясаты қазақтарды отырықшылыққа көшіруді көздеді. Бұл жерде патшалық Ресейдің басты мақсаты – өлкенің негізгі тұрғындарын жерінен айырып, қоныс аударушыларға босатып беру және қазақ қоғамында патша билігі үстемдігін бекіту еді. Кейде қазақтар орыс шаруаларымен тәжірибе алмасып, олардан шаруашылықты жүргізу әдісін үйренген.

5. Аңшылық пен балық аулау. Қазақстанның жергілікті тұрғындары аңшылықпен ерте заманнан бері шұғылданды. Қазақ шаруашылығында аңшылық қосымша кәсіп сипатында болды. Аң аулауға қыран құстар салу, құмай тазылар жүгірту, қақпан



Аңшылар

және тұзақ құру сияқты тәсілдер қолданылды. XIX ғасырдан аң аулауға мылтық пайдаланыла бастады. Қасқыр, түлкі, қарсақ ату кең таралды. Қымбат бағалы аң терілерін жәрмеңкелер мен сауда орындарына шығарып, сататын болды.



Ірі көлдер мен өзендерде, сондай-ақ Арал және Каспий теңіздерінде балық аулау едәуір дамыды. Қазақтар балықты тағам ретінде тұтынды және сату үшін аулады. Балық Ертіс пен Жайықта көп ауланатын.



Бүркіт ұстаған саятшы. С.М. Дудиннің суреті

Қорыта айтқанда, қазақ халқы малшаруашылығымен қатар, егіншілік кәсібімен де айналысқан. Егіншілік кәсібі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірінде ертеден дамыған. Оған дәлел ретінде оқулықта келтірілген картада суармалы егіншілік және бау-бақша өсіретін аймақтар анық көрсетілген.

Тарихи дәстүр негізінде қалыптасқан малшаруашылығы мен егіншілік саласы бүгінгі күні ірі жетістіктерге жетті. Ауылшаруашылығы өніміне жаһандық сұраныс өсіп отырған қазіргі уақытта өндіріске жаңа технологияларды кеңінен енгізу керек.

- ?**
1. Көшпелі қоғамда таптық бөлініс (бай мен кедей) болды ма?
 2. XVIII–XIX ғасырларда көшпелі қазақ қоғамына орыс зерттеушілері қызығушылығының арту себебі неде?
 3. «Көшпелілер тек малшаруашылығымен айналысты, өздері өнім өндірмеді». Бұл пікірге қалай қарайсыңдар?
 4. Қазақ қоғамындағы ауқатты көшпелілердің рөлі қандай еді?
 5. Қазіргі уақытта республикамыздың қай өңірлерінде егіншілік басым дамыған?



Еуроцентристік тұжырымдама – адамзат өркениетінде еуропалық немесе батыс халықтарының үстемдігі мен дамуын басқа ұлттардан жоғары қоятын философиялық ұғымдар жиынтығы.

Эрозия – қандай да бір нәрсенің жоғарғы қабатының толық немесе ішінара бұзылу үрдісі.

Суару қондырғылары – каналдар, арық-атыз желісі және басқа да техникалық құрылыстары бар суландыруды қамтамасыз ететін жүйе.

Атпа – егінге су шығаратын қарапайым құрылғы.

Шығыр – егістікке су шығару үшін жасалған, су ағатын науасы бар қарапайым құрал.

Шығармашылық тапсырмалар.

1-тапсырма. Көшпелі өмір салты мен отырықшы өмірді салыстырып, талдаңдар.

Көшпелі өмір	Отырықшылық

2-тапсырма. Қазақ халқының дәстүрлі малшаруашылығынан отырықшылыққа көшуіне қандай факторлар әсер еткенін анықтаңдар.



«Қайсақ (қазақ) орағы біраз иілген пышаққа көбірек ұқсас, жақсы шыққан өнімнен күніне 20–30 бау жасайды. Астық бастыру өгіздің көмегімен жүргізіледі, олар күні бойы жерге жайылған астықты қуалай басады. Қырман алдында лай су жіберіліп ылғалдандырылған, артынан құрғатылып тапталған жерде жасалады. Шамасына қарай егінші қазақ қырманға (белгілі шамада) өгіздерді жібереді, бірақ мен алтыдан аз болғанын көрмеппін.

Тапталған астық самал желдің көмегімен әдеттегідей еленеді. Егер жел соқпаса, қазақтар бұрыннан қалыптасқан әдіс-

ке жүгінеді: біреуі астықты жоғарыға шашады, 2-3 не одан көп адам қаппен желпіп жел тұрғызады, осылайша астық ұшырылып кептіріледі. Бірақ бұл басқа амал жоқ кезде, тағамға пайдаланатын ештеңе қалмағанда болатын сирек жағдай, әдетте, қазақ бұл арада уілдеп тұратын желдің соғуын сабырмен күтеді.

Өзіне қысқы азыққа қажет тары немесе өзге астық түрін есептеп алған егінші қазақ оны ауылға әкеледі, әйелі оның барлығын қабығынан тазартады. Бұл үшін тарыны (сөл уақыт) шойын қазанда қуырып, келіге түйеді, содан кейін тазаланған және қуырылған дөнді (арнайы жасалған мықты жүн) қаптарға салады. Тарының қалған бөлігін ұра қазып, соған көмеді, ол арада тары қыс бойы немесе керек болғанша сақталады».

Егіншілік туралы /Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2010, 3-том, 162-бет.



Көшпелілер астықты бастыруда қандай әдістерге жүгінді?

§3–4. Қолөнер мен кәсіптер

Оқу мақсаты:

- ✓ этнографиялық материалдардан қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Автохтонды	Автохтонный	Autochthonous
Қалау (тұрмыстық дәстүр)	Калау (бытовая традиция)	Kalau (household tradition)

Тақырыпқа шығу:

Суретке назар аударып, қазақ халқы қолөнер туындыларының ерекшелігі неде екенін айтыңдар.



1. Қазақ қолөнері мен кәсібінің бастаулары. Қазақтар көне дәуірден Қазақстан жерін мекендеген ежелгі тайпалар (сақтар, ғұндар, ортағасырлық түркілер, қыпшақтар т.б.) рухани-материалдық мәдениетінің тікелей мұрагері. Антрополог, академик О. Смағұлов дәлелдегендей, Қазақстан жеріндегі тұрғындардың негізгі бөлігі төрт мың жыл бойы *автохтонды* түрде өлкені тұрақты мекендеп келді. Олардың ежелгі мәдениеті қазақ халқының материалдық және рухани мұрасымен тікелей байланысты және сабақтас келеді. Мысалы, сақтардың киізден жасалған бұйымдары қазіргі кездегі үлгілермен үндеседі. Киіз және теріден тігілген шалбар мен етік үлгілері ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы дала тұрғындарында кездеседі. 1969 жылы белгілі археолог К. Ақышев ашқан Есік қорғанындағы қару-жарақтар мен күміс тостаған, ағаш ыдыстар және қыш құмыраларды кейінгі кезеңдегі тұрғындардың күнделікті өмірінен байқай аламыз. Сонау сақ заманынан бері қазақ халқы киіз үй жасауды білді.

Ежелгі заманда мыс, қола, темір балқыту ісі кеңінен дамыды. Академик Ө. Марғұлан тапқан Жезқазған маңындағы кен орындары бұл аумақтың көне металлургия орталықтарының бірі болғанын айғақтайды. Қазақтардың темір ұсталары мен қолөнершілері металл өңдеудің тәсілдерін ежелгі заманнан берік сақтап, дамытып келеді.

2. Жаңа замандағы үй кәсібі мен қолөнердің жағдайы. ХVІІІ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында қазақтардың үй кәсіпшілігі мен қолөнерінде қалыптасқан дәстүр сақталып, үнемі жетілдірілумен болды. Қазақ қоғамында, негізінен, малша-

руашылығы шикізаттарын өңдеп, тұрмысқа қажетті бұйымдар, киім, сәндік әшекейлер жасады. Малшаруашылығы көшпелілер өмірін толық қамтамасыз етіп тұрды.

Ойлан

Қазіргі уақытта қазақ халқы көшпелілердің рухани және материалдық мәдениетін жалғастырып отырма?

Көшпелілер тұрмысындағы малдың маңызын Ш. Уәлиханов дәл сипаттайды: *«Көшпеліні ішіп-жегізетін де, киіндіретін де мал, ол үшін малының аман болғаны қымбат. Қазақтардың амандасуы «мал-жан аман ба?» деген басталады».*

Мал өсіру күнкөрістің негізгі көзі болғандықтан, малшаруашылығы барынша қалдықсыз өндіріске айналып, экологиялық және эстетикалық мәдениеттің жарқын үлгісі саналды. Мал өнімі ысырап етілмей, барынша қажетке жаратылып, «обал», «күнә» деген ұғымға теңелді. Малдың етін азық етсе, терісінен киім, аяқкиім, әшекейлер, ыдыс-аяқ жасады. Сүйек пен мүйізден халық шеберлері түрлі қобдишалар, музыкалық аспаптар мен үй жиһаздарын көмкерді.

Мал жүнінен және киізден киімнің сан алуан түрін, аяқкиімдер мен тұрмыстық заттарды әзірледі. Үй және жабайы жануарлардың мүйізінен тарақтар жасап, жылқы жалынан мықты берік арқандар ескен. Қойдың тезегін отынға, жылқы тезегін үйдің сыртын сылауға пайдаланды. Төрт түлік сүйектерінен жоғары сапалы қара сабын қайнатылды. Жақсы



Сырмақ және аяққап

сұрыпты жүннен кілем мен киіз (сырмақ, текемет, аяққап, түскиіз, алаша т.б.) дайындалды.

Жаңа заман зерттеушілері қазақ қолөнер кәсібінің «әйелдер қолөнері» мен «ерлер қолөнері» деп бөлінгені туралы жазады. Ерлер темір бұйымдар, киіз үйдің ағаш сүйектерін, ыдыстар жасады. Әйелдер жүн өңдеп, киіз басты, киім тігіп, тоқыма, кесте, өрнек салу, тері илеу мен тон пішумен шұғылданды.

3. Ерлер кәсібі мен қолөнері. Ерлер кәсібі ұсталық, зергерлік, ағаш, сүйек, тас өңдеу шеберлігін қамтыды. Қазақ ауылдарында ерте замандағы шеберлердің дәстүрлерін жалғастырған зергер-ұсталар алтын және күмістен түрлі бұйымдар жасаумен айналысты.

Зергерлер сырға, білезік, түйреуіштер, шашбау, шолпы т.б. әшекей бұйымдарын жасады. Ұста өзінің немесе тапсырыс берушінің үйінде жеке-дара жұмыс істеген.

XIX ғасырдың соңында ел арасында темір ұсталары үлкен абыройға ие болды. Олар темірден таға, үзеңгі, пышақ, самаурын кернейі, қайшы, орақ, кетпен сияқты құрал-саймандар соқты. Зерттеуші И.Я. Словцов: «Темір ұсталары балта, үзеңгі, ер-тұрман, пышақ жасады... Бұл заттардың сапасы біздегі Ресей бұйымдарынан кем түспейді», – деп қазақ ұсталарының жасаған бұйымдарына жоғары баға берген.

Сүйек ұқсататын шеберлерді халық ерекше құрметтеді. Олар тұрмыстық бұйымдарды әсемдеуге мал сүйектерін (жауырын,



Тері торсық пен тостақ



Сандық

Ойлан

Неліктен көшпелілер қолөнер бұйымдарын жаппай сатылымға шығармады?




Ер-тұрман



Қазақтың баскиімдері



Ер адамның тоны



Шапан



Әйел тоны



Күдері тон



Ер адамның шалбары, белбеуі, етігі

қабырға) пайдаланған. Үй жануары мен жабайы аңдар мүйізінен қанжар, қамшы, пышақтың сабы жасалды. Насыбай сақтайтын шақшаға қой мүйізі, ожаудың сабы, тарақ сияқты заттарға ірі қараның сүйегі қолданылған. Төсағаш, асадал, адалбақан, сандық, кебеже сияқты үй жиһаздары түрлі ою-өрнекпен безендірілді.

Тері және былғарыдан жасалған бұйымдар қазақ өмірінде ежелден маңызды орын алды. Теріден киім, аяқкиім, ыдыстар, ат әбзелдері т.б. заттар дайындалды. Бұл кәсіппен, негізінен, ерлер айналысты. Әйелдер мал терісімен қатар, аң терілерінен де түрлі киімдер мен баскиімдерді оюлап, кесте тікті. Жабайы аң терісінен *тон (ішік)* пішілді. Үй малы терісінен жасалған *саба, торсық, мес* сияқты ыдыстар күнделікті өмірде кеңінен қолданылды.

Тас қашаушылардың шеберлігі қабір үстінде құлпытастар тұрғызуда көрініс тапты. Бұл өнердің кең таралған аймағы – Батыс Қазақстан өңірі. Аталған аймақта оңай өңделетін тау жыныстарының молынан кездесуі тас өңдеу кәсібінің дамуына әсер етті.

Ағаш өңдеуді кәсіп еткен ұсталар аса жоғары бағаланды. Ағаш ұсталары ер-тоқым, жерағаш, келі-келсап тағы басқа да малшаруашылығы, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаш бұйымдар түрлерін жасай білді. Олар ағаштан дөңгелек, арба, шана, шығыр, ыдыстардың түрлерін (күбі, астау, шара, тегене, тостаған, ожау т.б.) және үй жиһаздарын жасауға маманданды. Ағаштан жасалған бұйымдарға ұсталар сүйек пен күмістен өрнектеп ою салды. Қайың, қараағаш, үйеңкі ағашынан *айыр, тырма, күрек* сияқты құрал-саймандар дайындалды.

Қазақтың ыдыс-аяғы көші-қон салтына ыңғайлы, жеңіл, сынбайтын етіп тері және ағаштан әзірленетінін білеміз. Теріден бие саууға арналған ыдыс *көнек* жасалды. Ағаштан шабылған *тегене, шара, ожау, астау* сияқты ыдыс түрлері кең тарады.

Ойлан

«Ұсталық дәстүрді көп жағдайда бір әулет өкілдері жалғастырып, атадан балаға мұра ретінде қалдырып отырды» деген пікірге өз көзқарасыңды білдір.

4. Әйелдер қолөнері. Жаңа заманда әйелдер кәсібі мен қолөнері кеңінен дамыды. Қазақтар қыздарына жастайынан киім, аяқкиім тігуді, кілем және алаша, кесте тоқуды үйретті. Әрбір қазақ әйелі үй кәсіптерінің барлық түрін толық меңгерген. Бұл туралы Құсмұрын округінің аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов: *«Жейде, шапан, тон аң терісінен тігіледі. Малақай, шалбар, бешпент, қамзол, тақия – осының барлығын әйелдер өздері дайындайды, сатып алмайды»*, – деп жазған.

Киім, аяқкиім, үй тұрмыстық заттары әрбір отбасында қажетіне қарай әзірленді. Әйелдер *сырмақ, тұскиіз, текемет, кілем* түрлерін киізден жасады.

Қазақ кілемдері тоқылу ерекшелігіне қарай *түкті* және *тақыр* деп аталды. Кілем тоқуға түйе немесе қой жүні қолданылды.

Кілемді жерге төседі немесе қабырғаға ілді. Сыйлы қонақ күткенде жаңа әдемі кілемдер төселді. Қазақ халқы кілемді сыйға беріп, бөйге жеңімпаздарына тарту етеді. Кілемді кейде *қалау* дәстүрі бойынша да беретін болған. Бұл халық өмірінде кілемнің маңызы мен бағалылығын көрсетеді.

Есіңе түсір!

Қазақ халқындағы өзара көмек көрсету тағы қандай жағдайда көрініс тапты?

Кілем тоқу оңай шаруа болмағандықтан, оны бірнеше әйел, қыз-келіншектер бірігіп тоқыған. Ежелгі дәстүр бойынша *кілемасар* салтын өткізген.

5. Қазақтардың ою-өрнегі. Қой малының халқымыздың өміріндегі алатын орны ерекше болған. Қойды қастерлеудің ғасырлардан жалғасып келе жатқан өзіндік айрықша мәні бар. Қой – далалықтардың негізгі байлық өлшемі есептелінді. Киізден жасалған бұйымдарда *қошқармүйіз* өрнегі байлық пен молшылықты, дәулет пен еркіндікті білдіретін. Ою-өрнек – қазақ халқының қолөнер саласында кең қолданылып келе жатқан көне өнердің бір түрі. Ою-өрнек арқылы шеберлер халықтың арман-мүддесін, өз ойларын, көңіл күйін жеткізіп отырған. Қазақ ою-өрнегінің мыңжылдықтармен саналатын терең тарихы бар. Ежелгі Пазырық және тағы басқа Алтай қорғандарынан табылған бұйымдардағы ою-өрнектер қазіргі

қазақ оюларымен ұқсас келеді. Осы тектес ою-өрнектермен Есік обасындағы «Алтын адам» киімі де безендірілген. Академик Ө. Марғұлан: «*Бұл өнер туындысы (қазақтың ою-өрнегі – авт.) сақ, ұйсін, ғұн, түркі, қаңлы, қыпшақ секілді көне көшпелі тайпалар өнерінің негізінде қалыптасты*», – дейді.

Қазақ халқы тұрмысында қолданатын барлық заттарын: киім, баскиім, зергерлік әшекейлер, аяқкиім, ыдыс, күбі, қоржын, музыкалық аспаптар, ер-тұрман, ат әбзелдері, киіз үйдің ішін, үй жиһаздары, есік, қару-жарақ, шақша, бесік, сандық, қамшы, түкті және тақыр кілемдерді түрлі ою-өрнектермен әшекейлеп, безендіріп отырған. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұлттық ою-өрнек түрлері халықтың дүниетанымдық түсінігі мен тұрмыс-тіршілігін, санасы мен ұлттық болмысын айқындайды. Ою-өрнектер, негізінен, сипаты жағынан *зооморфтық (аңдық стиль), космогониялық (қиял-ғажайып), өсімдік, геометриялық*



түрлерге жіктеледі. Кейде оларды бір-бірімен сабақтастырып, жарасымды етіп салған.

Ең жиі кездесетіні – зооморфтық ою-өрнектер. Қазақстанның кейбір аймақтарында әсіресе Батыс Қазақстанда, қабір үстіндегі құлпытастар бетіне де зооморфтық ою-өрнектер қашалған. Оның бірнеше түрлері – *мүйіз, қосмүйіз, сынықмүйіз, сыңармүйіз* кең таралған. Үй малына байланысты *табан, түйемойын, қазмойын, өркеш* т.б. өрнектер ұшырасады.

Өсімдік тектес: *ағаш, жапырақ, ұшжапырақ, шиыршық, гүл, жауқазын* бейнелері бар ою-өрнектер бірлік пен келісім ұғымдарын білдіреді.

Космогониялық: *күн, ай, жұлдыз* тәрізді аспан әлемін білдіретін ою үлгілері.



Киіз үйдің ішкі көрінісі

Геометриялық ою-өрнек: *сүйірбұрыш, төртбұрыш, үшбұрыш, айқышты, сопақша* түрлері де кеңінен таралған.

Ою-өрнек салуда, әдетте, қанық бояу түстері пайдаланылады. Қазақ халқының дарқан мінезі мен парасаттылығы қанық және ашық түстерді таңдауға әсер етті. Көк түс – аспанның, қызыл түс – оттың, күннің, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, бақыттың, сары түс – ақыл, парасаттың, қара түс – жердің, жасыл – жастық, көктемнің түсінігін танытқан.



1. Қазіргі уақытта қазақ халқының қолөнерін ұлттық тәрбиенің негізі ретінде жаңғырту мүмкін бе?
2. Қазақ халқы қолөнер бұйымдарының қандай ұлттық ерекшеліктерін білесіңдер?
3. «Ұлттық қолөнер бұйымдары кез келген халықтың шаруашылық ерекшелігіне байланысты қалыптасады» деген тұжырымға қалай қарайсыңдар?
4. Бүгінгі күнделікті өмірімізде ұлттық қолөнер туындылары қаншалықты пайдаланылады?




Автохтонды – белгілі бір аймақтың ежелгі жергілікті халқы.

Қалау – тұрмыстық салт, өзіне ұнаған затты, бұйымды үй иесінен сұрап алу.

Шығармашылық тапсырмалар.

1-тапсырма. Қазақ халқы дәстүрлі қолөнер бұйымдарының өткен және бүгінгі күнгі сипатына Венн диаграммасы бойынша салыстырмалы талдау жасаңдар.



2-тапсырма. Киіз басу және киізден түрлі бұйымдар (текемет, сырмақ, баскиім т.б.) жасау әдісін ретімен жазыңдар.

3-тапсырма. Өздерің тұратын өңірде қазақ халқының және басқа ұлттардың қолданбалы өнер бұйымдарын жасайтын шеберлер туралы зерттеу жүргізіңдер.



«Кілем – үй жиһазы. Өсемдік үшін, бөлме жылылығын сақтау, төсеніш мақсатында қолданылады. Халықтың көне заманнан бері келе жатқан дәстүрлі үй мүлкінің бірі болған кілем тұтынуға қолайлы, төзімді, шаң-тозаңнан тез тазартылатын, ылғал не құрғақшылықтан, күйе түсуден қорықпайтын аса бағалы мүлік. Кілем тоқылу ерекшелігіне (түкті, тақыр), материалына (жүн, жібек, мақта, кендір талшығы), көлеміне (қос күмбезді, бес күмбезді), ою-өрнектеріне қарай түрліше аталады. Түкті кілем бірнеше қабаттан тұрады, мұндай кілемнің негізгі арқауы жекелеген жіптерден және бір-біріне тығыз орналасқан түйіндерден құралады. Жіптердің ұшын біркелкі қырқу арқылы жасалатын қалың түк мұндай түйіндерді көрсетпей жауып тұрады. Түктің ұзындығы 3 мм-ден 18 мм-ге дейін болады. Ол кілемнің қалыңдығын, мықтылығын арттырумен бірге, барқыт тәрізді жұмсақ қылып көрсетеді. Тықыр кілем (палас, сумаха, шпалер, терме алаша т.б.) бір өріс жібінен бір қабатты екі жақты тығыз етіп тоқылады. Түгі қырқылмаған, кейде түгінің жартысы қырқылып, жартысы қырқылмаған аралас кілемдер де шығарылады. Сонымен қатар тоқыма емес (түгі тігілмелі, шыбықшалы, желімді кілемдер), түскиіз, ою-өрнек салынған тері кестелі өрме кілемдер де болады. Дайындалу тәсіліне қарай кілем қолдан және машинамен тоқылған болып екіге бөлінеді. Кілемнің алғашқы түрлері Алтай тауы маңындағы қола дәуіріне жататын Пазырық, Нойын-Улинск қорғанынан табылған. Қазіргі түркі халықтары кілемдері үлгілерінің өзара ұқсастығы да осы ортақ бастауға меңзейді. Қазақ кілемінің арғы төркіні байырғы сақ, үйсін, ғұн өнерінің мұраларына саяды. Кілемдерде шеберлер қызыл, қара, сары, күлгін, аспан көк түстерді қолдану арқылы

өз дәуірінің әдет-ғұрып, салт-жора, тіршілігі мен кәсібін табиғат көрінісімен астастыра бейнелеген.

Кілем тоқу – қолмен немесе машинамен кілем өндіру үдерісі. Кілем тоқу – қолмен және машинамен тоқу болып екіге бөлінеді. Қолдан тоқылған кілем тоқыма станоктарында өндіріледі. Мұндай кілем өте берік келеді, күтіп ұстағанда ондаған жылдар бойы, кейде жүз жылдан астам уақыт пайдалануға болады. Қолдан тоқылған түкті кілемді тоқуға жүн (қой, ешкі, түйе жүні), мақта мата, жібек, зығыр, кендір жіптері пайдаланылады. Қолмен тоқылатын кілемнің түгі әртүрлі бояулы жіптерді әрбір екі өріс жібіне шалу арқылы жасалады. Майда өрнек қажет болғанда бір ғана өріс жібіне түйіледі. Олар көбіне қос шалымды, кейде бір жарым шалымды тұзақша түрінде болады да, ұшы бетіне шығарылып, қырқылып тасталады. Бірыңғай қатар жатқан тұзақшалардан кейін арқау жібін жүргізіп, алдыңғыларына қарай тарақпен нығыздай қағып отырады. Түк үшін жүннен иірілген жіп (кейде жібек жіп), ал өріс және арқау үшін мақта жіп қолданылады. Кілем тоқу халықтың өте ертеден келе жатқан қолөнері».

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2003, 5-том, 149–150-беттер.



Өздерің тұратын аймақта кілем тоқудың дәстүрлі әдісі сақталған ба?

Екінші тарау

ДАЛА МЕН ҚАЛА: ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘСЕРІ

§5–6. Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі

Оқу мақсаты:

- ✓ картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу;
- ✓ Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін талдау.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Пайза	Пайцза	Paiza
Көпес	Купец	Merchant
Рабад	Рабад	Rabad

Тақырыпқа шығу:




Ортағасырлық қала



Ұлы Жібек жолы бойындағы керуен

Бұл екі суретті қалай байланыстыруға болады?



Жібек жолы.
Е. Төлелбаев

1. Ұлы Жібек жолы және Қазақстан.

Ұлы Жібек жолы – елдер мен халықтардың қатынасын нығайтқан, түрлі мәдениеттерді бір-бірімен жақындатқан, Қазақстан жеріндегі қала мәдениетіне ықпалын тигізген байланыс жолы болды. Шығыс пен Батыс елдерін байланыстыратын сауда жолының бағыты ретінде бекіту үшін «Жібек жолы» атауын 1877 жылы неміс ғалымы, географ Ф. Рихтгофен ұсынған болатын. Оның «Қытай» атты еңбегінде алғаш аталған бұл тарихи термин ғылыми әдебиеттерде қалыптасып кетті. Жолдың маңыздылығы мен мыңдаған шақырымды құрайтын қашықтығына байланысты «ұлы» сөзі қосылды.

Бұл түрлі бағыттағы керуен жолы еді. Б.з.б. II ғасырда Қытай жерінен басталып, Жерорта теңізіне қарай шыққан. Ұлы Жібек жолының негізгі торабы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін басып өткен. Жетісу өңірі – Ұлы Жібек жолының Шығысқа шығатын, ал Оңтүстік Қазақстан аймағы – Батысқа шығатын

Есіңе түсір

Адамзат тарихында Ұлы Жібек жолының маңызы қандай?



Тараздан табылған
сырлы қыш табақ



Талғардан табылған
сырлы қыш табақ



Отырардан табылған
сырлы қыш табақ
және құмыра

қақпаларының бірі болған. Бұл тақырыпта келтірілген картада (37-бет) айқын көрінеді. Шығыс пен Батысты ұштастырған бұл жолда Қазақстан мемлекеттерді өзара байланыстырушы буынға айналды. Бүкіл Еуразияға осы бағытпен білім мен технологиялар, мәдениет пен дін, тауар мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат тарады. Басты тауарлары жібек, араб арғымақтары, нефрит т.б. асыл тастар мен фарфор еді. Сауда дамыған сайын өнім өндіру тәсілдері артып, елдер арасында өтімді тауарлар: шарап, жоңышқа, кептірілген жеміс, кілем, тұрмыстық бұйымдар ағыла бастады. Мысалы, үйсін жері арқылы асыл тастар мен жібек, фарфор артылған қытайлықтардың ірі керуені өткен.

Жібек сауданың басты тауары саналды. Ғалымдардың пайымдауынша, жібек өндіру технологиясы осыдан 6000 жыл бұрын ашылған. Жібек маталарды адамдар ерте замандарда-ақ жоғары бағалаған. Жібек – жұқа, жеңіл, жұмсақ мата. Таза және табиғи болғандықтан, зарарсыздандыру қасиеті де бар. Жібек өндіруші елдер мен оны тұтынушылар жібектен тігілген киімге жәндіктердің жоламайтынын байқаған. Жібек киімдер әдемі және ыңғайлы, сәнді еді. Сондықтан жібек жасаудың құпиясы ғасырлар бойы қатаң сақталды. Қытайдан шығарылған маталар Ұлы Жібек жолы арқылы дүниежүзінің басқа аймақтарына таралып, қазынаға мол табыс әкелген. Қытайдан кейін жібек құрты Шығыс Түркістан, Орта Азия, Үндістан, Иран, Византия елдерінде өндіріле басталды.

Түркі ақсүйектері тек жібек матадан тігілген киімдер киді. Мысалы, Тон Жабғу

қағанның (VII ғ.) жасыл жібек шапан кигені белгілі. Араб географы әл-Идриси мәліметтері бойынша, дәулетті қимақтар түрлі түсті жібек киімдер киген. XVIII ғасырдағы ғалым, этнограф И. Георги далалықтардың жібек матадан тігілген киімдер кигені туралы жазады.

Алтынмен бірге жібек халықаралық валютаға айналды, айырбас өлшемі ретінде бекітілді. Жібек сыйға тартылды, жалдамалы әскерлерге және қызметкерлерге ақы ретінде төленді. Ортағасырлық түркілердің аттарын жібекке айырбастап отырғаны белгілі.

Жібек жолының бойымен Еуропадан Қазақстан жеріне әйнек және теңгелер, айна, шыны ыдыстар, түймелер мен қапсырмалар жеткізілді. Қазақстан жерінен тері мен жүн, жылқы, қой тасылған.

Ежелгі заманнан бері Ұлы Жібек жолында тауарды түйе және есектермен тасымалдады. Әсіресе түйені шөл даланың кемесі ретінде жоғары бағалады. Олар су көздерін өздігінен таба алады.

Бір өркешті түйеден гөрі қосөркешті түйе көбірек пайдаланылды.

Пікірің қажет

Қазіргі уақытта Ұлы Жібек жолын жаңғырту мүмкіндігі бар ма?

Соғыс уақытында жол тораптарында сауда бөседеп, бейбіт күндері қайта жанданып отырған. Ежелгі Қытай деректерінде

б.з.б. I ғасырда жібек артылған керуендердің Батыс елдеріне жеткені айтылады. VI ғасырда қуатты Түрік қағанаты құрылған кезде Қытайдан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жері арқылы өтетін Жібек жолы тармағы барынша өркендеді.

VI–XIII ғасырларда Ұлы Жібек жолының негізгі бағыты Сирия – Иран жері – Орта Азия – Оңтүстік Қазақстан – Талас, Шу алқабы – Ыстықкөл, Шығыс Түркістан арқылы өткен.

Келесі бір тармағы Византиядан Дербент арқылы Каспий маңы даласы – Маңғыстау – Арал бойы – Оңтүстік Қазақстан жерін байланыстырған. Тағы бір бағыты Орталық Қазақстан аумағынан Шығыс Қазақстан мен Батыс Сібірге жеткен.

Ұлы Жібек жолының негізгі бағыты Арал теңізін жағалай Сырдария, Шу өзендері арқылы Жетісудан Жоңғар қақпасына жеткен. Соныменен Батыс пен Шығыс елдерін байланыстыра-



Сауда керуені

тын жол Қазақстан жері арқылы өтіп, сауда қарым-қатынас аясы кеңейе түскен.

Түрік қағандары Жетісу аумағын басып өтетін сауда керуендерін қол астына қаратып, толық бақылауына алды. Түрік билеушілері мен ауқатты түркілер ағылып келіп жатқан тауарлардың ірі тұтынушысы еді. XIII ғасырда Ұлы Жібек жолын Моңғол империясы тиімді пайдаланып, өз бақылауына алады. Бұл кезеңде керуен жолы біршама гүлденіп, халықаралық сауда мен мәдени байланыстарға өз үлесін қосып тұрды. Моңғолдар сауданың дамуын қолдап, дінге қысым көрсетпеді. Моңғол билеушілерінің ордалары ірі сауда қалаларында орналасты. Ұлы Жібек жолының кедендері мен транзиттік бекеттерінде жолаушылар азық-түлік қорын толықтырып, болдырған аттарын алмастырды, қажет жағдайда жолсерік қызметі де көрсетілді. Жол бойында жаңа қалалар мен керуен-сарайлар бой көтерді. Керуеншілерге қызмет түрін ұсынып отырған керуен-сарайлардың жолаушылар үшін маңызы зор еді. Көпестер үшін керуен-сарайлар тауар өткізетін

Талқыла

Сауданың дамуы қоғамды қандай өзгерістерге жеткізді?

және тауар сатып алатын маңызды сауда орталығы саналды. Керуен-сарайлар ауыр және алыс жолдағы керуеншілердің рухани мұқтажын өтейтін мәдени орталықтарға айнала бастады.

Жібек жолын бақылауға алған империялар сауданың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен керуендерге және діни миссияларға арнайы өкілеттік құқық *пайзалар* табыс еткен. Олардың тоналуына жол бермеген. Жолды қорғау үшін қарулы күзет қойылып, байланысшылар хабарды дер кезінде жеткізіп отырған.

Әмір Темір мемлекетінің тарих сахнасына шығуымен XIV ғасырдың соңында Ұлы Жібек жолындағы сауда қатынастары біршама құлдырады. Әмір Темірдің әскери ұрыс қимылдары мен шапқыншылық жорықтары нәтижесінде қалалар қирады, жерлер тоналды, көрші елдердің экономикасы талқандалды, транзиттік сауда желісі үзілді.

Теңіз жолдарының ашылуы да Ұлы Жібек жолының құлдырауына әсер етті.

Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы кезінде Ұлы Жібек жолының Ұлы даламен өтетін тармағындағы сауда жандана түсті.

Ұлы Жібек жолының қазақстандық бағытындағы сауданың дамуы ақша жүйесінің қалыптасуына әкелді. Жол бойында әр елдердің теңгелерін айырбастау орындары болды. Отырар, Испиджаб, Тараз, Жент, Қойлық қалаларында теңге сарайлары жұмыс істеді. Теңгелер (пұл), мыс пен күміс ақшалар, дирхем, алтын динар соғылды.

Жошы ұлысында теңгелер Сарайшық, Сығанақ және т.б. қалаларда шығарылды. Қолөнершілер шаруашылыққа қажетті құрал-саймандар, сәндік бұйымдар жасаумен айналысты. Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батыс елдері арасындағы экономикалық, мәдени, дипломатиялық байланыстарды дамытуда маңызды рөл атқарды.

2. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар. Ұлы Жібек жолы тармақтарының Қазақстан жерін басып өтуі ірі және шағын қалалардың құрылуы мен дамуына игі әсер етті. 2000 жылдан



Қолөнершілер. Б. Ақанәев

астам тарихы бар *Тараз* – ең ірі қалалардың бірі. 568 жылы түрік қағаны Дизабул Византия императоры II Юстиниан жіберген дипломатиялық елшілікті қабылдаған. Тараз – түргештер, кейін қарлұқтар мен қарахандықтар үшін маңызды әкімшілік орталығы саналған. Бұл – Тараздың сауда және әскери стратегиялық маңызды қала екенінің айқын дәлелі. Деректер бойынша қаланы ежелгі кезде ғұндар әскери бекініс ретінде орнатқан. Қала тұрғындары мықты жауынгерлер, жол бойымен өтетін керуен күзетін атқарып тұрған. XI ғасырдағы парсы ғұламасы Тебризи қалалықтарға: *«Тараздықтар сияқты батыл, арабтар сияқты жомарт»*, – деген мінездеме берген. Тараз маңында қорғасын, күміс, темір және алтын өндіретін металлургиялық орындар дамыған.

Араб ғалымы ибн Хаукаль: *«Тараз – мұсылман түркілердің сауда жасайтын орны»* немесе *«Тараз – көпестер қаласы»* деп атады. Қала ішінде су құбырлары жүргізілген.

Ойлан

Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың стратегиялық маңызы неде?

37-беттегі картадан Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағынан өткен тармақтарын анықтаңдар.

Жетісудың аса ірі сауда және әкімшілік орталығы *Суяб* – Батыс Түрік, кейін Түргеш, Қарлұқ қағанаттарының астанасы болды. 629 жылы Суяб қаласында болған будда монахы Сюань Цзянь Түркі қағанымен кездесуін былай сипаттайды: «*Бұл жатжерліктердің жылқылары әдемі. Қаған жасыл жібек шапан киген, басы ашық, жібек мата ғана ораған. Оған сәнді шапан киген, шаштарын бұрым етіп өрген екі жүзден астам тархандар еріп жүрді. Түйелер мен жылқыларға мінгендердің санында есеп жоқ, көзбен шолу мүмкін емес*». VIII ғасырда қала халқының саны үнемі өсіп отырған. Ортағасырлық қалалардың бірі *Баласағұн* – Қарахандардың астанасы есептелді.

Ұлы Жібек жолының тармақтары Іле Алатауының етегіндегі шағын қалалар арқылы өтті. Солардың бірі транзиттік сауда орталығы *Талхиз (Талхир)* бен Алмалық қаласы. Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалалар қатарында *Испиджаб (Сайрам)* аталады. Орта ғасырларда Испиджаб сауда және дін орталығына айналды. Деректерде қала атауы алғаш рет VII ғасырда

Ұлы Жібек жолының тармақтары Іле Алатауының етегіндегі шағын қалалар арқылы өтті. Солардың бірі транзиттік сауда орталығы *Талхиз (Талхир)* бен Алмалық қаласы. Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалалар қатарында *Испиджаб (Сайрам)* аталады. Орта ғасырларда Испиджаб сауда және дін орталығына айналды. Деректерде қала атауы алғаш рет VII ғасырда



Ортағасырлық Испиджаб қаласы

кездеседі. Махмұт Қашғари «Сайрам – ақ қаланың аты, оны Испиджаб атайды» деп көрсетеді. Жергілікті көпестер ақ маталар, қару-жарақ, зергерлік бұйымдар мен ыдыстарды басқа жерлерге жеткізіп тұрды. Қалада теңге сарайы, базарлар, мата сататын орындар (тимдер) және керуен-сарайлар көп салынған. Қаладағы керуен-сарайлар жолаушы көпестер үшін маңызды рөл атқарды. Керуен-сарайлар құрылыстарын бай көпестер тұрғызды. Олар, әдетте, биік дуалдармен қоршалды. Керуен-сарайларда сауда жүргізіліп, қажетті ақпарат алмасатын орталық жұмыс істеген.

Керуен-сарайлардың біраз бөлігін ірі қалалардан келген көпестер иеленді. Испиджаб қаласының төңірегінде ондаған шағын қалашықтар мен тұрақтар орналасқан. Қала халқының саны адамдардың қалаға ағылуы есебінен өсті.

Ұлы Жібек жолы бойындағы атақты қалалардың бірі – *Отырар (Фараб)*. Орта ғасырларда Отырар Сыр өңірінің ірі сауда және мәдениет орталығына айналды. Қалада монша, мешіттер мен медреселер көп тұрғызылған. Отырарда Шығыстың екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келді. Отырықшы қала тұрғындары мен көшпелі халық арасында мықты байланыс орнатылды. Жау шапқыншылықтары кезінде олар бірігіп отырды. Көшпелі халық қаланың берік қамалында жасырынды.

Ұлы Жібек жолы тармағында көне *Түркістан (Йасы)* қаласы орналасқан. XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басында қала Оңтүстік Қазақстан өңірінде маңызды әкімшілік, сауда, саяси және мәдени орталық ретінде санала бастайды. Ол әйгілі ғұлама Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тұрғызылуымен байланысты еді. Қазақ хандары Түркістан қаласын саяси астана ретінде бекітті. Ортағасырлық тарихшы ибн Рузбехан мәліметтері бойынша, қала Орта Азия мен Қытай аралығында атақты сауда бекетіне айналған: *«Йасы қаласына тауарлар мен қымбат бағалы заттар жеткізіледі де, сол жерде сату басталады. Қала көпестердің теңделген жүктерін шешіп, саяхатшылар тобын әр елге аттандыратын орын есептелінді»*. Кейінгі ғасырларда Түркістан ірі егіншілік аймағының орталығы болып қала берді.

Түркістаннан солтүстік-шығысқа қарай ортағасырлық ірі сауда қалаларының бірі *Сауран* орналасты. Қала туралы алғашқы мәліметтер X ғасырға жатады. Сол кезде өмір сүрген араб географы әл-Макдиси қаланы былай деп сипаттайды: *«Сауран – бірінен кейін бірі жеті қабырғамен қоршалған үлкен қала, оның рабады бар, үлкен мешіт ішкі қалада орналасқан»*. XVI ғасырда ибн Рузбехан Сауран шаһары туралы: *«Бұл қала керемет көркем, ауасы өте таза, адам жанын көркейтпін, сергітеді. Маңайы құлпырған бау-бақшалар мен әртүрлі ағаштарға толы, қаланы айналдыра биік дуалдар қоршап тұр, ал оның етегіне терең ор қазылғандықтан жау ала алмайды»*, – деп жазады.

Қала сумен кәріздер жүйесі арқылы қамтамасыз етілді. Сауранның жаугершілік жағдайға лайықтап тұрғызылған қалың қорғаныс дуалдары оны мықты бекініс ретінде танымал етті.

3. Керуендердің қауіпсіздігін қорғау. Ұлы Жібек жолы бойындағы керуендерге қарақшылар үнемі қауіп төндіріп тұрды. Сондықтан саудагерлер жолға аса дайындықпен шығатын. Көпестер жеке қауіпсіздігі мен тауар сақталуын қамтамасыз ету үшін арнайы күзетшілерді жалдап отырды. Ұлы даланың қыр-сырын білетін көшпелілердің ең мықты күзетшілер болғаны анық. Әр қаладан бір бағытқа шыққан керуендер бірігіп те отырған. Ежелгі кезден бастап орта ғасырларда да керуендерді тонау ең ауыр қылмыстар қатарына жатты. Себебі сауда керуендері мемлекет тарапынан жасақталып жіберілді. Ал олардың тоналуы елдер арасындағы қақтығыстарға әкелуі мүмкін еді. Жолды қорғау мақсатында ел билеушілері қарауылдарын қойып, қауіпсіздікті қамтамасыз етіп тұрды. Керуендер мемлекеттік қазынаға мол табыс әкелген.

Араб саяхатшысы ибн Фадлан оғыздарға жатжерліктердің келу тәртібі туралы: *«Оның достарының ішінен белгілі бір адамды сенімді серік етіп тағайындамайынша, ол елді аралап шыға алмайды. Оған қажетті киім-кешек, ал әйеліне көрпе, бұрыш, тары, мейіз, жаңғақ т.б. азық-түлік әкеліп береді. Сенімді серігі қонағы үшін арнайы киіз үй тігеді және оған қажетінше мал жеткізіп береді»*, – деп жазды. Бұл дерек түркілер жерінен өтетін



Жолдағы сауда керуені

Ұлы Жібек жолы тармағының сенімді де қауіпсіз болғандығын көрсетеді.

4. Ұлы Жібек жолының әлеуметтік-мәдени маңызы. Ұлы Жібек жолы тармақтарының Қазақстан қалалары арқылы өтуі мәдениет пен өнердің дамуына септігін тигізді. Саудамен қатар, Қытай, Алдыңғы Азия, Еділ Бұлғариясы т.б. елдермен дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатқан жол болды. Жібек жолы жаңа технологиялар мен жаңалықтар, мәдени, ғылыми жетістіктер алмасу жолы да еді. Қазақстан осы жол арқылы қағаз және оқ-дәрімен танысты. Бүкіл әлем соғыс арбаларын жасауды игерді, басқа да әскери өнер жаңалықтары тарады. Сақтардың «аң стиліндегі» алтын бұйымдарының таңғажайып үлгілері осы жол арқылы бүкіл әлемге паш етілді. Жібек жолымен Қазақстанға басқа елдердің сәулет құрылыстары, бейнелеу өнері, би, музыка сияқты мәдени ауысулары ағылып жатты. Жергілікті халық киім-кешек пен қару-жарақ, сауыт-сайман, дәмдеуіштер мен кептірілген жемістер сатып алды. Батыс пен Шығысты түйістіріп тұрған сауда жолымен христиан, буддизм, ислам, манихейлік діни ағымдар тарады. Қазақ-

Ойлан

Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың құлдырауына қандай себептер әсер етті?

стан аумағын мекендеген халықтар ғасырлар бойы әртүрлі діндер мен конфессияларға төзімді және келісімді өмір сүріп келгені – ежелден келе жатқан дәстүр.

Ұлы Жібек жолының ортаазиялық бағытында халықаралық сұхбат үрдісі орнықты. Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азия түйісетін Ұлы Жібек жолында біріне бірі ұқсамайтын мәдениеттердің өзара құндылықтар алмасулары үшін қолайлы жағдай қалыптасты.

1987 жылы ЮНЕСКО шешімі бойынша Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту жобасы қабылданды.

1996 жылы Ташкентте түркі мемлекеттері президенттерінің бірлескен декларациясында Ұлы Жібек жолы басты нысан етіп алынды. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасында Ұлы Жібек жолы бойында туризм инфрақұрылымын дамыту туралы түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын, ЮНЕСКО мен ДСҰ жобасын іске асыру» туралы Жарлыққа қол қойды.

Пікір білдір

Ұлы Жібек жолының жаңғыруы осы жол бойында орналасқан мемлекеттерге қандай мүмкіндіктер береді?

1998 жылы «Жібек жолы тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Қазіргі таңда Қытай мен Орталық Азия

елдері бойынша «Бір белдеу, бір жол» стратегиялық бағдарламасы, «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасы жүзеге асырылуда. Сонымен қатар біздің жерімізден «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізі өтеді. Бұл жоба тасымалданатын жүктердің транзитінен Қазақстанға қаржылай мол табыс әкеледі.



1. Ұлы Жібек жолы бойындағы сауданың түркі кезеңінде жандану себебін түсіндіріңдер.
2. Мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастарды нығайтуда Ұлы Жібек жолы қандай рөл атқарды?
3. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қай қалалар бүгінгі күнге дейін сақталған?

4. Ұлы Жібек жолының Қазақстан тарихына қосқан үлесіне баға беріңдер.



Көпес – кәсіпкерлікпен, негізінен, сауда-саттықпен айналысатын әлеуметтік топ өкілі. Тауарды екінші бір мемлекетке апарып сатып немесе сол жердегі халықтың қолөнер бұйымдарына айыр-бастап отыратын меншігінде сауда жасайтын кәсіпорны бар бай саудагер.

Рабад – ортағасырлық қалалардың қарапайым халық тұратын шеткі бөлігі. Қаланың шетіндегі мекенжай.

Пайза – моңғол қағандарының куәлікке беретін ерекше белгісі.

Шығармашылық тапсырмалар.

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына «*көпестер, саудагерлер, елшілер, миссионерлер, саяхатшылар*» деген көмекші сөздердің бірін қойып, сөйлемді жалғастырыңдар.

Ұлы Жібек жолы бойымен өткен ... мақсаты:

2-тапсырма. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың пайда болуы мен дамуына PEST талдау жасаңдар.

P – political (саяси)

E – economical (экономикалық)

S – social (әлеуметтік)

T – technical (техникалық)



Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік «дәліздердің» пайда болуына септігін тигізді. Біздің дәуірімізден бастап бұл құрлық жолдары Үлкен Еуразияның Шығысы мен Батысы, Солтүстігі мен Оңтүстігі арасындағы сауда және мәдениет саласындағы байланыстардың трансконтиненталды желісіне – Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды.

Бұл жол халықтар арасындағы жаһандық өзара тауар айналымы мен зияткерлік ынтымақтастықтың қалыптасып, дамуы үшін орнықты платформа болды.

Керуен жолдарын мінсіз ұйымдастырып, қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Ұлы дала халқы ежелгі және орта ғасырлардағы

аса маңызды сауда қатынасының басты дәнекері саналды. Дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін байланыстырды.

Алғаш пайда болған сәттен бастап, Ұлы Жібек жолы картасы, негізінен, Түрік империяларының аумағын қамтыды. Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді..

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан үзінді. «Егемен Қазақстан», 21 қараша, 2018 жыл.



Елбасы өз мақаласында Ұлы Жібек жолына арнайы тоқталуының қаншалықты маңызы бар деп ойлайсыңдар?

§7–8. Экономикалық және мәдени қарым-қатынастың дамуы мен өзара әсері

Оқу мақсаты:

- ✓ сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттау;
- ✓ дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Жатақтар (әлеуметтік топ)	Жатаки (социальная группа)	Zhataks (social group)
Дың ескерткіштері	Памятники Дын	Monuments of Dyn

Тақырыпқа шығу:

«Мемлекет көшпелілер мен отырықшы-егіншілердің өзара қақтығысынан қорғану мақсатында пайда болды».

Иммануил Кант

Неміс философының тұжырымымен келісесіңдер ме? Пікірлеріңді дәлелдеңдер.

1. Көшпелі және отырықшы елдердің экономикалық-мәдени байланыстары. Қазақстанның ежелгі тайпаларында энеолит, қола және ерте темір дәуірінде көшпелі өркениеттің пайда болып, қалыптасу кезеңінде малшаруашылығы, егіншілік пен қолөнер сияқты шаруашылық бөлініс біртіндеп орныға бастаған еді. Ежелгі тайпалар көшпелі және жартылай көшпелі әмбебап шаруашылық кешенін құрады. Егіншілік өнімі жеткіліксіз болғандықтан, оларға сұраныс артып, далалықтар астықты көрші отырықшылардан және қала тұрғындарынан малға айырбастап алды. Көшпелілер мен отырықшылардың мәдени және дүние-



VI–VIII ғасырлардағы Орта Азия халықтарының киімдері



Оғыздардың
еңбек құралдары:
күрек, шалғы



Қола құман

танымдық құндылықтармен алмасуы қатар жүрді. Шаруашылық-экономикалық байланыстар арқылы бір-бірінің мәдениетін байытты. Бұл үрдіс көшпелілер мен отырықшы халықтардың киімдері мен күнделікті өмірінде айқын көрінді.

Отырықшы-егіншілік мәдениет дамыған аймақтарда аз көлемде болса да, мал-шаруашылығы орын алды. Қазақстан жерінде ежелден мәдени-шаруашылық дәстүрдің екі түрі қалыптасқанын білеміз. Біріншісі – көшпелі малшаруашылығы Қазақстанның негізгі бөлігін қамтыды. Екіншісі – отырықшы-егіншілік оңтүстік аймақтарда тараған. Суармалы егіншілік, қала мәдениеті, қолөнер осы өңірдің негізгі шаруашылық түрін құрады.

2. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағындағы мемлекеттердің шаруашылық-мәдени дәстүрінің жағдайы. Ерте темір дәуірінде Жетісу жерін үйсіндер, Арыс, Талас, Сырдария бойында қаңлылар мекендеген. Оларда көшпелілікпен қатар, отырықшылық тұрмыс та өркендеген. Қала мәдениеті, малшаруашылығы, егіншілік пен қолөнер кәсібі дамыған.

Дала мен қала сауда, шаруашылық және әскери-саяси тұрғыда бір-бірімен қарым-қатынас жасап отырды. Қазақстан қалалары, қаңлы мен үйсін заманынан бастап түркі мемлекеттері – түргеш,

Ойлан

Неліктен Оңтүстік Қазақстан аумағында жер шаруашылығы қарқынды дамыды?

қарлұқ, оғыз, қыпшақтар билеушілеріне бағынып келді. Қалалардың ішкі өзін-өзі басқару жүйесі туралы Сюань Цзянь былай деп жазады: *«Олардың әрқайсысының өз бастығы бар. Олар бір-біріне тәуелді болмаса да, бәрі қағанға бағынады»*. Ірі

қалаларда түркі билеушілері және ақсүйектер (бек, тархандар) отбасымен тұрды.

Түркілер Еуразия халықтарының этникалық құрамына да ықпалын тигізді. Болгар (бұлғар), венгр т.б. халықтар ұлт ретінде түркілердің араласуымен қалыптасты. Ат өззелдері – темір үзеңгі, ер-тоқым және басқа түркілердің бұйымдары мен жетістіктері бүкіл Еуразияға тарады.

Орта ғасырларда түркілер көрші елдермен елшілік, дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Алтын Орда кезінде жергілікті тұрғындар түркі тілінде сөйлеген. Түркілердің «алтын», «теңге», «жәмшік», «қазына» т.б. сөздері әлем халықтарының сөздік қорына қосылды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар халықаралық сауда және көшпелілер мен отырықшы тұрғындар арасындағы саудасаттық орталықтарына айналды. Сондықтан осы қалалар үшін ерте орта ғасырларда түркі билеушілері (түргеш, қарлұқ, оғыз) мен араб және қытайлықтар өзара күресіп отырды. 1219–1220 жылдары Сыр бойындағы қалалар моңғол билігіне өтіп, Шыңғысхан империясының құрамына енеді. XIV–XV ғасырларда қалалар Ақ Орда мен Әмір Темір мемлекеттері арасында талас-тартыстардың нысанына айналды. XV ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақ хандығы Сыр бойындағы қалалар үшін Шайбан ұрпақтарымен, Қашғардың моңғол билеушілерімен, Аштарханилермен, Ташкент әміршілері және Маңғыт әулетімен қиян-кескі күрес жүргізді.

3. Отырықшы халықтар мен көшпелі малшылар арасындағы шаруашылық және сауда байланысы. Қазақстан жеріндегі көшпелі мемлекеттерде дала мен қала өзара қарым-қатынасқа түсіп отырған. Көшпелілер отырықшы тұрғындар өнімінің тұтынушысы болса, ал егіншілер өз кезегінде көшпелілерден мал өнімдерін алып отырған. Араб тарихшысы әл-Омари былай деп жазады: *«Оларда (қыпшақтарда) егістіктің көлемі өте шағын және бидай мен арпа аз егіледі. Негізінен тары өсіріледі, сонымен тамақтанады...»*. Оңтүстік Қазақстан, Жетісу мен Сыр бойы

Есіңе түсір

Қазақтар Сыр бойындағы қалалар үшін қай кезеңде кімдермен күрес жүргізді?

Ойлан


Ортағасырлық деректердің көбісі неге араб-парсы тілдерінде жазылды деп ойлайсың?

қалалары көшпелілер даласын Орта Азия, Иран, Қытай және т.б. елдерімен байланыстырып тұрды. Көшпелілер отырықшы қала тұрғындарына мал, ет, жүн, киіз, май, тері, арқан, былғары және ағаш ыдыстар, темір

бұйымдарын, күміс пен алтын әшекейлер, қару, ат әбзелдері, бағалы аң терілері, мүйіз, қыран құстар, аңшы иттерді ұсынып отырған. Бұларды отырықшы халық Жібек жолы тармақтары арқылы көрші елдерге де тасымалдаған. Мысалы, қыпшақ жылқылары шығыс елдерінде жүздеген динарға дейінгі бағамен сатып алынды. Әл-Макдиси былай дейді: *«Шаш қаласынан басқа елдерге сапалы тері бұйымдары, ер, жебе салатын қорамсақ пен шатырлар әкелді»*. Шығыс және еуропалық авторлардың пікірінше, түркі көшпелілерінде жайылымдардағы жемшөптің мол болуына байланысты малдың саны өте көп және онымен әлемдегі бірде-бір мемлекет бәсекелесе алмайды.

Түркі дәуірінде Ұлы далада көшпелілер металды игеріп, темір, қорғасын, болат балқыту ісі қарқынды дамыды. Металл өндіру түркілердің ата кәсібі саналды. Түркілер қару-жарақтың ең үздік үлгілерін жасады. Бұл түркілердің әскери қуатын арттырды, сауда мен дипломатиясының дамуына зор ықпал етті.

Ұлы Жібек жолы бойында металл бұйымдары да тасымалданып, тауар ретінде темір жоғары бағаланды. Сондай-ақ Талас өзенінің жоғарғы ағысында күміс кенінің ашылуы Қазақстан қалалары мен көршілес елдерде оған сұранысты арттырды. Отырықшылар айырбасқа егіншілік өнімдерін: бидай, арпа, көгөніс, жеміс, шарап, кеп-



Испиджаб қаласы орнынан табылған мыс теңгелер (қалпына келтірілген)

тірілген жемістер, дәмдеуіштер, нан, қолөнер бұйымдарын, қыш және қалайы ыдыстарын, кілем, мата, әшекейлер мен зергерлік өнер туындыларын ұсынды. Көшпелілер мен қала арасындағы сауда өзара тиімді еді. Сауда қала мен даланың екеуіне де пайда келтірді. Ол туралы тарихи деректердің бірінде былай деп жазылған: *«Көшпелілердің тауарлары мен өнімдері отырықшы тұрғындардың игілігі мен пайдасын арттырудың бір көзі болып табылады»*.

Көшпелілер мен отырықшылар арасында сауда айырбасы қала төңірегіндегі жәрмеңкелерде өткізілді. Сауран, Алматы, Янгикент, Испиджаб маңындағы жәрмеңкелерде көшпелілер ет, жүн сияқты мал өнімдерін ыдыс, мата, жеміс-жидекке айырбастап отырды.



Оттырардан табылған
мыс теңге



Янгикент (Жанкент) қаласының орны

4. Көшпелілер мен отырықшы тұрғындардың өзара мәдени қарым-қатынастары. Қала мен дала тұрғындары саудаға, қолөнер мен ауылшаруашылығы өнімдерін өткізуге өзара мүдделі еді. Далалық аймақты мекендеген малшылар мен отырықшы және қала халқының арасындағы тауар айырбасы егіншілік пен малшаруашылығының өркендеуіне жағдай туғызды. Қалалар арқылы дала тұрғындарына тіл, дін, жазу, салт-дәстүрлер, өнер мен қолөнер үлгілері тарады.

Сауда дамуында соғдылар мен түркілер маңызды рөл атқарды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға көшіп келген иран тілдес соғдылар аралас тұрып, бірте-бірте түркілердің киімін және әдет-ғұрпын қабылдаған. Орталық Азия тұрғындарының өзіндік киім үлгісі қалыптасты. Қалаларының негізгі тұрғындары түркілерден басқа, соғды, араб, парсылар болды. IX–XIII ғасырларда отырықшылық мәдениет өркендеп, қалалар саны көбейген. Түркілер отырықшы қала мәдениетіне көшіп, қолөнер, сауда, бақташылық, егіншілікпен айналыса бастаған. Көшпелі түркі қоғамында оларды *жатақтар*, яғни «көшіп-қонбайтын», «бір жерде тұратындар» деп атады.

Отырықшы қала өмірі Орталық Қазақстан және Ертіс аңғарында да дамып, егіншілік мәдениет өркендеді. Көшпелілер отырықшы халықтан егістікті суару жүйесін меңгеріп алған. Оңтүстік Қазақстан, Жетісу және Орталық Қазақстан өңірлерінде ірі каналдар, су қоймалары, суды көтеруге арналған қондырғылар табылған. Егіншілік, негізінен, суармалы түрде жүзеге асырылған.

Тұрғын үй мен діни құрылыстар салуды үйреніп, күйдірілген және күйдірілмеген (саман) кірпішті қолданысқа енгізді. Түркілер құрылыс материалдарын, бояу, сәндік бұйымдар дайындауды меңгерді.

Өзіндік сәулет құрылысының бір түрі – киіз үйге ұқсас етіп өңделмеген тақтатастан салынған *дың ескерткіштері* болды. Ислам дінінің таралуына байланысты қайтыс болған көшпелі ақсүйектердің бейітіне мазарлар салу орын алды. Түркі ұсталары теңдесі жоқ сәулет өнерінің туындылары Жошы хан, Алаша хан, Айша бибі кесенелерін тұрғызды.



Дың ескерткіші. Қостанай облысы

Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы мәдени байланыстар діни сенімдер таралуынан да көрініс тапты. Дала көшпелілеріне ислам, несториандық христиан, буддизм, манихейлік, зороастризм діндері таралды.

Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Сырдың орта және төменгі ағысында Византия мен Иранда қудаланған несториандық және манихейлік діни ілімдер таралды. Несториандықтар мен манихейлер Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда қауымдар құрып, ғибадатханалар салды. Бұған дәлел ретінде Таразда манихейлік шіркеу мен зират табылған.

Орта ғасырда қазақ жерінде ислам діні кең етек жайды. Қалаларда ашылған мектеп-медреселерде ислам негіздері, араб жазуы, философия, математика т.б. ғылымдар үйретілді. Түркілер арасынан бүкіл мұсылман әлемі мен Батыс Еуропаға белгілі көптеген атақты ғұламалар – Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи т.б. шықты.

Пікірің қажет

Ұлы Жібек жолы бойымен келген діндердің ішінде не себепті ислам діні басым болды?



1. Отырықшылар мен көшпелілер өзара қарым-қатынас жасауға неге мүдделі болды?
2. Қосымша деректерді пайдаланып, көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін анықтаңдар.
3. «Қазақтар көшпелі емес, отырықшы халық болған» деген пікірмен келісесіңдер ме?



Жатақтар – қазақ қоғамындағы көшіп-қонатын күш көлігі болмағандықтан, үнемі қыстауда немесе қала маңында тұрып күн көрген кедейлердің әлеуметтік тобы.

Дың ескерткіштері – қола дәуірінің сәулет өнеріне тән, өңделмеген тақтатастан қаланған, шеңберлі құрылыстар атауы.

Шығармашылық тапсырмалар.

1-тапсырма. PEST талдау әдісін қолдана отырып, мемлекеттің өртүрлі салаларына көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасының қалай әсер еткендігін анықтаңдар.

P – political (саяси)

E – economical (экономикалық)

S – social (әлеуметтік)

T – technical (техникалық)

2-тапсырма. Төменде берілген тұжырымдардың бірін таңдап, соған қатысты пікір білдіріңдер.

1. «Олар (көшпелілер – авт.) өз жерлерінен шығып, көрші орналасқан отырықшы өркениеттер аумағына жиі шабуыл жасап отырды... Көшпелілер қоғамы терең тарихы жоқ қоғам».

А. Тойнби

2. «Көшпелілерде әлеуметтік және мүлік теңсіздігі ерте пайда болды».

А. Смит



Қазақстанның кең-байтақ жерінде отырықшылық және қала мәдениеті дамуының ірі-ірі тарихи-мәдени аймақтары ежелден ерекшеленген. Солардың бірі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағы болды. Ол бір жағынан Орта Азия, екінші жағынан

Орталық Қазақстан, Сібір мен Орал аралығындағы аумақты алып жатыр. Онда үш аудан – Оңтүстік Қазақстан (Сырдария алқабы), оңтүстік-батыс Жетісу (Талас және Шу өзендерінің аралығы), солтүстік-шығыс Жетісу (Іле алқабы) аудандары өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Аймақ егіншілікті жазиралар мен көшпелілік даласының тоғысқан жерінде орналасқан. Мұндай жағдай мәдениеттің дамуына ежелден ерекшелік беріп келді.

Қазақстанның егіншілік пен малшаруашылығы жанасып жатқан өңірлерінде жер өңдеу мен малшаруашылығының, отырықшылық пен көшпеліліктің, қала мен даланың өзара әсері мейлінше айқын көрінеді. Бұл алуан түрлі: саяси, экономикалық, мәдени, этникалық өзара әсер болатын. Бұл қарым-қатынастың сипатына зерттеушілердің көзқарастары бірдей емес. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде көшпелілер туралы: *«отырықшы егіншілермен тұрақты күрес жағдайында, олар өз жолындағының бәрін жайнап кетеді және гүлденген жазираны өлі шөл далаға айналдырады»* деп жазылды. Шығыстың, соның ішінде Қазақстан мен Орта Азияның көшпелілері көбінесе көнерген мәдениетті таратушылар, ал олардың өркениет дамуына ықпалы тек бүлдірушілік тұрғыда ғана болды деп қарастырылады. Мысалы, Орта Азияның тарихы отырықшы Иран өркениетін көшпелі түріктердің бірте-бірте жаулап алып, күйретуінің тарихы деп саналады.

Алайда бүгінде көшпелілер мен егіншілер арасындағы тығыз, етене байланыс болғаны туралы пікір басым. Өдетте қазіргі ғылымда жалпы тұрғындардың отырықшы бөлігін де, көшпелі бөлігін де қамтитын біртұтас экономикалық жүйе, шаруашылық өмірдің екі бағытының өзара тығыз байланысы туралы айтылып жүр. Бұл экономикалық бірліктің бұзылуы көшпелілердің де, отырықшы жазиралардың тұрғындарын да асқан ауыр зардаптарға ұшыратты.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы, 2010, 347-бет.



Көшпелі және отырықшы халықтардың өзара қарым-қатынасы қалай сипатталған?

Үшінші тарау

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

§9–10. XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы

Оқу мақсаты:

- ✓ Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономикалық жүйе», «дәстүрлі (аграрлы) экономика», «жоспарлы (социалистік) экономика» ұғымдарын пайдалану;
- ✓ XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Хрущев жылымығы	Хрущевская оттепель	Khrushchev Thaw
Тоқырау жылдары	Годы застоя	Stagnation period

Тақырыпқа шығу:

«Қазақстан отар болып келді және солай болып қалды».

С. Сәдуақасов

Автор пікіріне түсініктеме беріңдер.



1. XX ғасырдың басындағы қазақ халқы дәстүрлі шаруашылығының күйреуі. XX ғасырдың басында қазақ даласында өмір сүру жағдайы айтарлықтай күрделене түсті. Қазақстан Ресей экономикасы үшін шикізат базасы мен өнімін өткізу нарығы және отаршылдық саясат жүргізу аймағына айналды.

Өлкенің экономикасы бастапқыда Ресей империясының, кейіннен оның заңды мұрагері болып табылатын кеңестік биліктің мүддесіне сай құрылды. Қазақ зиялыларының көрнекті өкілі Ахмет Байтұрсынұлы сол кезеңдегі өлкенің шаруашылық отарлануының салдары мен қазақ ауылдары қасіретінің ауқымын сипаттай келе, *«Қазақ ұлты өмір сүруінің өзі проблемаға айналды»*, – деп жазды.

1907 жылы Ресей империясының II Мемлекеттік Думасында қазақ депутаттары жер мәселесінің түбегейлі және әділетті шешімі үшін белсенді түрде әрекет етті. Орал облысының депутаты Б. Қаратаев: *«Қырғыздарды (қазақтарды) өздері мекендеген жақсы жерлерінен ғана емес, тұрғын үйлерінен, жылы қяларынан қуып жатыр»*, – дегенді айтып, араша түсті.



Б. Қаратаев

Ол кезеңде Қазақстан Ресей империясының негізгі малшаруашылық аймағының бірі болды. Отаршылдық биліктің жүгенсіздігі салдарынан жергілікті тұрғындардың шұрайлы жерлері тартып алынып, туған жерлерінен қуылды. Олардың қыстақтары мен шаруашылық құрылыстарын да иемденді. Жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі қатты сезілді. 1917 жылы далалықтар 45 млн десятина шұрайлы жерлерінен айырылды. 1920–1921 жылдары жұттың орын алуына байланысты шаруалардың мал басын аман сақтап қалу мақсатында көктеу мен жайлауға көшу мүмкіндігі де шектелді. Мал басының саны күрт азайды, жергілікті тұрғындардың өмір сүру жағдайы ауыр деңгейге жетті.

Ойлан

А. Байтұрсынұлының пікірімен қаншалықты келісесіңдер?

Оңтүстік облыс аймағының суармалы және шұрайлы жер телімдерінің айтарлықтай бөлігі казактар мен қоныстанушы шаруалардың иелігінде болды. Қоныстанушы шаруалардың қазақ жайылымдарын еркін иемденуі дәстүрлі шаруашылық жүйесін күйретіп қана қоймай, жергілікті тұрғындардың басым бөлігінің кедейленуіне әкелді. Тартып алынған жерлерді қайтадан қарапайым қазақтарға жалға беріп, оған қоса жергілікті тұрғындардан түрлі алым-салықтар жинау дағдыға айналды. Ауқатты орыс шаруалары қарапайым халықты ашық тонап, мал айдайтын өткелдер мен жолдарды пайдаланғаны үшін де қосымша ақы төлеуді талап етті.

1917 жылдың шілде айында Орынбор қаласында өткен бірінші жалпықазақ съезінде өңірдің барлық облыстарынан жиналған өкілдер қазақ ауылының экономикалық жағдайына қатысты жинақталған мәселелерді шешуге тырысты. Мысалы, осы съездің қаулысында *«Қазақ халқы өзіне қарасты жерге орналасып болғанша олардың жері ешкімге берілмесін»* деген талап көрсетілген. Бұрын қазақтардың пайдасынан алынып қойған жерлерді, яғни дворяндық, монастырлық, гарнизондық, демалыс орындары т.б. кері қайтару талап етілді. 1917 жылдың қараша айында «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланған «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында дала тұрғындарын шұғыл жерге орналастыру мәселесі көтерілді: *«Жер үлесі алдымен жергілікті халыққа бөлінетін болады; қырғыздар (қазақтар) тұрғылықты орнынан жер үлесін алып, жайғаспайынша, қоныс аударушы шаруалар көшіп келмеуі тиіс»*. Жерді сатып алу – сату шарасының жүргізілуі барысында қазақтардың өз жерінен айырылып қалу

Ойлан

Қазақстан не себепті Ресей империясының шикізат базасына айналды?

қаупі туындағандықтан, «Алаш» партиясының бағдарламасында жердің сатылуына қатаң түрде тыйым салу мәселесі көтерілді.

2. Өлкедегі өнеркәсіп пен сауданың жағдайы. XX ғасырда Қазақстан Ресей империясының құрамдас бөлігіне айналды. Өлке экономикасы жалпыресейлік шаруашылық жүйесіне тартылып, түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Қазақстанның пайдалы

қазбаларының бай кен орындарына отаршыл патшалық биліктің ие болуы өлке экономикасының шикізаттық бағытта дамуын белгіледі. Қазақстан өлкесі Ресей өнеркәсібінің шикізат базасына айналды. Қазақстан аумағынан табиғи байлықтарды көптеп тасып өкету үшін барлық жағдай жасалды.

XIX ғасырдың соңында-ақ орыс кәсіпкерлері Қазақстан жеріндегі тау-кен орындарын арзан бағамен сатып ала бастады. Бірақ, орыс кәсіпкерлерінің тау-кен ісін игеру тәжірибесі де, техникалық құралдары және өндірілген өнімді әлемдік нарыққа шығару мүмкіндіктері жеткіліксіз еді. Осыған орай, XX ғасырдың бас кезінде патша үкіметі шетелдік капиталды тарта бастады, шахталар мен кен орындарының басым бөлігі шетелдік кәсіпкерлердің қолына өтті. 1904 жылы Лондонда құрылған «Спасск мыс кен орындары» акционерлік қоғамы кен орындарын сатып алуға белсенді кірісті. Спасск-Воскресенск, Успенск мыс кеніштері, Спасск мыс қорыту зауыты, Саран және Қарағанды көмір шахталары сатылды. Жезқазған мыс кеніштерін, Байқоңыр әк карьерлері мен темір кен орындарын «Атбасар мыс кен орындары» акционерлік қоғамы иеленді. 1904 жылы Риддер мен Зырян түсті металл кен орындарын австриялықтар сатып алды.

Мұнай өндіру шетелдік кәсіпкерлердің, ең алдымен ағылшындардың қолына өтті. 1911 жылы Доссор кәсіпшілігінде мұнай өндіру басталды. Шетелдік акционерлік компаниялардың табыс көзі өсіп, жылдам байыды. Шикізаттық ресурстарымыз сыртқа есепсіз тасылып, жергілікті халыққа ешқандай табыс әкелмеді.

Қазақстанның солтүстік-батыс және батыс аудандарында тұз өндіру маңызды салаға айналды. Тұз Басқұншақ, Елтон, Елек және Коряков кәсіпшілігінде өндірілді. 1909 жылы Коряков кәсіпшілігінің өзінде ғана 4 миллион пұт тұз өндірілді. Бұл жерде 10 мыңнан астам жұмысшы болды. Өндірілген тұз Батыс және Шығыс Сібірге, Обь өзені бойындағы балық кәсіпшілеріне жөнелтілді.

Ойлан

Капиталистік қатынастардың қазақ жеріне енуі қоғамдық санаға қалай әсер етті?

Балық кәсіпшілігі едәуір дамыды. Қазақстанда балық аулаудың дәстүрлі орталықтары Арал және Каспий теңіздері, Зайсан және Балқаш көлдері, Орал, Ембі, Ертіс, Іле, Шу, Сырдария өзендері еді. Балық аулаудың қарқынды дамуына Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы елеулі ықпал етті.

Ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін шағын кәсіпорындар бой көтерді. Қазақстанда тері өңдейтін, сабын қайнататын, май қорытатын, спирт-арақ, сыра ашытатын, жүн түтетін зауыттар жұмыс істеді. Зауыттар мен фабрикалардағы жергілікті жұмысшылар қатары азшылықты құрады, техникалық жабдықталу деңгейі тым төмен еді. Қазақтар ең ауыр жұмыстарға жегіліп, оларға жалақының ең төменгі мөлшері белгіленді.

Қазақстанда химия өнеркәсібінің алғашқы кәсіпорны – Шымкент дермене (сантонин) зауыты болды. Бүкіл Ресей империясындағы жалғыз бұл сантонин зауытының өнімі Англия, Америка, Германия, Үндістан, Жапония елдеріне шығарылды. Мақта тазалайтын зауыттар Шымкент және Түркістан қалаларында орналасты. Верный қаласында темекі фабрикасы жұмыс істеді.

Қазақ жеріне капиталистік қатынастардың терең енуі сауданың дамуына да айтарлықтай өзгерістер әкелді. Ресей сауда капиталы өлкенің шалғай аудандарына дейін жетіп, қазақ ауылдарын Ресей, Орта Азия, Батыс Еуропаның сыртқы нарықтарымен байланыстырды.

XX ғасырдың басында сауда капиталының Қазақстанға енуі өлке экономикасының дамуына әсер етті. Қазақ халқы шаруашылығының тауар-ақша сипатына көшуі аймақтар арасындағы байланысты біршама кеңейтті. Ауыл нарыққа тартыла бастады. Мал сауданың негізгі тауары болып қала берді. Жаңа нарықтық қатынастар көшпелі қазақтарды отырықшылыққа кеңінен тартты. Сондықтан сауда кәсіпкерлігінің мал және мал өнімдерінен басқа тағы бір тауары астық болатын. Астық саудасының айналымдары қарқынды өсті. Ірі орталықтары Орал, Орынбор, Семей болды. Қостанай, Ақтөбе, Торғай уездерінен астық тасымалданды.

1913 жылы өлкедегі жұмысшылардың саны жалпы тұрғындардың 0,6% -ын құрады. Ресейдің өндірісі дамыған еуро-

палық бөлігіндегі орыс жұмысшыларының саны жалпы халықтың 6% -ына жеткен еді.

Жәрмеңкелік сауда жалпыресейлік маңызға ие болды. Ең ірі жәрмеңкелер Қарқаралы уезіндегі Қоянды-Ботов, Петропавл уезіндегі Тайыншакөл, Ақмола уезіндегі Константинов, Атбасар уезіндегі Петров, Верный уезіндегі Қарқара жәрмеңкелері болды. Олардағы сауда айналымы жылына 2–3 миллионға дейін жеткен. Қоянды-Ботов жәрмеңкесі 1924 жылға дейін өткізілді.

Қазақстан аймағы Ресей отары ретінде өнім өткізетін шикізат қоры болып қала берді. Қазақ жерінің байлығына патшалық Ресей монополиялық иелігін орнатып, капиталистік қатынастардың ұлттық аймақтарда кеңейіп дамуына әсер етті. Көптеген бай кен орындары мен жұмыс күшінің арзандығы орыс және шетел капиталын өзіне тартты.

Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы, шикізатты белсенді тасымалдау теміржол желілерінің құрылысы есебінен мүмкін

Ойлан

Қазақстанда жұмысшылар саны неліктен аз болды?



Қарқара жәрмеңкесі

Пікірің қажет

Теміржол байланысы елдің экономикалық өмірінде қандай рөл атқаратынын зерделендер.

болды. Патша үкіметі Қазақстандағы теміржолдарды әскери-стратегиялық мақсаттарға бағындырды. 1906 жылы Орынбор-Ташкент теміржолы іске қосылды.

Бай табиғи қорының болуына қарамастан Қазақстан өнеркәсібі әлсіз болып қала берді. Оның негізгі себептері өлкенің жалпы экономикалық артта қалуы мен Ресейдің отаршылдық саясаты еді.

3. Кеңес өкіметі орнауының бастапқы кезеңіндегі Қазақстанда экономиканың дамуы. 1917 жылы Қазақстан екі революцияны бастан кешті. Ақпан буржуазиялық революциясы патша өкіметін құлатып, қосөкімет орнатты – Уақытша үкімет пен жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Кеңестері. Алайда екі қарсылас үкімет органдары билікті қатар бөлісіп отырмады. Саяси дағдарыс экономиканың шиеленісуімен жалғасты. Ақыры осы құлдыраудың соңы елде орын алған келесі үлкен төңкеріс – қазан революциясы нәтижесінде Уақытша үкімет құлатылды да, билік дербес Кеңес өкіметінің қолына өтті. Қазақ даласының дәстүрлі малшаруашылығы социалистік құрылысқа көше бастады. Ресей империясының құрамындағы Қазақстан ендігі өмірін Кеңес өкіметінің құрамында жалғастыратын болды. Капитализмнен бас тартып социализм жолының таңдалуы ең алдымен кәсіпорындарды мемлекеттің меншігіне өткізу шараларынан басталды. Экономикалық жүйенің басты қағидасы – жоспарлы экономика болып бекітілді. Материалдық қорлар, барлық кәсіпорындар мемлекеттік меншік ретінде есептеліп, мемлекеттік билік тарапынан жоспарлау, басқару және бақылау назарға алынды. Қазақстан кәсіпорындары шикізаттық өнім ғана өндіру сипатында қала берді. Мұнай, газ, металл өңдеу, машина, станок, құрал жасау салалары бойынша кәсіпорындар мүлдем болған жоқ. Қазақстан жоғары дамыған өнеркәсіптік аудандарға шикізат қоры міндетін атқарып келді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс және одан кейін жалғасқан Азамат соғысы халықшаруашылығын ауыр күйзеліске ұшыратты.

XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан Қазақстан экономикасының біржақты шикізаттық бағыттылығы кеңес заманында да жалғасын тауып, тәуелсіз еліміздің дамуында салдары сезілді.

Мемлекет меншігіне өткен өндіріс орындары жұмыс істемеді. Экономикалық қиындықтарды шешу үшін 1919 жылы Кеңес өкіметі *әскери коммунизм саясатын* қабылдады. Оның негізгі мақсаты «азық-түлік салғыртын» енгізу еді. Мемлекет пайдасына және соғыс қажеттілігіне ауылшаруашылығының «артық» өнімдері алынатын болып белгіленді. Кеңес үкіметі бұл саясатты төтенше жағдайда өткір тұрған азық-түлік мәселесін шешу керектігінен деп түсіндіріп келді. Артық азық-түлікті тартып алу, әрине, шаруалар наразылығын тудырып, еңбек нәтижесіне деген ынтасын түсірді. Азамат соғысы аяқталған соң, Кеңес үкіметі саяси-экономикалық дағдарысқа қарсы жаңа бағдарлама қабылдау қажеттілігін сезінді.

1921 жылы большевиктер партиясының X съезінде *жаңа экономикалық саясат (ЖЭС)* қабылданды. Әскери коммунизм саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшу бағдарламасы бойынша өндіріс орындарын мемлекеттік меншікпен қатар, жекеменшік иелігіне беру мүмкіндіктері ашылды. Меншіктің түрлеріне, жекеменшікке де рұқсат берілгенімен, іс жүзінде Кеңес үкіметі экономикаға өзінің бақылауын жүргізуді тоқтатпады.

Жаңа экономикалық саясат азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастырды. Оның басты айырмашылығы – мемлекетке тапсыратын азық-түлік салық мөлшері нақты белгіленіп, өнімнің артығын өз еркімен пайдалануға, сатуға рұқсат етілді. Осыған байланысты енді шаруалар еңбек өнімділігін арттыруға ынталы болды. Азамат соғысының аяқталуымен еңбек міндеткерлігі жойылды. Ақысыз еңбек орнына ақшалай жалақы төлеу енгізілді. Жаңа экономикалық саясат бойынша жеке саудаға, жалдамалы еңбекті пайдалануға және кооперативтерге рұқсат берілді. Өнеркәсіпті жаппай мемлекет меншігіне өткізу декреті күшін жойып, шағын кәсіпорындар жеке тұлғаларға жалға берілетін болды. Шетелдік капитал-



ЖЭС кезінде қазақтардың мемлекетке астық тапсыруы. 1921 жыл

ды тарту арқылы аралас акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындар құруға мүмкіндіктер берілді. Көлік, байланыс жүйесі мен коммуналды қызметті пайдалану үшін төлемақы алынды. Жаңа экономикалық саясат мемлекет бақылауымен халықшаруашылығында біршама капиталистік қатынастарға уақытша жол беруді қарастырды.

Өнім өндіру деңгейі соғысқа дейінгі көрсеткіштердің 2/3 бөлігін құрады. Өнеркәсіп орындарының 60%-ы қайта іске қосылды, көлік қызметі қалпына келтірілді. Егістік алқаптар

Пікірің қажет

Қазақстан экономикасының шикізаттық бағыты патша үкіметінің құрамындағы кезеңмен салыстырғанда Кеңестік биліктің алғашқы онжылдығында елеулі өзгеріске ұшырады ма?

3 млн га жерді құрады, астық өнімі артты. Мақта өндіру қарқынды дамыды. Мал саны 1922 жылмен салыстырғанда екі есе өсіп 26 млн-нан асты.

Жәрмеңке саудасы қайта жанданды. Ойыл, Темір, Қоянды сияқты 130-ға жуық жәрмеңке саудасының айналымы 20 млн-нан астам сомды құрады.

Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикалық қатынасқа біртіндеп өту 20-жылдардың ортасында үдемелі даму бағытын айқындады. 1925 жылға қарай халықшаруашылығы қайта қалпына келтірілді. Бұл тәжірибе экономиканы мемлекет тарапынан жоспарлы түрде дамыту және өкімшілік басқарумен салыстырғанда нарықтық қатынастардың артықшылығы мен тиімділігін дәлелдеді. Дегенмен Кеңес өкіметінің өкімшіл-өміршіл жүйесі жоспарлы экономиканың қағидаларына сүйеніп, ЖЭС жетістіктерін біртіндеп жоя бастады.

1925 жылы большевиктер партиясының XIV съезінде елде индустрияландыруды бастау шешімі қабылданды. Съезде, ең алдымен, ауыр өнеркәсіпті дамыту, КСРО-ны машина жасайтын және оны сыртқа шығаратын елге айналдыру міндеттері белгіленді. Өнеркәсіп экономиканың жетекші саласына айналды. Қазақстан қорғасын өндіруден бірінші орын, түсті металдар өндіруден екінші орын, көмір және мұнай өндіруден үшінші орынды иеленді. Жаңа өнеркәсіп орындары іске қосылды: Балқаш мыс балқыту, Шымкент қорғасын, Мерке, Жамбыл қант зауыттары, Алматы еткомбинаты т.б. Олар тек жергілікті аймақтарды ғана өз өнімімен қамтамасыз етті. Зырянов, Риддер полиметалл, Балқаш комбинаттары салынды.

Дегенмен кәсіпорындардың барлығы шикізат өнімін шығаратын сипаттағы өндіріс орындары болып қала берді. Қазақстандағы индустрияландыруды жүзеге асыру Кеңес өкіметі үстемдігі саясатының жалғасы болып табылды.

Қазақстаннан тек арзан шикізатты өндірістік аймақтарға тасымалдап, ол жақтан қымбат дайын өнімді елімізге қайта алып келуін көздеген орталықтың саясатына ұлт зиялылары С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев және т.б. қарсы шықты. Олар өнеркәсіп орындарын шикізат көзіне жақын орналастыру қажет деген ұсыныстарын алға тартты. Қазақстанға қатысты орталық ұсынған индустрияландыру саясатының даму бағытына келіспей, ашық пікірлерін білдірген зиялылар тобы «ұлтшыл», «шови-

Ойлан

Әскери коммунизм саясатын енгізудің қажеттілігі болды ма?


нистер» деп айыпталды. Социалистік индустрияландыру бағытын желеу етіп, Кеңес үкіметінің шет аймақтарды орталыққа бағындыру, тәуелді ету саясаты жалғасын тапты. Индустрияландыру саясаты КСРО құрамындағы одақтас республикалардың ауыр өнеркәсібін дамытуға бағытталмаған да еді. Олар Ресейдің шикізат базасы болып қала берді.

Индустрияландыру барысындағы ең ірі жоба – Түркістан–Сібір теміржол торабын салу болды. Теміржол 1927–1930 жылдары салынып, Сібір, Орта Азия және Оңтүстік Қазақстан аймақтарын байланыстырды. Бұл жол Қазақстан жерінің біраз өңірін кесіп өтті. Түрксіб құрылысы жалпыодақтық маңызға ие болды. 1927 жылы Петропавл–Көкшетау теміржолы салынып, 1931 жылы Ақмолаға дейін жалғасты. 1939 жылы Қазақстаннан шикізат тасымалдау үшін Ақмола–Қарағанды, Елек–Орал, Рубцовск–Риддер, ал 1940 жылы Қарағанды–Жезқазған теміржолы іске қосылды. КСРО бойынша теміржолдардың 30%-ы Қазақстанға тиесілі болды. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында



Түрксіб. Ә. Қастеев

Қазақстандағы индустрияландыру



69-беттегі картадан индустрияландыру жылдары салынған кәсіпорындарды көрсетіндер.

елімізде 700-ге жуық кәсіпорын салынып, пайдалануға берілді. Аграрлық республика енді аграрлы-индустриалды елге айналды.

Қазақстан түсті металлургия, көмір, мұнай, отын-энергетикалық ресурсы, химия өнімдерінің бай қоры ретінде КСРО-ның ірі өнеркәсіп орталығына айналды. Индустрияландыру кезінде қаланған өнеркәсіптік кешен Ұлы Отан соғысында кеңес халқының жеңісіне қомақты үлес қосты. Қалалар мен қала тұрғындарының саны артты. Большевиктердің индустрияландыру саясаты Қазақстанның экономикалық даму бағытын толық өзгертті.

4. Қазақстандағы ұжымдастыру. Индустрияландыруға қажетті қыруар қаражат ауылшаруашылығы есебінен алынды. Большевиктердің келесі бағдарламасы – ауылшаруашылығын ұжымдастыру болды. Бұл экономикалық жобаны іске асыру нәтижесінде малшаруашылығы дағдарысқа ұшырап, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі жүйе қиратылды.

1928 жылы әкімшіл-өміршіл үкімет ірі бай шаруашылығын тәркілеу туралы Декрет қабылдады. Заң жобасы бойынша 700 бай қожалық тәркіленуге тиіс болды, алайда қазақ өлкесінде бұл уақытта ірі байлар осыншама көп емес еді. Сондықтан жүктелген міндетті орындау үшін жергілікті органдар орта шаруаларды да тәркілеуге кірісті.

Ауылдың ең ауқатты бөлігі саналатын рубасыларды талқандаған соң, большевиктер ендігі кезекте орта және кедей шаруаларды ұжымшарларға тартып, күштеп отырықшыландыруға көшті. БК(б)П XV съезі (1927) ауылшаруашылығын ұжымдастыруға бағыт алуды жариялады. Мыңдаған жылдар бойы көшпелі және жартылай

Ізден

Қазақстанда ұжымдастыру науқаны қалай жүргізілді?

көшпелі малшаруашылығымен айналысқан қазақтар бір күннің ішінде отырықшы шаруаға айналуға тиіс болды. Барлық киіз үйлер бір жерге жиып тігілді. Мал мен құрал-сайман ортақ деп жарияланды. Қараусыз, күтімсіз, су мен жайылымсыз қалған малдар топ-тобымен қырылды. Шаруалар малдарын тірідей сақтай алмайтындарына көздері жеткенде жаппай сойып тастап



Ауылда бай мүлкін тәркілеу. 1929 жыл

отырды. Сойылған малдың көптігінен ет бұзылып, жарамсыз болып қалды.

Қазақстанда өкімет орындарының саясатына наразылықтар елде жаппай шаруалар көтерілістеріне ұласты. 1929 жылы Сырдария, Қостанай округтерінде көтеріліс бұрқ ете түсті. Қазақстанның оңтүстігіндегі Созақ ауданында шаруалардың ірі бой көрсетуі болып өтті. Бұл 30-жылдардың басындағы неғұрлым ірі көтерілістердің бірі еді. Көтеріліске 5 мыңдай адам қатысты.

Сол уақытта осындай көтерілістер Жетісудағы Ақсу және Балқаш аудандарында да болды. 1930 жылы наурызда 200 көтерілісші Қапал станциясын басып алды. ОГПУ (Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарма) отрядымен шайқас 28 наурыз күні өтті. Шайқаста 15 адам өліп, 76 көтерілісші тұтқынға түсті.

Неғұрлым табанды әрі ұзаққа созылған көтеріліс Ақтөбе, Қостанай және Қызылорда округтерінің аумағын қамтыды. Өкімет орындарының саясатына наразылық Шығыс Қазақстан, Маңғыстау аумағында да орын алды. ОГПУ-дің деректері бо-

Шығармашылықпен айналыс

«Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру науқанының салдары қандай болды?» тақырыбына эссе жаз.

Тірек сөздер:

Декрет, тәркілеу, аштық, зиялылар, жазалау.

йынша 1929 жылы Қазақстанда жалпы саны 350 адамнан тұратын 31 көтерілісшілер отряды болды. 1930–1932 жылдары көтерілісшілер 2 мыңға, 1932–1933 жылдары 3,2 мың адамға жеткен. Республикада 80 мыңдай адам қатысқан шаруалардың 372 бой көрсетуі болып өтті. 5 мыңнан астам көтерілісші Кеңес өкіметіне қарсы шыққаны үшін қатаң жазаланып, сотталды, ГУЛАГ лагерьлеріне қамалды, олардың мыңға жуығы атылды.

Қазақстанда сталиндік әміршілдік жүйенің күшпен, зорлық-зомбылықпен жүргізілген ұжымдастыру науқаны қазақ халқының жартысына жуығын жалмаған ашаршылыққа алып келгенін білеміз. Нәтижесінде республика экономикасы әсіресе малшаруашылығы құлдырап кетті. Қазақтардың үлкен бөлігі Ресей, Өзбекстан, Қырғызстанға қоныс аударды, шегара алып, Қытайға дейін өтіп кетті.

5. Қазақстанның Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы экономикалық дамуы. Ұлы Отан соғысы жылдары еліміздің экономикасы соғыс жағдайына көшіріліп, майданды қару-жарақ, мал және мал өнімдері, азық-түлікпен қамтамасыз етті.

Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери өнеркәсіп базасы ретінде 5830 тонна астық, 745 тонна ет, қорғасынның 85% -ын, полиметалдың 70% -ын берді. 1941–1945 жылдары республикада 460 зауыт,



Соғыстан кейінгі Қазақстандағы өнеркәсіп

фабрика, кеніштер мен шахталар салынды. Қазақстан аумағына елдің батыс бөлігінен 220 зауыт пен фабрика көшірілді. Шикізаттық қорлар республикадан орталыққа үздіксіз жеткізіліп тұрды. Экономика түгелдей әскери тәртіпке бағынатын болды. Ұлы Отан соғысы кезінде жауға атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан құйылды. Республика жұртшылығының әскер мұқтаждықтарын қамтамасыз ету мен жеңіс үшін аянбай қажырлы еңбек жасауына қарамастан, алапат соғыс салдарынан халықтың тұрмыс жағдайы тым нашарлап кетті. 700 мыңға жуық республика азаматтары төзімсіз жағдайдағы еңбек армиясына шақырылды. Олардың қатарында соғыс жылдарында күштеп көшірілген және жер аударылған этнос өкілдері де болды.

КСРО соғыстан әбден әлсіреп шықты. Соғыстан кейінгі жылдары елдің экономикалық дамуында бірқатар ұранды реформалар жүргізуге әрекеттер болды. Ұлы Отан соғысындағы жеңіс кеңес халқының рухани жігерін арттырып, социализм саяси жүйесінің тиімділігіне сенім қалыптастырды. Коммунистік партия жетекші күшке айналып, өкімет билігінде әміршіл-әкімшіл жүйе үстемдік етуін жалғастыра берді. 1946–1950 жылдардағы төртінші бесжылдық жоспары бойынша халықшаруашылығын қайта қалпына келтіру мен бейбіт өнімдерді шығаруға көшіру



Тың және тыңайған жерлерді игеру

міндеттері белгіленді. 1947 жылы карточкалық жүйе жойылып, ақша реформасы енгізілді.

Республикада халықшаруашылығының дамуы қыруар қаражат пен шикізат көзінің тартылуы арқылы жүзеге асырылды. Шешуді аса қажет ететін алдыңғы қатардағы мәселелердің бірі жұмыс күшінің жетіспеушілігі болды.

1953–1964 жылдар тарихта шартты түрде «*Хрущев жылымығы*» деп аталады. Сталин қайтыс болғаннан кейін билікке келген Н. Хрущев КСРО экономикасын ілгері дамытуда бірқатар реформалар жасауға әрекеттенді. Соғыстан кейінгі астық жетіспеушілігін жою үшін 1954 жылы наурыз айында КОКП ОК

Анықта

Тың игерудің жағымды және жағымсыз жақтарын анықтаңдар.

Пленумында *тың және тыңайған жерлерді игеру* туралы шешім қабылданды. Егін егетін жер көлемін ұлғайтып, астық өнімін көтеру тапсырылды. Бұл шаруашылық пен азық-түлік дағдарысын шешудегі эк-

тенсивті жол болды. Астық өндіруді арттыру мақсатында 25 млн гектар жер жыртылды, оның 9 млн-ы эрозияға ұшырап, жарамсыз болып қалды. Тың игеру жылдары республикаға КСРО-ның еуропалық бөлігінен «қажетті мамандар» 2 млн адам жаппай қоныс аударды. Нәтижесінде елдегі демографиялық жағдай одан әрі күрделенді. Қазақтардың үлес салмағы өз елінде 30%-ға дейін төмендеп кетті. Сонымен қатар тың игерудің дөнді дақылдар өндірісінің артуы мен азық-түлікпен қамтамасыз етудің жақсаруы сияқты жағымды тұстары да болды.

1965–1985 «*тоқырау жылдары*» экономиканың интенсивті дамуына жол ашу үшін жаңа шаруашылық реформалары жүргізіле бастады. 1965 жылы жаңа экономикалық реформа бойынша аймақтық халықшаруашылық кеңестер таратылып, өнеркәсіптер салалық одақтық-республикалық министрліктер арқылы басқаруға көшірілді.

Жаңа жүйеге сәйкес шаруашылық есеп кәсіпорындарға дербестік берді. Өндіріс орындары шаруашылық есеп жүргізуде шығынды үнемдеу арқылы материалдық ынталандыру және марапаттау сияқты шараларға қол жеткізетін болды.



Өндірісті механикаландыру мен автоматтандыру жоспарлары қабылданды. Өйтсе де реформалар, бір жағынан, экономиканы дамытуда біраз көрсеткіштерге жеткізсе, екінші жағынан, орталық өктемдік жоспарларға директивалық түзетулер мен толықтырулар енгізуді тоқтатпады. Коммунистік партияның дербес басшылығы, мемлекеттік меншік үстемдігі КСРО-ның экономикалық негізін өзгерте алмады. Халықтың табысы төмендеп, тауар тапшылығы өсті. Республика шаруашылық салаларының шикізаттық сипаты одан әрі тереңдеді. 70-жылдардың ортасына қарай кеңестік экономика жүйесінде дағдарыс белгілері айқын көрінді.

Кеңес Одағы коммунистік партиясының экстенсивті және өкімшіл-әміршіл экономикасы даму тетіктерінен толық айырылып, түбегейлі өзгерістер қажеттілігіне жеткізді. Осы тұрғыда 1985 жылдан экономиканың бірқатар салаларын қамтыған «қай-

Ойлан

1965–1985 жылдар тарихта не себепті «тоқырау жылдары» деген атаумен қалды?



та құру» реформасы басталды. Кәсіпорындарға дербестік беріліп, шаруашылық есеп жүйесі енгізілді, кооперативтер ашылды.

Кеңес билігі кезеңіндегі жоспарлы шаруашылық жүйесі тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел экономикасының дамуына кедергі келтірді.

- ?**
1. Жоспарлы экономиканың дәстүрлі шаруашылық жүйеден айырмашылығы неде?
 2. «Қазақстан – аграрлы республика» деген пікірге өз көзқарастарыңды айтыңдар.
 3. Эрозияға ұшырамас үшін қандай тиімді жолдар ұсынған болар едіңдер?

💡 **Хрущев жылымығы** – бұл кезеңді «жылымық» деп КСРО-ның қоғамдық-саяси өміріндегі демократияландыру, кешірім, ақтаулармен (реабилитация) байланысты аталды. Жылымық ішкі саясатта қуғын-сүргінді біршама тежеуден, әміршіл-әкімшіл қатаң басқару әдістерінің аздап жұмсаруынан байқалды. Билік басына келген жаңа кеңес басшылары сыртқы саясатты да жұмсартуға ынта білдірді.

Тоқырау жылдары – 1965–1985 жылдар аралығында Қазақстан экономикасының бұрынғысынша техникалық прогреске қабілетсіз, қарабайыр дамуы. Өнеркәсіп, өндіріс орындарының өнім, табыс бермей дағдарысқа ұшырауы.

Шығармашылық тапсырмалар.

1-тапсырма. SWOT талдау әдісі арқылы XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуын талдаңдар.

S – мықты жақтары

W – әлсіз тұстары

O – мүмкіндіктер

T – қауіп-қатерлер

2-тапсырма. Қосымша деректерді пайдаланып, 1960–1980 жылдардағы КСРО-ның қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық өмірін бейнелейтін көріністер (суреттер, карикатуралар, плакаттар т.б.) іздестіріңдер.

3-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Қазақстандағы ұжымдастыру

Себебі	Барысы	Салдары

**Өлкелік бақылау комиссиясына Богданов жолдасқа**

Ақмола округі бойынша астық дайындау мен ұжымдастыру науқанында орта шаруаға қатысты бұрмалаушылықтар орын алғаны анықталды. Орта шаруаларға тұтқында ұстау, ұрып-соғу, өз еркінен тыс ауыр жұмысқа салу, мал, дүние-мүлкін тәркілеу жазалары қолданылған. Салынған салық көлемінің ауырлығы соншалық, орта шаруа қолындағы бар дәулетінен айырылған. Оның үй-жайын тартып алған, колхоздан қуып, жер аударып жіберген.

Қалыбекова М.Ш. Қазақстанға арнайы қоныс аударылғандар: құжаттар мен материалдар (1930–1956). – Алматы, 2011, 50-бет.



1. Мұндай жазалау шаралары басқа округтерде де орын алды ма?
2. Ұжымдастырудың бұл әдісін орта шаруаларға қолдану қажет пе еді?

§11–12. Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы

Оқу мақсаты:

- ✓ Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау;
- ✓ мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Референдум	Референдум	Referendum
Интеграция	Интеграция	Integration
Дүниежүзілік сауда ұйымы	Всемирная торговая организация	World trade organization

Тақырыпқа шығу:

1. Суреттерді не біріктіруі мүмкін?
2. Суреттерді сабақ тақырыбымен қалай байланыстыруға болады?




1. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстан экономикасы. Тәуелсіздік қарсаңындағы аса ауыр жағдайда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Одаққа бағынышты мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды ҚазКСР-і үкіметінің басқаруына көшіру жөнінде» Жарлық шығарды. Қазақстан дербес сыртқы экономикалық қызметін қамтамасыз етті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жоспарлы экономикадан нарықтық жүйеге көшу оңай тимеді. Бұрынғы КСРО-ның одақтас республикалары арасында экономикалық байланыстар үзіліп, бір-бірінен алшақтай бастады. Республикалардың әрқайсысы шиеліністерден шығу жолында тек өз күші мен қабілетіне сүйенді. Баға босатылды. Негізгі тұтыну тауарларының жетіспеушілігі байқалды. Республика азаматтарының тұрмыс жағдайы одан әрі нашарлап, халық қарапайым тіршілік үшін күресті. Бұқара халықтың жалақысы азық-түлік алудан артылмады. Бірқатар ұлт өкілдерінің өз еліне қоныс аударуы жиілеп, республика халқы едәуір азайды. Көптеген зауыт-фабрикалар жұмысы тоқтап қалды. Осының салдарынан жұмыссыздар қатары өсті. Отбасы қатынастарының бұзылуы, ажырасулар мен әлеуметтік мәселелер көбейді. 1993–1994 жылдары өнеркәсіптік өндіріс көлемі екі есе, ауылшаруашылықта – үш есе, транспорттық жүк тасымалдау үштен екіге қысқарды. Халықтың кірісі күрт төмендеді. Инфляция деңгейі шарықтады. Нарықтық экономиканы қалыптастыру механизмдері тиімді жүргізілмей, бірқатар қателіктер жіберілді. Аталған жағдайлар экономикалық терең дағдарысқа ұшыраудың басты себептерінің біріне айналды. Осындай жағдайда шешуші әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қажет болды. Сондықтан егемендіктің алғашқы күндерінен бастап мемлекет басшылығы *«алдымен – экономика, содан соң – саясат»* деген жолды таңдады.

Ойлан

Тәуелсіздік алған жылдары еліміздің экономикасы неліктен ауыр жағдайда болды?

2. Экономикалық даму кезеңдері. Қазақстан экономикасының дамуын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады:



Бірінші кезең (1991–1994) Қазақстанда жоспарлы социалистік экономикадан нарықтық экономиканы құруға бағытталды. Бұл кезең экономикалық жағдай шиелінісіп, құлдырауымен сипатталады. Жұмыссыздық өршіді. 1992 жылдың қаңтарында баға босатылды, елімізде азық-түлік пен тұрмысқа қажетті тауарлар түрлерінің бағасы шарықтап кетті. Мемлекетке қарасты өндірістік объектілерді жекешелендіру үрдісі басталды. Кәсіпкерлікті өрістету үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, жағдай жасалды.

Екінші кезеңде (1995–1999) Қазақстанның экономикалық даму стратегиялық жоспары және жаңа Конституция қабылданды. Ұлттық экономика тұрақталды. Колхоздар мен совхоздар



мемлекеттік емес нысандарға айналдырылды. Еліміздің алдындағы басты міндеттердің бірі – шетелдік инвестициялар тарту арқылы нарықтық экономиканы қалыптастыру еді.

1997 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан–2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және өл-ауқатының артуы» атты стратегиялық бағдарламасын ұсынды. Онда еліміздің қарқынды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұзақ мерзімді міндеттер белгіленді.

Үшінші кезеңде (2000 жылдан бастап – бүгінгі күнге дейін) – Қазақстан экономикалық өрлеу жолына түсті. 2003 жылдан индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Соңғы 20 жыл ішінде елімізде мыңнан аса жаңа кәсіпорын іске қосылды.

3. Ұлттық валютаны енгізу. Тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап республика басшылығы ұлттық валюта енгізу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізді. 1992 жылы Қазақстанда аса құпия жағдайда ұлттық валюта дайындалып жатқанда, Ресеймен келісімдер жүргізуді жалғастырды. Ресей ақша-валюта



Алғашқы теңгелер

жүйесіндегі мәселелерді біздің республикамен келісіп шешетіні туралы уәдесін берді.

ТМД басшылары өз елдерінде ұлттық валюталарын енгізер алдында бұрынғы одақтас республикаларды 3 ай бұрын хабардар ету міндеті туралы келісімге келді. 1993 жылы шілде айында Ресей өз валютасын енгізді. Ресей 1993 жылғы жаңа рубль негізінде ортақ, бірегей рубльдік аймақты құруды ұсынды. Гиперинфляция жағдайында баға шарықтай түсті. Қазақстанға ескі үлгідегі кеңес ақшаларының ағыны қаптап келді. Дүкен сөрелерінде азық-түлік және тұрмысқа қажетті тауарлар азайды. Қазақстанға едәуір экономикалық шығын әкелді. Елдегі экономикалық дағдарыс өрши түсті. Ескі рубльдің құнсыздануы басталды. Сондықтан Қазақстан ұлттық валюта енгізуге кірісті.

Дер кезінде қамданып үлгерген Қазақстан өзінің экономикалық, саяси тәуелсіздігін сақтап қала алды.

Алғашқы ұлттық ақша Ұлыбританияда басылды. Ақша номиналдарында Ш. Уәлиханов, А. Құнанбайұлы, әл-Фараби, Абылай хан т.б. тарихи тұлғалардың суреттері бейнеленді.

1993 жылы 15 қарашада ұлттық валюта – теңге енгізілді. Елдегі инфляция өрісін ырықтандыруға «ҚР Ұлттық банк туралы» Заң ықпал етті. Соған сәйкес Ұлттық банк Президентке ғана есеп береді және өзіне белгіленген өкілеттік шегінде тәуелсіз қызмет етеді. Қазақстан бұрынғы КСРО орталық құқықтарын иемденуші көрші Ресей мемлекетінен ақша-қаржы саясатында толық тәуелсіздікке қол жеткізді. Ұлттық валюта енгізудің зор тарихи маңызы бар. Ол Қазақстан Республикасы экономикалық тәуелсіздігінің айқын көрінісі болып табылады. Шынайы егемендікке қол жеткізген қазақстандықтардың патриоттық рухы өсті. Ұлттық валютаның енгізілуі терең әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізуге жол ашты. Халықаралық валюталық операциялар жүргізуге мүмкіндіктер кеңейді. Елімізде 200-ге жуық жаңа банктер құрылды. Жаңа жағдайда мемлекет басшылығы зейнеткерлер, студенттер, мүгедектерді әлеуметтік қорғау мен қолдау іс-шараларын жүргізуге белсенді түрде кірісті.

4. 1995 жылғы Қазақстан Конституциясы және жаңа нарықтық экономика. 1993 жылы қабылданған Қазақстанның Конституциясы уақытша еді. Елге қажетті заңдарды қабылдау үдерісі баяулады, бұл нарықтық реформалардың қарқынын бәсеңдетті. Үкімет пен Жоғарғы Кеңес арасында келіспеушілік орын алды. Осы жағдайда жергілікті, сондай-ақ Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі тарату үдерісі басталды. Президент мемлекет басшысы ретінде заңнамалық тұрғыда өзіндік шешімдер қабылдау құқығын алды.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда жаңа Конституция қабылданды. Қазақстан президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет ретінде жарияланды. Парламент екі палатадан: Мәжіліс пен Сенаттан құрылды. Жаңа Конституция-



ҚР Парламенті

ның еліміздің тәуелсіздігін нығайту және әлеуметтік-саяси реформаларды жүргізу үшін тарихи маңызы зор болды.

Қазақстан нарықтық экономика жолымен дамуға бет алған тәуелсіз ел ретінде белгіленді. Республикада мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру бағдарламасы қабылданды. Шетелдік инвестицияларды тарту, шағын және орта бизнесті дамыту тетіктерінің құқықтық негіздері бекітілді. Банк және қаржы жүйесі реформалары жүзеге асырылды. Аграрлық салада колхоздар мен совхоздар фермерлік шаруашылықтарға айналдырылып, мемлекет монополиясы жойылды.

5. 2015 жылы Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі. Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болуға ресми өтінішті Қазақстан 1996 жылдың қаңтарында жіберіп, 2015 жылдың маусымында келісімдер аяқталды. Қазақстан ДСҰ-ға кіру үшін 20 жылдай үлкен дайындық жүргізді.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі – отандық дипломатияның және Елбасының жетістігі. Мемлекет басшысы құттықтау сөзінде: «ДСҰ-ға кіру Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялануына, әлемдегі дамыған бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруіне және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындауға ықпал етеді», – деп атап көрсетті. Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының 162-ші мүшесі болып енді.



ДСҰ эмблемасы

Сыртқы сауда көлемі 120 млрд долларды құрады. Әлемнің 185 елімен сауда қарым-қатынас жүргізе бастады.

ДСҰ-ға кіру Қазақстанға қандай артықшылықтар берді? *Біріншіден*, болашақта бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер мен кәсіпорындар ашуға жол ашылды. *Екіншіден*, елге қосымша шетелдік инвестициялар тартылды. *Үшіншіден*, қарапайым азаматтар сапалы тауарларға ие бола алды. *Төртіншіден*, қазақстандықтар ірі сыртқы нарыққа шығуға қол жеткізді. *Бесіншіден*, ел экономикасында ауқымды реформалар жүргізуге мүмкіндік алды. Қазақстан әлемдік сауданы реттейтін заңдар дайындау арқылы ұлттық мүддені қорғады.

Еліміздің ауылшаруашылығын дамытуға ЖІӨ-нің (жалпы ішкі өнім) 8,5% көлемінде субсидиялар бөлінген болса, Ресей, Украина, Қырғызстан, Молдова және Грузия сияқты елдерде бұл 5%-дан аспайды. Мемлекетіміз ауылшаруашылық кәсіпорындарына ірі тауар нарығына енуге көмектеседі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2015 жылғы «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарына еліміздің алдағы өсіп-өркендеуінің бағыттарын белгілеп берді.

6. «ЭКСПО–2017». 2011 жылы Қазақстан көрме өткізуге өтініш берді. Бізбен бірге бельгиялық Льеж, канадалық Эдмонтон және франциялық Лилль қаласы да өз кандидатурасын ұсынды. Соңғы екі қала кейін бас тартты да, бельгиялықтармен бәсекеге түстік. Бельгиялықтардың көптеген артықшылықтары болды. Олардың кең таралған дипломатиясы, түрлі көрмелер мен форум,



ЭКСПО–2017

симпозиумдар өткізуде тәжірибесі де мол еді. Бельгия – көптеген еуропалық мемлекеттермен ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды орнатқан ел. 2012 жылғы ЭКСПО халықаралық симпозиумында Қазақстан өз жетістіктерін көрсете білді. Экономикасы дамыған және өзін бейбіт мемлекет ретінде танытты. 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі еліміздің әлемдегі абыройы мен орнын жоғарылатты. 2012 жылы 22 қараша күні Парижде ЭКСПО штаб-пәтерінде жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Қазақстанды 103 мүше ел қолдады.

Ойлан

ЭКСПО өткізу еліміз үшін қаншалықты маңызды болды?

2017 жылы жазда Астанада ЭКСПО–2017 көрмесінде барлық қатысушы мемлекеттер инновациялық, технологиялық, ғылыми және мәдени жетістіктерін көрсетті. Қазақстан ТМД кеңістігінде ЭКСПО көрмесін өткізген ең алғашқы мемлекет болды. Бұл кездейсоқ таңдау емес. Қазақстан және оның елордасы Астананы (Нұр-Сұлтан) бүкіл әлем мойындады.

Еліміз адамзаттың «Болашақ энергиясы» өзекті мәселелерінің біріне шешімдер ұсына алды. ЭКСПО–2017 көрмесін 3 айдың ішінде 4 млн адам келіп тамашалаған. Қазақстан энергетика саласында жаңа технологияларға қол жеткізді. Елімізге жаңа инвестициялар, бүкіл әлемнің шағын және орта бизнесі тартылды. ЭКСПО–2017 келешекте іс-шаралар өткізуге мүмкіндігі бар қуатты алаңға айналды. Көрменің өткізілуі дағдарысқа қарсы ірі жоба ретінде де жұмыс атқарды. ЭКСПО–2017 елімізге отандық кәсіпорындарды қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу, мемлекеттік бюджетке қосымша кірістер әкелуге мүмкіндіктер берді.



1. ДСҰ-ға ТМД-ның қандай мемлекеттері кірді?
2. Үлкен кісілермен сөйлесіп, 90-жылдары елімізде тағы қандай әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтар болғанын анықтаңдар.
3. Қосымша материалдарды пайдаланып, Қазақстан мен Орталық Азияның басқа мемлекеттеріндегі ұлттық валютаны енгізудің ерекшеліктерін түсіндіріңдер.



Референдум – мемлекеттік маңызы бар мәселені халықтық дауысқа салу.

Интеграция – экономикалық субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-қимылын тереңдету.

Дүниежүзілік сауда ұйымы – халықаралық сауда ережелерін либерализм принциптеріне қарай реттейтін халықаралық экономикалық ұйым.

Шығармашылық тапсырма.

Кез келген экономикалық стратегияны алып
GROW әдісі арқылы талдау жасаңдар:

Goal – мақсаты

Reality – іске асырылуы

Options – мүмкіндіктері

Way forward – алға қарай өрекет ету





Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 29 қазандағы қаулысына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының аумағында 1993 жылғы 15 қарашада сағат 08.00-ден бастап (жергілікті уақыт) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілсін.

2. 1993 жылғы 18 қарашада сағат 08.00-ден бастап (жергілікті уақыт) теңге Қазақстан Республикасындағы бірден-бір заңды төлем құралына айналады. Теңге 100 тиыннан тұрады. Қазақстан Республикасында қолдағы ақша банкноттар мен монеталар түрінде айналыста болады.

3. Теңгені Қазақстан Республикасының аумағында меншік нысандарына қарамастан барлық жеке заңды тұлғалар төлемдердің барлық түрінде, сондай-ақ ешқандай шектеусіз салымдар мен шоттарға қосу үшін банктер қабылдауға міндетті.

4. Осы Жарлық қол қойылатын сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев. Алматы қаласы, 1993 жылғы қарашаның 12-сі. Қазақстан Республикасы. 10 жыл шежіресі. – Алматы, 2001, 170-б.



Ұлттық валютаны енгізудің экономикалық және саяси маңызы неде?

Бірінші бөлім бойынша тест тапсырмалары

1. Қазақтардың егіншілікке жаппай көшуі басталды:

- A) XX ғасырдың басында
- B) XIX ғасырдың басында
- C) XIX ғасырдың ортасында
- D) XVIII ғасырдың басында
- E) XVIII ғасырдың соңында

2. Көшпелі малшаруашылығы Ұлы дала тұрғындарының тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі ретінде қалыптасты:

- A) табиғи-географиялық фактордың әсерінен
- B) малшаруашылығының артта қалуынан
- C) жұт пен аурулар кесірінен
- D) жылқыны қолға үйретуден
- E) халық санының өсуінен

3. Ежелден егіншілік дамыған Қазақстанның негізгі аймақтары:

- A) Солтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағы
- B) Орталық және Солтүстік Қазақстан өлкесі
- C) Батыс пен Шығыс Қазақстан өңірі
- D) Орталық және Шығыс Қазақстан аймағы
- E) Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жері

4. Уықты иетін құрылғының атауы:

- A) атпа
- B) тез
- C) үскі
- D) шігір
- E) мөр

5. Көшпелі өмірге бейімделген, ерте заманнан келе жатқан көшпелілердің баспанасы:

- A) там
- B) киіз үй
- C) сарай
- D) жертөле
- E) қақыра

6. Араб географы әл-Макдиси бұл қала туралы былай деп жазды: «Жеті қабырғамен қоршалған үлкен қала, оның рабады бар, мешіт ішкі қалада орналасқан». Қай қала туралы айтылған:

- A) Сауран
- B) Сайрам
- C) Түркістан
- D) Сығанақ
- E) Отырар

7. Ұлы Жібек жолын қалпына келтіру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі түркі тілдес мемлекеттер президенттерінің бірлескен декларациясы қабылданды:

- A) 1996 ж. Ташкентте
- B) 1997 ж. Алматыда
- C) 1998 ж. Бішкекте
- D) 1995 ж. Душанбеде
- E) 1994 ж. Ашхабадта

8. Ірі бай шаруашылығын тәркілеу туралы Декрет қабылданды:

- A) 1921 жылы
- B) 1924 жылы
- C) 1928 жылы

D) 1939 жылы

E) 1941 жылы

9. Түркістан–Сібір теміржолы салынды:

A) 1921–1936 жылдары

B) 1924–1931 жылдары

C) 1927–1930 жылдары

D) 1939–1943 жылдары

E) 1946–1952 жылдары

10. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кірген жылы:

A) 2000 жылы

B) 2001 жылы

C) 2014 жылы

D) 2015 жылы

E) 2019 жылы

Бірінші бөлім бойынша зерттеу жұмысы:

Өртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері.

Бірінші бөлімге қорытынды

Ежелгі заманнан бері Қазақстан бірегей өркениет үлгісі ретінде басқа аймақтардан айрықша ерекшеленеді. Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқан Қазақстанның кең-байтақ даласында көшпелі және отырықшы мәдениет қатарласа дамыды. Қазақстан жері теңдесі жоқ дәулетті көшпелі малшаруашылығымен қатар, бай қала мәдениетінің де ошағы болды. Шығыс пен Батысты ұштастырған Ұлы Жібек жолында Қазақстан маңызды рөл атқарды. Дала мен қала өзара қарым-қатынастарында әлеуметтік-экономикалық байланыстары арқылы бір-бірінің мәдениетін байытты.

Алайда ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың дәстүрлі шаруашылығы ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында большевиктердің экономикалық саясаты нәтижесінде дағдарысқа ұшырады. Қазақ халқы дамуының табиғи үрдісі большевиктердің әрекеттерінен жасанды түрде бұзылып, оның зардаптары дәстүрлі шаруашылыққа үлкен апат-қасірет әкелді. Жер мен малдың нақты иесі ғасырлар бойы орын алып келген шаруашылық жүргізу тәсілінен шеттетіліп, оның орнына ұжымдық және мемлекеттік шаруашылықтар құрылды. Қуатты және дербес қожалықтардың мал-мүлкі тәркіленіп, мемлекет меншігіне өткізілді. Елдің экономикасы Кеңес мемлекеті мүддесіне орай дамыды. Экономикалық жүйенің басты қағидасы – жоспарлы экономика етіліп бекітілді.

Кеңес одағы ыдыраған соң, Қазақстан нарықтық экономика жолымен дамуға бет алған тәуелсіз ел ретінде қалыптасты. Экономиканы мемлекеттің иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасы қабылданды. Шетелдік инвестицияларды тарту, шағын және орта бизнесті дамыту тетіктерінің құқықтық негіздері бекітілді. Банк және қаржы жүйесі реформалары жүзеге асырылды. Аграрлық салада колхоздар мен совхоздар фермерлік шаруашылықтарға айналдырылып, мемлекеттің монополиясы жойылды.

2015 жылы Қазақстан ДСҰ құрамына еніп, әлемнің 185 елімен сауда қарым-қатынас жүргізді. Елімізде индустриялық-инновациялық даму стратегиясы қабылданып, стратегиялық бағдарламалар бойынша жобалар жүзеге асырылуда. Қазіргі негізгі бағытымыз – бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру.

Тәуелсіздік жылдары еліміз экономикалық, рухани-мәдени дамуында ірі жетістіктерге жетті.

БӨЛІМ

САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮРДІСТЕР

Төртінші тарау ҚАЗАҚСТАНДА ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

§13–14. Қазақстан халқы моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр – XX ғасырдың басы)

Оқу мақсаты:

- ✓ Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «аграрлық саясат», «көші-қон саясаты», «моноэтностық құрам» ұғымдарын пайдалану;
- ✓ Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Моноэтникалық құрам	Моноэтнический состав	Mono-ethnic composition
Жікшілдер	Раскольники	Dissenters

Тақырыпқа шығу:

Сурет пен тақырыпты байланыстырыңдар.



Есіңе түсір

Қоныс аударушылардың көптеп келуіне қандай оқиғалар себеп болды?

1. Өлке тұрғындары моноэтникалық құрамының өзгере бастауы. XIX ғасырдың 20-жылдарына дейін Қазақстан халқының түгелдей дерлік құрамы қазақтар болды. XIX ғасырдың 60-жылдары Қазақстан хал-

қының ұлттық құрамы өзгеріске ұшырай бастады. XVIII ғасырдан бастап казактар және әскери тұрғындар көбінесе бекіністер мен шептерде және станицаларда орналасты. 1824 жылдан округтік приказдар құрылуымен әскери казактар, кейіннен шаруалар Солтүстік-Шығыс Қазақстанды мекендей бастады. Осы кезде жаңа қалалар пайда болды. Қазақстанға Ресейден орыс шаруалары 1861 жылғы басыбайлылық құқықты жойғаннан және XIX ғасырдың екінші жартысындағы өлкеде жүргізілген әкімшілік реформалардан кейін кеңінен қоныс аударыла бастады.

1897 жылы Қазақстан аумағында 4 млн-нан астам адам өмір сүрді, олардың 81,7% -ын қазақтар құрады. Тұрғындардың қалған бөлігі казактар және қоныс аударушы шаруалар, ұйғыр, дүнген, татар, өзбек т.б. ұлт өкілдерінен тұрды. Қоныс аударушылардың едәуір бөлігі Қазақстанға XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында келді.

2. Орыстар. Қазақстанға алғаш қоныс аударғандар казактар мен әскери шенді орыстар еді. Олар шегара шебіндегі әскери бекіністер мен станицаларда тұрды. Кейін Қазақстанды отарлау әрекеті күшейген кезде казак әлеуметтік тобына қоныс аударып келген шаруалар мен мешандар, солдаттар да қабылдана берді.

Қазақстанға қоныс аударған орыс шаруалары шегарадағы әскерлерді, сондай-ақ Колыванов-Воскресенск зауыттарында, тау-кен өндірістерінде істейтін жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтау міндетін шешуге тиіс еді. Шаруаларды қазақ өлкесіне кеңінен тарту үшін патша үкіметі еркін отарлау әдісін де, күш қолдана отырып, еріксіз жер аудару тәсілін де қолданды. Кейде орыс шаруаларының қатары орталықтан айыпты болып қашқандардың есебінен де толықтырылды. Мысалы, Бұқтырма өзенінің аңғарына, Алтай тауының адам аяғы жете бермейтін биік қойнауына зауыт жұмысшылары, солдаттар

мен діни секта *жікшілдері* қашып кете беретін. Сібір әкімшілігі қашқындардың кенттерін жою және Бұқтырма аңғарына қашудың жолын кесу үшін қанша күш-жігер жұмсағанымен нәтиже шығара алмады. 1897 жылы Алтайда 90 мыңға жуық орыс шаруалары болды.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі аграрлық саясат жылдары Ресейдің еуропалық бөлігіндегі шаруалар Қазақстанға жаппай көшіріле бастаған еді. 1897 жылы Қазақстанның алты облысындағы орыстардың саны 544 мың адамға жетті. Орыс халқының өлкедегі негізгі бөлігін қоныс аударып келген шаруалар (40%), содан кейін казактар (33%), мещандар (19%), дворяндар (5%) және басқалары құрады. Қазақтар мен орыс тұрғындары арасында өзара шаруашылық-мәдени алмасулар орын алды.

3. Украиндықтар. Украиндықтардың алғашқы тобы Қазақстан аумағында XVIII ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Олар, негізінен, ұлт-азаттық қозғалыстарына қатысқандар еді. Украиндықтардың елеулі бөлігі қазақтың кең-байтақ даласына XIX–XX ғасырдың тоғысында, Ресейдің еуропалық бөлігінен шаруалардың жаппай қоныс аударуы кезінде келді. Қоныс аударушы украиндықтар, негізінен, Полтава, Харьков, Таврия, Херсон, Екатеринослав және Киев облыстарының шаруалары еді.

Украиндықтардың басты шаруашылық кәсібі егіншілік болды. Қазақ даласындағы белгілі украиндық диқандардың бірі Ақмола облысының Атбасар ауданы Қима болысына қарасты Запорожское селосының шаруасы Василий Марченко еді. Ол егістік топырағының құнарлылығын арттыру мақсатымен тұқым себудің жетілдірілген әдісін енгізді. «Сельский вестник», «Хлебороб» журналдарын үзбей оқып тұрды. Сол кездегі ең жаңа ауылшаруашылық техникаларын пайдаланды. Үй жануарларының тұқымын асылдандырумен де айналысты.

Қызықты дерек

1913 жылы Романовтар әулеті билігінің 300 жылдығын атап өту құрметіне ең үлгілі шаруашылық үшін белгіленген арнайы сыйлықтардың бірін В. Марченко жеңіп алған болатын.

Патша үкіметі шаруалардың қоныс аударуына қаншалықты отарландырушы сипат беруге тырысқанына қарамастан, украиндықтар мен жергілікті қазақтардың арасында достық тіпті туыстық қарым-қатынастар қалыптаса түсті. Мәселен, 1905 жылы Киевтегі шеруге қатысқаны үшін Ақмола облысының Ақмола уезіне жер аударылған Яков Латутаны Жоламан деген қазақ өкіл бала етіп асырап алып, оған Жақып Жоламанов деген есім берген. Жақып қазақ тілін меңгеріп алды және өз бетінше ізденіп, исламның негізін үйреніп, мұсылман дінін қабылдады. 1916 жылы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісі кезінде ол Қорғалжындағы көтерілісшілердің танымал басшыларының бірі болды.

Қазақстанды зерттеуге Т. Шевченконың қандай үлес қосқанын еске түсіріңдер.

Украиндықтардың негізгі құрамы (51%) Ақмола облысында шоғырланды. Олардың басым көпшілігі (87%) шаруалар еді, бірқатары (7%) мешкан тобына жатты. Украиндықтардың 5%-ға жуығы Ресей казактары қатарында әскери қызмет етті.



Тарас Шевченко

1897 жылғы халық санағының деректері бойынша Қазақстанда 87 мыңдай украиндық тұрды. Украиндықтардың қазақ өлкесіндегі бүкіл халықтың арасында алған өзіндік үлесі 2%-ға жуық еді.

Қазақ даласында украинның ұлы ақыны *Тарас Шевченко* орыс патшасының бұйрығымен жер аударылып, он жыл өмірін өткізді.

4. Татарлар. Қазақстанға татарлардың келуі патша үкіметінің қазақ өлкесін отарлауға кіріскен кезінен басталды. Алғашында патша үкіметі қазақ даласында ислам дінінің таралуына қарсылық көрсете қойған жоқ. Бұл ретте қазақтардың арасына молда болуға татарлардың дін қызметкерлері қатарынан ғана жіберілді. Мұның өзі қазақтарды Орта Азиядағы діни орталықтардың ықпалынан оқшауландыру мақсатымен жасалды.



Ақмола
қаласындағы
татар
зиялылары

Қазақ хандары мен сұлтандарының басым көпшілігі өздерінің жеке хатшылары етіп Орынборға таяу жердегі Сейітов слободасынан шыққан сауатты татарларды ұстады. Татар көпестер Ресей мен қазақ даласы арасындағы сауда-саттықтың дамуына байланысты белсенділігін күшейте түсті. Қазақтардың тілін, әдет-ғұрып және салт-санасын жақсы білгендіктен, татарлар сауда-саттық саласында делдалдық рөл атқарды. Татар көпестерінің қазақ даласындағы ықпалы мен беделі бірте-бірте күшейе түсті. Татарлар өлкенің ірі Петропавл, Семей, Орал, Көкшетау, Верный, Ақмола, Павлодар, Зайсан және Өскемен қалаларында тұрды. Олардың неғұрлым жиі орналасқан жерлерінде татар елді мекендері құрылды.

Бұл халықтың өкілдері қазақ даласында жаңа әдіспен оқытатын жәдидтік мектептер ашудың бастамашылары болды. Қазақтар татар зиялылары шығарып тұрған газеттер мен журналдарды зор ықыласпен оқыды. Қазақтың алғашқы газеттері мен журналдарын көбінесе татар көпестері қаржыландырып тұрды. Кейінірек патша үкіметі қазақ даласында исламның күшейіп бара жатқанынан қауіптеніп, сауатты және іскер татарлардың

қызметінен бас тарта бастады. 1897 жылы Қазақстанда тұратын татарлардың жалпы саны 56 мыңға дейін жетті. Мұның өзі Қазақстандағы бүкіл халықтың 1,3% -ы еді.

Анықта

Сібір шеғара шебі генералдарының көбісі неміс ұлтынан болуының себебі неде?

5. Немістер. Немістер Қазақстанда алғаш рет XVIII ғасырда әскери құрамалар қатарында келді. Олардың едәуір бөлігі Балтық бойы губернияларынан еді. Сібір шеғара шебінің басшысы қызметін атқарғандардың

көпшілігі немістен шыққан генералдар болатын. Олар Х.Т. Киндерман, И. Крафт, И. Шпрингер, Г.И. Глазенап және басқалар еді. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман да, Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзек те, Дала өлкесінің генерал-губернаторы М.А. фон Таубе де неміс ұлтынан еді.

Немістер жергілікті халықтың тарихы мен географиясын және этнографиясын зерттеудің бастамашылары бола білді. Дәрігерлер, мұғалімдер, тау-кен инженерлерінің арасында да неміс ұлтының өкілдері аз болған жоқ. Олар негізінен Омбы, Петропавл, Семей, Өскемен, Жәмішев сияқты тағы басқа да шеғара шебіндегі әскери бекіністерде тұрды.

Қазақ жеріндегі немістер санының арта түсуі XIX–XX ғасырлар тоғысына сәйкес келді. Қоныс аударып келген немістер, негізінен егіншілікпен айналысты және өңдеуші өнеркәсіп салаларында жұмыс істеді. Сонымен қатар олар мұнай кен орындарын игеруде, алтын, мыс өндіруде, кен өнімдерін өңдеуде белсенділік танытты.

Жаңа мекендерінде немістер дәстүрлі өмір салтын сақтап келді. Олардың арасында өзін-өзі басқару дәстүрі мықты сақталған еді. Немістер қоныстанған елді мекендерде халық әлдеқайда ауқатты тұрды. Олар жинақылығы, еңбексүйгіштігі және адалдығымен ерекше көзге түсті. Өздерінің ұлттық тілін, дінін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын, дәстүрлерін берік сақтауға тырысты. Көші-қон қиыншылықтарына қарамастан немістердің жеке ғибадатханалары және мектептері болды. Немістер қауым болып жинақы қоныстанды. Олардың көпшілігі (55%) сауат-

ты еді. Өлеуметтік құрамы тұрғысынан алғанда 1897 жылы немістердің 85% -ын шаруалар құрады.

1897 жылы Қазақстандағы және онымен шегаралас қалалардағы немістердің жалпы саны 7 мың адамға жуықтады. Олардың көпшілігі Ақмола облысын мекен етті. Бір тобы Сырдария облысында қоныстанды. Столыпиннің аграрлық реформасы кезінде немістердің Еділ бойынан, Қара теңіз жағалауынан ағылып келуі күшейе түсті. Сондай-ақ немістер қазақ даласына сонау Германия мен Австрияның тікелей өзінен де қоныс аударып келді.

6. Поляктар. Поляктар Қазақстан аумағына алғаш рет XIX ғасырдың басында келе бастады. Олар патша үкіметі қазақ өлкесіне жер аударған поляк көтерілісшілері болды. Жергілікті өкімет билігі поляктарды өз еріктерінен тыс Жайық және Сібір казактарының қатарына зорлықпен тіркеп жіберген болатын.

Жер аударылып келген поляктар Польшадағы 1830–1831 және 1863–1864 жылдардағы Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық көтерілістерге қатысушылар еді. Поляктардың қатарында ақын-жазушылар, суретшілер мен дәрігерлер, инженерлер және заңгерлер көп болды. Мәселен, **Адольф Янушкевич** қазақ халқының тарихын қызыға зерттеді. Суретші Бронислав Залеский «Қырғыз (қазақ) даласының тыныстіршілігі» деген ғажайып сурет салды. Ақын **Густав Зелинский** қазақтар өмірінен «Қырғыз» («Қазақ») және «Дала» деген поэмалар жазды. Владимир Недзвецкий Жетісу мұражайының негізін қалады. Ал Семейге жер аударылған Северин Гросс «Қырғыздардың тұрмысын заң тұрғысынан зерттеуге арналған материалдар» деген тамаша кітап жазды.



А. Янушкевич



Г. Зелинский

Патша үкіметі поляктарды әскери-әкімшілік қызметке де тартты. Поляктардың көпшілігі қалаларда тұрды. 1897 жылғы халық санағының деректері бойынша Қазақстанда мыңға жуық поляк тұрған. Олар, негізінен, Орал, Семей, Ақмола және Сырдария облыстарында қоныстанған еді. Олардың басым көпшілігін жер аударылғандар мен олардың отбасы мүшелері құрады.

7. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы. XIX ғасырдың 70–80-жылдары патша үкіметі ұйғырлар мен дүнгендерді Жетісу жеріне қоныс аударта бастады. Бұған дейін олар Қытайдың Іле өлкесінің аумағында тұрып келген еді. Ұйғырлар мен дүнгендер XVIII және XIX ғасырдың бірінші жартысында Қытай үкіметіне қарсы бірнеше рет көтеріліс жасады. Өздерінің ұлттық тәуелсіздігі жолында күресті. Алайда Қытай әскерлері көтерілістерді аяусыз басып жаныштады. Ұйғырлар мен дүнгендердің күресі барысында Іле өлкесінде Іле сұлтандығы құрылған болатын. Бұл мемлекеттік бірлестіктің құрылуы ондағы ішкі қарама-қайшылықтарды асқындырып жіберді. 1871 жылы Ресей әскерлері ол аймақты жаулап алды. Патша үкіметі өлке тұрғындарының отбасылық істеріне және өзара қарым-



Дүнгендер

қатынастарына араласпау саясатын ұстанды. Жергілікті билік органдары құрылды. Бірақ оны патша өкімшілігі өз бақылауында ұстады. Жалпы жағдай едәуір тұрақтандырылғандай еді. Алайда дүниежүзі жұртшылығының қысым жасауымен, ол өлкені Қытайға қайтару жөнінде келіссөздер жүргізіле бастады. Міне, осы кезде жаппай қырғынға ұшыраудың алдында тұрған ұйғырлар мен дүнгендердің болашақ тағдыры туралы мәселе көтерілді. 1881 жылы екі империя арасында Петербург бейбіт келісімшарты жасалды. Ұйғырлар мен дүнгендер бір жылдың ішінде Жетісу облысының аумағына қоныс аударды. 100 мыңға жуық ұйғыр мен дүнген жан сақтау үшін Қазақстан аумағына өтуге тілек білдірді.

Дүнгендердің Қазақстан аумағына алғаш қоныс аударуы 1877 жылы басталды. Сол жылы Қытай жазалаушыларынан құтылу үшін қашқан дүнгендер Жетісу жеріне жетті. Екінші толқын 1884 жылы өтті. Ал ұйғырлардың Жетісу жеріне қоныс аударуы 1881 жылы күзде басталып, 1884 жылға дейін жалғасты.

Ұйғырлар мен дүнгендерді Қазақстан мен Орта Азияға қоныстандыру арқылы Ресей екі түрлі мақсат көздеді: *біріншіден*, Қытайдың Құлжа өңіріндегі экономикалық базасын әлсірету; *екіншіден*, саяси жағдай шиеленісіп кете қалған жағдайда оларды Қытайға қарсы әскери күш ретінде пайдалану болды.

Патша үкіметі бұл жөнінде жергілікті қазақ халқының пікірімен санаспады. Бұл кезде Жетісу жері мемлекеттік меншік деп жарияланып қойған болатын. Ұйғырлар мен дүнгендер белгілі бір аумақта өз алдарына жеке қоныстануды қалады. Қоныс аударушылар, негізінен, Жетісу жеріндегі Верный және Жаркент уездеріне орналастырылды.

Ұйғырлар мен дүнгендер егіншілік, түрлі қолөнер кәсіптері, саудамен айналысты. Ұйғыр көпесі У.А. Юлдашев Ан-



У.А. Юлдашев

глиядан алдырған пароходын Іле өзеніне алғашқылардың бірі болып жүргізді.

Қазақстан аумағындағы ұйғырлар мен дүнгендердің саны бірте-бірте арта түсті. 1897 жылы Қазақстанда 56 мың ұйғыр, 14 мың дүнген болды.

Ізден

Елімізге басқа да ұлт өкілдерінің қоныс аудару себебін анықтаңдар.

8. Қазақстанға басқа халықтардың жер

аударылуы. Қазақстан аумағына XIX ғасырдың аяқ кезіне қарай жоғарыда көрсетілген этностық топтардан басқа да халықтар ағылып келе бастады. Ресейдің

еуропалық бөлігінен келген неғұрлым елеулі диаспора мордва-лықтар болды. 1897 жылы Қазақстанда олардың саны 12 мыңға жуықтады. Олар, негізінен, Ақмола облысының Көкшетау және Петропавл уездерінде, Торғай облысының Қостанай уезінде тұрды. Уақыт өте келе бірқатар шағын ұлыстар орыс халқымен араласып, *ассимиляцияланып* кетті.

Қазақстанның барлық қалаларында еврей ұлтының өкілдері де тұрды. Олар Ақмола және Сырдария облыстарында жинақы қоныстанды. Ресейдің еуропалық бөлігіндегі еврейлердің кәсіп түрлерін таңдауына шек қойылуы және еврейлерді қырып-жою оқиғалары XX ғасырға дейін олардың Қазақстан қалаларындағы санының едәуір арта түсуіне жеткізді.

Қорыта айтқанда, Ресей империясының отаршылдық саясатынан басталған өзге халықтардың Қазақстан жеріне қоныс аудару үрдісі XX ғасырдың басында өлкенің ұлттық құрамын үлкен өзгеріске жеткізді.



1. Орыс, украин және т.б. диаспоралар өкілдерінен шыққан қандай көрнекті тұлғаларды білесіңдер?
2. 1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағының деректері бойынша Қазақстанда тағы қандай этностардың өкілдері тұрды?
3. Қосымша деректерді пайдаланып, өздерің тұратын облыс, аудан, ауылдағы ірі диаспораларды, олардың саны мен орналасқан аймақтарын көрсетіңдер.
4. Қазақстандағы барлық диаспора өкілдері арасындағы бейбітшілік, өзара келісім жайлы мақал-мәтелдер келтіріңдер.
5. Республикадағы түрлі ұлт өкілдерінің тату тұрып жатқаны қазақ халқының парасаттылығы арқасында екенін дәлелдендер.



Ассимиляция – бір халықтың екінші халықпен араласып, ұлт ретінде сіңісіп кетуі.

Жікшілдер – православие дініндегі ағым. Жікке бөлінушілік, ел арасына іріткі салушылық.

Моноэтникалық құрам – құрамы бір ғана этникалық топтан тұратын ұлттық құрылым.



Адольф Янушкевич (1803–1857) – поляк халқының көрнекті демократ-революционері, көсемсөзші.

Шығармашылық тапсырмалар.

1-тапсырма. «Бір шаңырақ астында» деген тақырыпта 200–250 сөзден тұратын эссе жазыңдар.

Кілт сөздер: толеранттылық, полиэтникалық құрам, конфессия, қоғам, мемлекет.

2-тапсырма. Қосымша деректерді пайдаланып, Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдеріне зерттеу жүргізіңдер.



«Бұрыннан тұратын шаруалардың казактармен ортақ сипаты байқалады. Оларды бір-бірінен киген киіміне қарап ажыратуға болады. Казактардың басым көпшілігі киетін қырғыз (қазақ – авт.) шекпенін шаруалардың үстінен де көруге болады... Казактар мен шаруалардың арасындағы қарым-қатынас олардың бір-бірімен жақын екендігін тіпті де білдірмейді. Діни жікшілдердің, ескі діни наным-сенімдегілердің ауылдары бір-бірінен мүлде бөлек, жеке-дара орналасқан. Олар өздерінше бөлек өмір сүреді. Кейінгі жылдары Харьков, Полтава, Киевтен және басқа да губерниялардан келген малороссиялықтар, негізінен, Ақмола мен Атбасар сияқты уездерге орналасты. Олардың деревняларын шикі кірпіштен салынып ақталған, төбесі сабан аралас қамыспен жабылған үйлеріне қарап білуге болады. Олар қоныс аударушы орыс шаруаларынан бөлек болғанды ұнатады.

Отарлық өлкеден көшіп келген немістер (менониттер, баптистер және басқалары), сондай-ақ эстондықтар мен латыштар Ақмола облысында XIX ғасырдың 90-жылдарында пайда болды. Олардың бірқатары Омбыға жақын маңда өздері

жалға алған жерлерде, екінші бір бөлігі Ақмола уезіндегі Преображенский, Романовский, Канкринский поселкелерінде тұрады, орыстармен араласпайды. Олардың бір-бірімен өштесіп жауласқаны сонша тіпті Романовский поселкесінде қарулы қақтығыстарға дейін барған. Сондықтан да патша үкіметінің жергілікті өкімшілігі орыстарды ол жерден басқа жаққа көшіруге мәжбүр болды. Поляк, еврей, сарттар тек қалаларда ғана тұрады, сауда-саттықпен, басқа да коммерциялық кәсіп түрлерімен шұғылданады. Башқұрттар мен қалмақтар кейде Орал мен Торғай облыстарындағы деревняларда тұрып, ауылшаруашылығымен айналысады...»

Ресей. Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы. Орыс адамдарының қолынан түспейтін және жолға шыққанда алып жүретін кітабы. Редакциясын қараған Семенов П.П. Қырғыз өлкесі. СПб., 1903, XVIII том, 198–199-беттер.



Қалаларда негізінде қандай ұлт өкілдері тұрды? Қазір ол жағдай өзгерді ме?

§15–16. Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы

Оқу мақсаты:

- ✓ Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «депортация», «арнайы қоныс аударылғандар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдалану;
- ✓ Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу;
- ✓ кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Полиэтникалық қоғам	Полиэтническое общество	Polyethnic society
Ұлттық саясат	Национальная политика	National politics

Тақырыпқа шығу:

... Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.
Татулық, достықтың киелі бесігі –
Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!

1992–2006 жылдардағы Қазақстан Республикасының Әнұранынан үзінді.

1. Өлең жолдарын тақырыппен қалай байланыстыруға болады?
2. Неліктен Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері тұрады?

1. XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қазақстан халқы. 1917 жылы халық санағы жүргізілді. Санақ бойынша өлке халқының саны 6 млн адамнан асты. 1897 жылғы санақпен салыстырғанда халықтың саны біршама өскендігі байқалды. Республикада жыл өткен сайын этностық топ өкілдерінің құрамы да өсе түсті. Славян текті этнос өкілдері, негізінен, солтүстік, солтүстік-шығыс облыстарда өмір сүрді. Осы жылдардағы демографиялық ахуал көрсеткіші бойынша елімізде жергілікті қазақ ұлтының құрамы басым еді. Дегенмен олардың жалпы халық құрамындағы үлес салмағы айтарлықтай азайған. Оның себебі, ең алдымен, балалар өлімінің өсуі мен халықтың табиғи өсімінің төмендігі және соғыс салдарынан орын алған ауыр зардаптардың әсері болды.

1920 жылы тамызда Қазақ (*Қырғыз* – авт.) АКСР-і құрылды. Жаңа автономияның астанасы ретінде Орынбор қаласы бекітілді. Қазақ АКСР-і құрамына Семей, Ақмола, Торғай және Орал губерниялары, Маңғышлақ уезі, Красноводск уезінің, Каспий сырты облысының және Астрахан губерниясының, соның ішінде Бөкей Ордасының бір бөліктері енді. 1920 жылы

қыркүйекте қазақ автономиясына Орынбор губерниясының бір бөлігі қосылды.

Зерттеу жүргіз

Не себепті 1925 жылға дейін «қазақ» атауының орнына «қырғыз» атауы қолданылып келді?

Азамат соғысы аяқталысымен алғашқы кеңестік санақ жүргізілді. Аталған шараның нәтижесі бойынша ол кезде автономия аумағында 3 млн-ға жуық адам өмір сүрген, олардың 91%-ы ауылдық жерде мекендеді, қалғаны – қалалар мен қалалық елді мекендерде тұрақтаған. «Ақтар» мен «қызылдар» қарсыластығы елде әлі де кейбір ошақтарда басылмағандықтан, бұл санақ Қазақстанның барлық аймағын қамтымады. Басқа ұлт өкілдері санының көбеюіне байланысты халық құрамы елеулі өзгерістерге ұшырады. *Ұлттық саясатта* интернационализм ұғымы орнықты.

Азамат соғысынан кейін азық-түлік салғыртының нәтижесі, шаруашылық күйзеліс, аштық салдары 1917–1920 жылдар аралығында халық санының кемуіне әкелді.

1918 жылғы кеңестердің Бүкілтүркістандық V съезінде «Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы» туралы ереже бекітілді. Қазақтардың басым бөлігі ТАКСР-інің Сырдария және Жетісу облыстарында шоғырланды.

1924 жылы Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеуге байланысты ТАКСР-і таратылды. Сол жылдың қазан айында Түркістан АКСР-інің құрамындағы қазақтар мекендеген жерлердің (Сырдария мен Жетісу) Қазақ АКСР-іне қосылғандығы туралы қаулы бекітілді.



2. ҚазАКСР-і полиэтникалық қоғамының өзгеріске ұшырауы.

Оңтүстік облыстарды қосу нәтижесінде Қазақстан аумағы ұлғайды. Қазақ АКСР-і одақтас республикалар арасында көлемі жағынан екінші орын алды (РКФСР-дан кейін – *авт.*). Қазақ халқының аумақтық бірігуі мемлекеттілікті нығайтып, республиканың экономикалық және мәдени дамуы үшін маңызы зор болды. Қазақстанның халық саны ұлғайып, аумағы кеңейді, күш-қуаты артты.

1925 жылы сәуірде Орынбор губерниясы Қазақ автономиясы құрамынан шығарылды. Республика астанасын Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшіру және Ақмешітке Қызылорда атауын беру туралы қаулы қабылданды.

Билікке большевиктер келгенімен, Ресейдің еуропалық бөлігінен орыс шаруалардың қоныстануы жалғасып жатты.

1926 жылы Бүкілодақтық халық санағы өткізілді. Қазақстанның демографиялық көрсеткіші халық санағының қорытынды мәліметі бойынша 6,2 млн адамды құрады. Полиэтникалық республикамызда 86 ұлт пен ұлттық топтар өмір сүрді. Қазақтардың халық құрамындағы үлесі – 58,5%, орыстар – 20,6%, украин – 13,9% құрады. Қазақтар негізінде Сырдария, Орал, Ақтөбе және Жетісу губернияларында тұрды. Орыстар Ақмола және Семей губернияларында шоғырланды. Қостанай округі мен Ақмола губернияларында украиндардың үлкен топтары орналасты.

Талқыла

Қазіргі таңдағы ауылдан қалаға көшу үдерісіне салыстырмалы талдау жасаңдар.

3. 1937 және 1939 жылғы халық санақтары бойынша Қазақстан халқының саны мен ұлттық құрамы. 1928 жылы байларды тәркілеу, саяси қуғын-сүргін, 30-жылдардағы жаппай етек алған ашаршылық жалпы халық санының әсіресе қазақтардың кемуіне жеткізді. Тек ашаршылық кезінде республика 2 миллионға жуық жергілікті тұрғындарынан айырылды.

1937 жылғы халық санағы бойынша 5,1 млн адам тіркелді. Оның ішінде қазақтар – 42,6%, орыстар – 37,4%, украин-

Ойлан

Не себепті халық санының азаюы ұлт өкілдерінің «көшіп кетуімен» түсіндірілді?

Қазақстанның ұлттық құрамы өзгеруінің үрдісін қанша кезеңге бөлуге болады?

дар – 10,7% адамды құрады. 1937 жылы қаңтарда өткізілген бір күндік санақ қорытындысы дұрыс емес деп танылып, мәліметтері құпия сақталып, жойылды. Халық санының азаюын көшіп кеткен ұлт өкілдері санымен түсіндірген. Санақ жүргізгендердің біразы қуғын-сүргінге ұшырап, көпшілігі атылды. Бұл санақ материалдары жарияланбай, ұзақ уақыт бойы КСРО мұрағаттарында сақталып қалды.

1939 жылғы санақ бойынша республикадағы қазақтар саны 2,3 млн адам болды. Қазақстанда этностардың жаңа көрсеткіші қалыптасты. Ұлттық құрамындағы қазақтардың үлесі 37,8%-ға азайды. Ал, жалпы халықтың үлес салмағының 40%-ын орыстар құрады.

4. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықтар депортациясы. XX ғасырдың 30–40-жылдары КСРО басшылығы жеке халықтарды республика аймағына *депортациялау*, күштеп жер аударуды жүзеге асырды. 1936 жылы «арнайы қоныс аударылғандар» деп аталғандардың саны 360 мың адамға жетті. 1936 жылы Қазақстанға Украинаның батыс аудандарынан 15 мың поляк және неміс отбасылары жер аударылды.



Герольд Бельгер

Қуғын-сүргінге ұшыраған халық өкілдері қазақ жерінде екінші отанын тапты. Солардың бірі белгілі жазушы Герольд Бельгер Солтүстік Қазақстандағы Есіл өзені жағасында орналасқан шағын ауылға көшірілген неміс отбасында өсті.

1937 жылы Қиыр Шығыстан корей халқы да жаппай күштеп қоныс аударылды.

Түркия мен Иран шегараларына жақын орналасқан аз ұлттарға сенімсіздік күшейе түсті. 1937–1938 жылдары Кавказдан шегара аймақтарында тұратын күрд, ирандықтар мен түріктер «сенімсіз халықтар» деген желеумен көшірілді.

Анықта

Неліктен Қазақстан аумағына өзге ұлттар күштеп қоныс аударылды?

Қазақстан аумағына
күштеп қоныс
аударылғандар



1937 жылдың соңында Өзірбайжан, Армения КСР-і елдерінен мыңнан астам күрд, түрік отбасылары Қазақстанға әкелінді. Оларды, негізінен, Оңтүстік Қазақстан мен Алматы облысының ауылдарына орналастырды. 1938 жылдың қазан-қараша айларында Өзірбайжаннан осы облыстарға ирандық 2000 отбасы қоныстандырылды.

КСРО ХКК қаулысымен 1940 жылы Қазақстанға Украинаның батыс аудандарынан – 6478, Батыс Белоруссиядан – 203 қоныс аударушы-поляк отбасы және Бессарабиядан 8 мың адам көшірілді.

Күштеп қоныс
аударылған корей
балалары



5. Соғыс жылдарындағы кеңес өкіметінің депортациялық саясаты. Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстанның этно-демографиялық жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. Қазақстанға жүздеген мың адам еріксіз көшіріліп әкелінді. Жалпы соғыс жылдары алпыстан астам ұлт өкілдері күштеп қоныс аударылды.

Ойлан

Қоныс аударылған ұлт өкілдерінің басым бөлігі неліктен Қазақстан аумағына көшірілді?

КСРО-ға шабуыл жасаған «фашистік Германия әскеріне көмектесуі мүмкін» деген сылтаумен 1941 жылы қыркүйек айында депортацияның алғашқы легі кеңестік немістерді көшіру науқанынан басталды. 1939 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 92 мың неміс ұлтының өкілдері тіркелсе, соғыс жылдары 462 мың неміс күштеп көшіруге жоспарланды.

1941 жылдың аяғына дейін Қазақстанға 420 мың неміс жер аударылды. Оның ішінде 30 мың неміс ұлты – Алматы облысына, 60 мың – Ақмола облысына, 30 мың – Қарағанды облысына, 40 мың – Қостанай облысына, 50 мың адам – Солтүстік Қазақстанға қоныстандырылды.

Арнайы қоныс аударылғандар көбінесе тек елді мекендерге орналастырылды. Үй-жай, мал-мүлігін тастап, көшу кезінде оларға өзімен бірге тек қажетті заттарды ғана алып кетуге рұқсат берілді. Ұлты неміс әскери басшылар мен әскер қатарындағылар армиядан аластатылды. Неміс халқы республиканың облыс орталықтарынан көшіріліп, соғыс кезінде өндіріс орындарындағы ауыр жұмыстарға жаппай жұмылдырылды, МТС, совхоздар мен колхоздарға жіберілді.

Көшірілген халықтардың арасында адам өлімі көп болды. Ауру мен аштық жиі орын алды. Адамдар бір ауылдан екінші ауылға қатынаса алмады. Жеке құжаттары болған жоқ. Бәрі де арнайы комендатураның қатаң бақылауында еді. Барлық құқықтарына тыйым салынды. Қазақстаннан әскери комиссариат арқылы еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді, олардың қатарында қазақтардың саны 200 мыңға жетті. Мәселен, 1942 жылы қыста Магнитогорск металл балқыту пештерінде 10 мың

қазақ жұмысшы істеген. Еңбек армиясындағы адамдардың өмірі өте ауыр еді. Шақырылғандардың негізгі бөлігі ауыл тұрғындары болды, оларды қара жұмысқа пайдаланды.

1943 жылы қазанда Қарашай автономиялық облысы таратылып, қарашайлар күштеп көшіріле бастады. Облыстан 14 774 отбасы, жалпы 70 мыңдай адам депортацияланды. Сол жылы *Еділ қалмақтары* елдің шығыс, солтүстік аудандарына және Оралға жер аударылды. Жалпы 100 мыңға жуық адам көшіріліп, оның 648 отбасы немесе 2 268 адамы Қызылорда облысына қоныстандырылды.

1944 жылы қаңтарда Мемлекеттік қорғаныс комитеті қаулысымен Қазақ КСР-і және Қырғыз КСР-і жеріне шешен және ингуш халықтарын көшіру туралы шешім қабылданды. Аталған халықтарды көшіру 1944 жылы ақпанда басталды. Шешен-Ингуш АКСР-і таратылды. Архив құжаттары бойынша 1945 жылы қазан айында республикаға 400 мыңнан астам адам, жалпы 90 мыңдай отбасы көшірілді.

Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1944 жылы қаулысымен Қазақстанға балқар, месхетиялық түріктер, күрдтер қоныстандырылды.

Ойлан

Қоныс аударылған ұлт өкілдерін қазақтар қалай қарсы алды?

Шығармашылықпен айналыс

Депортацияның түрлі салаларда қандай із қалдырғанын анықтап, ойыңды екі мысалмен қорытындыла.

Саяси сала	Әлеуметтік сала	Мәдени сала
Қорытынды	Қорытынды	Қорытынды
1. ...	1. ...	1. ...
2. ...	2. ...	2. ...

1946 жылы Кеңес одағы бойынша қоныс аударылғандардың жалпы саны 2 463 940 адам, оның жартысы (1 миллион 200 мың адам) Қазақстанға көшірілді.

Депортацияланған ұлт өкілдеріне өздерімен бірге 200 кг жүктен артық алмау ескерілді. Өз жерінде қалған үй-жайын, мал-мүлкін жергілікті билік органдарына өткізіп, жаңа жерде сол үшін өтемақы алуға тиісті еді. Бірақ іс жүзінде тиісті көмек көрсетілмеді. Көшірілген халықтардың материалдық-тұрмыстық жағдайы өте ауыр болды, қаржы жетіспеді. Олардың материалдық мұқтажына байланысты мәселелер толық шешімін тапқан жоқ. Жергілікті өкімет билік органдары жер аударылғандарға қаражат пен азық-түлікті дұрыс бөлмеді. Суықтан, аштықтан, аурудан көптеген адам қырылды. 1944–1948 жылдар аралығында 101036 шешен, ингуш, балқар ұлт өкілдері қаза тапты. Келген 462 мың неміс ұлт өкілдерінен соғыс аяқталған кезде 330 мың адам қалды.

Кеңес өкіметінің ұлтаралық озбырлық саясатына қарсы наразылық өрши түсті.



6. Бүкілодақтық санақ қорытындылары бойынша халықтың ұлттық құрамындағы өзгерістер. Саяси қуғын-сүргін, Екінші дүниежүзілік соғыс республиканың 600 мыңға жуық адамының өмірін жалмады. Дегенмен соғыстан кейінгі жылдары республика халқының саны қалпына келе бастады. Тұрғындардың табиғи өсімі еселенді. Әсіресе 50-жылдардың ортасында КСРО-ның одақтас республикаларынан ағылған жүздеген мың тың игерушілер есебінен көбейді.

Кеңес халқының миллиондаған адамға кемуіне байланысты санақ тек 1959 жылы өткізілді. 1959 жылғы санақ бойынша республика аумағындағы халық саны 9,3 млн адамды құраған.

1959–1970 жылдары Қазақстанға сырттан келушілердің көші-қоны азайып, ұлттық құрамында қазақтардың үлесі ұлғайғаны байқалады.

1950 жылдардың соңы – 1960 жылдардың басында республикадағы бала туу көрсеткіші жалпы одақтық көрсеткіштен 2 есе жоғары тұрды. Сонымен бірге халықтың өлім-жітімі, сәбилер өлімі біртіндеп төмендеді. Медициналық қызмет көрсету жақсарды. Қазақстан халқын 13 млн адам құрады.

1970–1989 жылдары Қазақстандағы қазақтардың негізгі этнодемографиялық сипаттамасы: халық аштықтың және 30-жылдардың қуғын-сүргін салдарынан қалпына келе бастауы еді. Қазақстанның барлық облыстарында қазақтар саны көбейді. Ұзақ жылдар бойы солтүстік және шығыс аймақтарда азшылықты құраған қазақтардың үлесі артқаны байқалды.

Қазақстандағы қазақтардан кейінгі көпшілікті *орыс* ұлты құрады. 1970 жылы – 42,4%, 1979 жылы – 40,8%, 1989 жылы – 37,8% болды. Саны бойынша көрсеткіш жоғарылағанымен, республикадағы жалпы халық санының құрамында пайыздық үлесі төмендегенін байқаймыз.

Украин халқының саны 1959 жылдан бері азая бастады. 1970 жылғы санақ бойынша 933 мың украин (7,2%) тіркелсе,

Жұптық жұмыс

1970–1989 жылдардағы Қазақстандағы этно-демографиялық жағдайға қандай баға бересіңдер?

**Қазақ халқының 1959–1989 жылдар аралығындағы
демографиялық көрсеткіші**

1959	1970	1979	1989
2,8 млн (29,8%)	4,2 млн (32,6%)	5,3 млн (36%)	6,5 млн (39,7%)

1979 жылғы санақ дерегінде – 898 мың адамды (6,1%), 1989 жылы бұл көрсеткіш одан әрі азайып 5,5%-ды құрады. 1970–1989 жылдар аралығында украиндер саны Қазақстаннан кері кету есебінен азайды.

XX ғасырдың 30–40-жылдары кеңестік биліктің қысымымен Қазақстанға қоныс аударылғандар мен жергілікті тұрғындар арасында мәдени тұрғыда қарым-қатынас орнықты. Қоныс аударғандар қазақ тілін меңгерді, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысып, ұлттық тағам мен киім кию салтын да қабылдай бастады. Өз кезегінде жергілікті қазақтар жаңадан көшіп келгендердің музыкасы, тағам мәзірі, бау-бақша өсіру тәсілдерін меңгерді.



1. Өр облыстағы ұлттардың қоныстану ерекшеліктерін анықтаңдар.
2. Тоқырау жылдарында не себепті ауыл халқы қалаға көшті?
3. Кеңестік билік кезінде республикалар дербес ұлттық саясатын жүргізе алар ма еді? Зерттеу жүргізіңдер.



Ұлттық саясат – бір мемлекетте тұратын әртүрлі этностардың, этникалық топтар мен диаспоралардың арасындағы қарым-қатынастарды реттеу.

Полиэтникалық қоғам – бірнеше этникалық және ұлттық топтардан, диаспоралардан тұратын қоғам.

Депортация (лат. – қуу) – 1920–1940 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін кезеңінде КСРО-ның бірқатар халықтарын тарихи мекендеген жерлерінен қуу. Депортация ауыр қылмыстардың қатарына жатады.

Шығармашылық тапсырмалар.

1-тапсырма. Қосымша материалдарды пайдаланып, XX ғасырдың 30–40-жылдарында Орталық Азияның қай мемлекеттеріне қандай ұлттардың жер аударылғандарын (сандық мәлімет) анықтаңдар.

2-тапсырма. Тарихи деректер мен көркем әдебиеттер негізінде «Қазақстанға жер аударылған немістердің тағдыры» тақырыбында шағын эссе жазыңдар.



Жүздеген шешендер мен ингуштер Ембі кәсіпшілігінде, таулы Алтай, Қоңырат, Текелі кеніштерінде жұмыс істеді. «Жұмысшы колонналарының» еңбек жағдайы туралы НКВД Челябинск металлургия құрылысы лагері тұтқындарының бірі кейіннен былай деп есіне алады: «1942 жылы 9 ақпанда болашақ комбинаттың құрылыс алаңына 25 мыңнан аса жұмысқа шақырылған кеңес немістері келді...» Осы арада біз тоң жерден жертөлелер қаздық, даладан гөрі сөл жылы болатын және түнде көрпелеріміз сыз еденге жабысып қалатын. Өр күні таңертең «подъем» (тұрындар) және «бегом» (жүгіріндер) командасымен шамасы келгендер жуындыға өте ұқсас қоймалжың сұйық «баландаға» жүгінетін едік...»

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы. 2010, 512-бет.



Қосымша материалдарды пайдалана отырып, еңбек армиясындағы қоныс аударғандардың әлеуметтік-құқықтық жағдайын анықтаңдар.

Бесінші тарау

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

§17–18. Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты

Оқу мақсаты:

- ✓ көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін «көші-қон», «эмиграция», «иммиграция», «репатриант», «диаспора», «ирредента» ұғымдарын пайдалану;
- ✓ қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Диаспора	Диаспора	Diaspora
Репатриант	Репатриант	Repatriate
Ирредента	Ирредента	Irredenta
Иммиграция	Иммиграция	Immigration
Эмиграция	Эмиграция	Emigration

Тақырыпқа шығу:

1. «Көші-қон» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Қазақстанның көші-қон саясаты туралы не білесіңдер?

1. Тәуелсіз Қазақстандағы көші-қон саясатының ерекшеліктері. Көші-қон мемлекет халқының санына, ұлттық құрамы

мен қоныстануына, табиғи қозғалыстың үдерістеріне әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Сонымен қатар көші-қон еліміздегі ауыл мен қала тұрғындарының өзара үлес салмақ өзгерістерінде, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде және ұлттық қауіпсіздік жағынан маңызды рөл атқарады. Кеңестік кезеңнің соңғы жылдарында республиканың ұлттық құрамында қазақтардың үлес салмағы төмен болды.

Сондықтан Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың ерекшелігіне сәйкес көші-қон саясатын жүргізуге белсенді кірісті. Ең алдымен, шетелде тұратын этникалық қазақтардың ұлттық бірігуі және тарихи отанына оралуы үшін көші-қон саясатының басқару жүйесін жетілдіру қарастырылды. 1992 жылы маусымда отандастарымыздың тәуелсіз елімізге көшуінің құқықтық негіздері реттелген «Көшіп келу туралы» Заң қабылданды.

Ойлан

«Көшіп келу туралы» Заңды қабылдаудың қаншалықты қажеттілігі болды?

1997 жылы қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңында көші-қон ағынын реттеу жүйесін жетілдіру, этникалық қазақтарды тарихи отанына қабылдау тәртібі мен азаматтық алу мүмкіндіктері нақтыланды. «Халықтың көші-қоны» заңында *репатриант* деп танылған адамдардың құқықтық мәртебесі анықталған.

Тұжырымдаманың басты қағидалары бойынша адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау; нәсілі, тілі, діні, этникалық және әлеуметтік шығу тегі, көзқарасы, саяси сенімі сияқты белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермеу басымдықтары айқындалған.

2017 жылы «Қазақстан Республикасының 2017–2021 жылдарға арналған миграциялық саясаты» тұжырымдамасы қабылданды. Бұл шетелдерде тұратын қандастарымыздың тарихи отанына оралуына кеңінен жол ашты. Көші-қон саясатының негізгі бағыттары айқындалды. Қазақстан Республикасының



Конституциясы бойынша әркімнің республикадан тыс жерлерге кетуіне және кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

2. Көші-қон үрдістерінің негізгі кезеңдері. *Бірінші кезеңде* (1991–2003 жылдар) көші-қон республика аумағынан кейбір тұрғындардың үдере көшіп кетуімен сипатталды. Елімізден еуропалық этнос өкілдері өз тарихи отандарына көше бастады. КСРО ыдыраған соң алғашқы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, өндірістің құлдырауы көптеген ұлт өкілдері, соның ішінде орыстар – Ресейге, поляктар – Польшаға, немістер – Германияға т.б. елдерге көшіп кетуі нәтижесінде республикада аталған этностар өкілдері санының азаюы орын алды. Бұл жағдай республика тұрғындары санының кемуіне, еңбекке жарамды білікті кадрлар қатарының сиреуіне әкелді. Сондай-ақ жұмыссыздық өсіп, отбасыларда ажырасулар көбейді. Қылмыстар саны артты. Халықтың табиғи өсуі, бала туу көрсеткіші төмендеді.

Осы жылдары республика халқының саны 16 793,1 мыңнан 14 886,8 мыңға кеміді. Сыртқы көші-қондағы жоғары шегі 1994 жылға сәйкес келеді. Елден 811,3 мың адам көшіп кетті. 1991–2008 жылдары республикада жалпы 3,5 млн адам көші-қон қозғалысына түсті. Сондай-ақ басым көпшілігі Ресейге –

1 550 мың, Украинаға – 52,6 мың, Белоруссияға – 39,7 мың адам көшіп кетті. Қазақстаннан тұрғындардың көшу үрдістерінің негізгі себебі ретінде 90-жылдардың ортасында орын алған экономикадағы дағдарысты, сонымен қатар азаматтардың атамекенімен қайта қауышу мақсатын айтуға болады. Оның үстіне психологиялық факторлар да басым болды: көптеген адамдар тарихи отанында тұрып жатқан туыстарымен байланыстары үзіліп, ертеңгі күніне деген сенімін жоғалтты, шегарадан өтудің қиындықтары туындауы мүмкін деген үрей мен тарихи отанында азаматтық алу мәселесі де алаңдатты. Сондықтан бұл этнос өкілдері өз елдеріне оралуға, тездетіп көшуге кірісті. Аталған мәселелерді ескере келе, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 1998 жылы ТМД Саммитында «Қарапайым адамдарға қарай 10 қарапайым қадам» ұсынған болатын. Бұл бастаманың жүзеге асыруда азаматтық алу барысындағы жеңілдіктер, шегарада азаматтарымыздың, жүктердің, тауарлардың кедергісіз өтуі және ақпараттық байланыс аясын кеңейту т.б. мәселелер қарастырылды.

2004 жылдан бастап көші-қон ағысының қарқыны төмендеп, халық саны өсіп, миграциялық үрдістің *екінші кезеңі* басталды. Өсудің негізгі көзі табиғи өсім болды. Бұл өсім мұсылман-түркі халықтарында (қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрік, түрікмен, ұйғыр, дүнген, тәжік) айқын байқалды. 2004–2009 жылдары республика халқының саны 826,9 мың адамға көбейді. 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының саны 19 миллионға дейін жетті.

3. Ішкі көші-қон ерекшеліктері. Тәуелсіздік жылдары ішкі көші-қонның негізгі бөлігі ауылдық жерлерден ірі қалаларға көшумен жалғасты. Еңбек мигранттарының едәуір бөлігін қазақ жастары құрады. 1994 жылдан 1998 жылға дейін ауылдық округтер саны 2522-ден 2042-ге қысқарды. Ұжымшарлар мен кеңшарлар таратылды, ауыл инфрақұрылымы өзгеріске ұшырады. Жұмыссыздық күшейе түсті.

Экономикалық дағдарыс нәтижесінде қалалардың пайда болып, өсіп дамуына жол ашқан зауыт, фабрикалар тоқтап қалды.

1989–1999 жылдары шағын қалаларда тұрғындардың саны азая бастады. Мысалы, Лениногорск – 13,7 мың, Зыряновск – 18,4 мың, Арқалық – 20,3 мың, Шахтинск – 41,8 мың адамға қысқарды.

Осы кездері халқымыздың демографиялық және әлеуметтік дамуы ірі бетбұрыстар мен күрделі өзгерістерге ұшырады. Қазақстан үкіметі 2008 жылы көші-қонды басқару жөнінде «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасын бекітті.

Пікірің қажет

Ішкі көші-қонның басқа ерекшеліктері туралы не айта аласыңдар?

«Нұрлы көш» бағдарламасының негізгі мақсаты – шетелдердегі қандастарымызды және еліміздің оңтүстік өңірінен солтүстік өңіріне қазақтарды ұтымды қоныстандыру.

«Нұрлы көш» бағдарламасы аясында мемлекет ел тұрғындарын халқы тығыз, еңбек күші мол оңтүстік облыстардан республикамыздың солтүстік өңірлеріне көшіру саясатын қолға алды. Отанына оралған қандастарды да солтүстік аймаққа орналастыру шарасы жүргізілді. Бала туу деңгейі төмен және жұмыс күшінің тапшылығы бар өңірлердегі кадр мәселесін шешуде «Серпін» атты бағдарлама да сәтті жүзеге асырылып, үлкен маңызға ие болды.

Анықта

«Серпін» бағдарламасына қандай мақсат қойылған?

2014 жылдан бастап «Серпін» жалпыұлттық жобасы жүргізіліп келеді. Осы жоба бойынша мамандар даярланып, еңбек ресурстары мол аймақтардағы жастарды сұранысқа ие мамандықтар бойынша батыс және солтүстік аймақтарға оқуға тартады.

4. Шетелдердегі қазақтардың туған Отанына қайта оралуы. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мәліметтері бойынша ХХ ғасырдың 90-жылдары қазақтар әлемнің 40 елінде тұрды. Олардың ішінде 3 млн 137 мың қазақ – жақын шетелдерде, 2 млн 529 мың қазақ – алыс шетелдерде мекендеген. Қазақтар көп тұратын елдер: Қытайда – 2 млн 260 мың адам, Өзбекстанда – 1 млн 750 мың адам, Ресейде – 1 млн 100 мың адам, Моңғолияда – 150 мың адам, Түркіменстанда – 150 мың адам, Қырғызстан-

да – 95 мың адам, Ауғанстанда – 30 мың адам, Түркияда – 15 мың адам шоғырланған.



1991 жылы ақпан айында республикаға Моңғолиядан еңбек квотасы бойынша 97 қазақ көшіп келді. Олар бұрынғы Талдықорған облысына орналасты. 1991 жылдың тамыз айында 1492 отбасы Семей, Қарағанды, Павлодар, Қостанай облыстарында мекен етті. Жалпы 1991–1993 жылдары Қазақстанға Моңғолиядан 60 мыңға жуық адам көшіп келді.

1993 жылы қазақтардың елге оралуы үшін арнайы квота бекітілді. Мысалы, 2009 жылы көшіп келу квотасында – 20 мың отбасы қарастырылды. Тәуелсіздік жылдары республикаға 1,5 млн-ға жуық қазақ қайтып оралды. Ең үлкен бөлігі Өзбекстаннан, Моңғолия мен Қытайдан келді.



Туған жермен қауышу

5. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы және отандастарымыздың елімізге оралуының маңызы. 1991 жылы республикада жергілікті ұлт өкілдерінің үлес салмағы 40%-ды құрады. Қазақ халқының азшылыққа айналуына қуғын-сүргін, күштеп қоныс аударту, депортация, өлкедегі ашаршылық секілді оқиғалар әсер еткен. Сарапшылардың пікірінше, кез келген елдің ішкі этносаралық тұрақтылығын сақтау үшін жергілікті ұлт өкілдерінің үлес салмағы 75–80% болуы керек. Осы тұрғыда *иммиграция, ирредента, эмиграция* мәселелеріне зор көңіл бөлініп отыр.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін, елде саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде көбінесе жергілікті ұлт пен көптеген *диаспоралардың* өзара түсіністікке негізделген арақатынасы және жалпы халық санындағы қазақтардың үлес салмағының өсуі маңызды рөл атқарады. Бұл мәселеде шетелдегі қазақ диаспораларының өз отанына көшіп келуіне жол ашу, елде орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету анағұрлым оңтайлы шешім болып табылды. *Біріншіден*, отандастарымыздың тарихи отанына көшіп келуі демографиялық үдерістерді шешудің тиімді жолдарының бірі саналады. Өйткені оларда көпбалалы отбасын қалыптастыру ұстанымы берік сақталған. *Екіншіден*, Қазақстандағы жұмыс күшінің жетіспеушілігін жоюға жәрдемдеседі. Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Тәжікстан елдерінен арзан жұмыс күшінің үнемі және жаппай ағылуы экономикалық жағынан өте тиімсіз. Сондықтан олардың орнына этникалық қазақтардың келуі, тапқан табысты өз елімізде жарату мен салық төлеу республика бюджет қорын толықтырады. *Үшіншіден*, шетелдердегі қазақтардың туған Отанына қайта оралуы қазақ тілі мәртебесін көтереді. Өзбекстан, Қытай, Моңғолия қазақтары мемлекеттік тілді еркін меңгерген. Ресей қазақтары да ана тілін меңгеруге аса ниетті. *Төртіншіден*, белсенді көші-қон ағымы арқылы тарихи әділдікті орнатуға мүмкіндік аламыз. *Бесіншіден*, экономикалық, мәдени, спорт табыстарына қол жеткіземіз. Отандастарымыздың еліміздің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми, мәдени, саяси өмірінде елеулі өзіндік үлес қосып жүргені мәлім. Мысалы, Өзбекстаннан елге оралғандардың бірі – сәу-

летші, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков. Түркиялық Халифа Алтай – Құранды араб тілінен қазақ тіліне алғаш рет аударды.

Моңғолиядан шыққан ғалым-түрколог Қаржаубай Сартқожаұлы – көне түркі жазбаларын еркін оқитын санаулы зерттеушілердің бірі. Мұстафа Өзтүрік – таэквондо спортынан әлемге әйгілі шебер. Қытайдан атажұртқа оралған Нәбижан Мұхаммедханұлы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында қытай жазба деректерінен ежелгі, орта ғасырлар және жаңа заман тарихына қатысты құнды мәліметтерді қазақ тіліне аударды. Өзбекстаннан көшіп келген Бақыт Сәрсекбаев бокстан 2008 жылы Пекин олимпиадасында жеңімпаз жалғыз қазақ болды. Қытайдан көшіп келген Майра Мұхаммедқызы «Ла Скала», «Гранд Опера» сынды әлемдегі әйгілі опера театрларында ән шырқады. Бүгінгі таңда шетелде тұрып жатқан қандастарымыздың тарихи отаны – Қазақстанға оралу мәселесі мемлекеттік деңгейде қаралып, заңды негіздер жасалуда.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен, ҚР Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың қолдауымен отандастарымызды көшіріп әкелу үшін барлық жағдай қарастырылып, қамқорлық көрсетіліп келеді. Жыл сайын шетелдегі қазақ ұлты өкілдері үшін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуға белгіленген 2% мөлшерінде квота беріледі.

Ұлт игілігі үшін Алматы қаласында 1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының Бірінші құрылтайы өтіп, шетелдердегі қандас-



Халифа Алтай



Мұстафа Өзтүрік



Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы

Ойлан

Неге кейбір мемлекеттер шетелдегі қандастарын қайтаруға ерекше көңіл беледі?

тарымыз атажұртта бас қосты. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылып, төрағалығына Н.Ә. Назарбаев сайланды. Құрылтайдың басты мақсаты – қазақтарды этникалық-мәдени біріктіру. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайлары одан кейінгі жылдары Түркістан, Астана (Нұр-Сұлтан) қалаларында өткізілді.

Құрылтай сияқты басқосулар тарихи тағдыр жазмышымен төрткүл дүниеге тараған қандастарымыздың атамекеніне оралуына жол ашып, тарихи отандарына көшіп келушілердің бейімделу мәселелерін шешті. ТМД елдерінің арасында бірінші болып біздің мемлекет алыс-жақын шетелдердегі қандас бауырларына құшағын айқара ашып, олардың елге оралуына кеңінен мүмкіншілік жасады. Шетелдегі отандастарын туған жеріне қайтаруға қамқорлық жасап отырған дүниежүзіндегі мына мемлекеттер: Қазақстан, Германия, Израиль болып табылады.

Аталған шара Қазақстанды әлемдік қауымдастық алдында тарихи тағдыр тауқыметімен өзге елге кетуге мәжбүр болған

өз ұлтының болашағына алаңдап, қамқорлық танытатын және жаңа мыңжылдықта бейбітшілік пен гуманизмді қалыптастыру жолымен нық қадам басқан ел ретінде танытты. Алғаш рет 30 жыл ішінде қазақтардың үлес салмағы 40% -дан 70% -ға жетті.

Бұдан кейінгі өткен құрылтайлар қазақтардың жаңа дәуірдегі біртұтас ұлт ретінде бірігуге ұмтылысын көрсетті. Жыл сайын құрылтай үлгісі бойынша еуропалық қазақтардың кіші құрылтайлары өткізіледі.

6. Қазақстандағы қазіргі этнодемографиялық жағдай. Қазақстандағы этнодемографиялық үдерістерге сәйкес 1991–2003 жылдары халықтың саны күрт азайды, ал 2011 жылы республика тұрғындарының саны 1991 жылғы көрсеткішке жақындады. Тұрғындар саны күрт төмендеуінің басты себептерінің бірі азаматтардың Қазақстаннан тыс елдерге көші-қон нәтижесі еді. Негізінен еуропалық этнос өкілдері қоныс аударды. Олар Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарынан кетіп, осы өңірлерде халық саны азайды.

Анықта

Ерлерге қарағанда әйелдердің пайыздық үлесінің басым болуының себептерін анықтаңдар.

Бүгінде республика тұрғындары қатарында әйелдердің ерлерден басым көрсеткіші сақталып келеді. Еуропалық ұлт өкілдерінің қартаюы көрініс табуда, жастары Қазақстаннан тыс елдерге оқуға және жұмысқа орналасуға кетуде. Қазақтар республика тұрғындарының басым бөлігін құрайды.

Қазақстанда аймақтық орналасуда өзгерістер байқалады. Ауыл жастары қалаға бет бұруда. Көші-қонның негізгі ағыны тұрғындарының саны 1 млн-нан асқан Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларына бағытталған.



1. Дүниежүзі қазақтары құрылтайын өткізу мен қандастарымыздың елге оралуының негізгі себептері мен алғышарттары қандай?
2. Қазақстан қандастардың елге жаппай қоныс аударуынан қандай жеңілдіктер мен артықшылықтар алды?
3. Қосымша деректерді пайдаланып, өздерің тұратын аймақтағы қандастардың бейімделуі туралы айтып беріңдер.

4. Жаңа деректер негізінде «Серпін» бағдарламасының мақсаты мен жүзеге асырылу барысы жайлы айтыңдар.



Диаспора – өзінің тарихи шығу тегінен тысқары елде тұрып жатқан халықтың бір бөлігі (этникалық қауымдастық).

Ирредента – өз тарихи отанында тұрып жатқан, алайда ол аумақ түрлі себептермен өзге ел құрамына еніп, сонда қалып қойған этникалық топ.

Иммиграция – қоныстанушылық, келімсектік, бір мемлекет азаматтарының екінші бір мемлекетке тұрақты немесе уақытша тұру үшін көшіп келуі.

Репатриант – тарихи отанына қайтқан қандастар.

Эмиграция – өз еліндегі тұрғылықты мекенін бөтен елдегі тұрғылықты жерге айырбастау.



Жандарбек Мәлібеков (1943) – Мемлекеттік Елтаңбаның авторы, белгілі сәулетші.

Майра Мұхаммедқызы (1965) – қазақтың атақты опера әншісі (сопрано, бельканто). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі. Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Париждегі «Гранд Операда» Қазақстан атынан өнер көрсеткен тұңғыш опера әншісі.

Мұстафа Өзтүрік (1954–1995) – таэквондо спортынан есімі әлемге әйгілі шебер.


Шығармашылық тапсырмалар.

1-тапсырма. Қосымша материалдарды пайдаланып, Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының мақсатын анықтаңдар.

2-тапсырма. Берілген сызба бойынша әңгіме құрастырыңдар.

Кім? Неге? Қашан? Қайда? Қалай?

Дүниежүзі қазақтары
құрылтайы



3-тапсырма. Қазақстаннан басқа елдердің (Ресей Федерациясы, РФР, Израиль т.б.) көші-қон саясатына талдау жасаңдар.



Дүниежүзі қазақтары құрылтайы. Шетелдерге тарыдай шашырап кеткен қазақтар:

*Әй, Алтай, әттең Алтай, көркем Алтай,
Кір жуып, кіндік кескен өлкем Алтай.
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,
Бір иіскеп топырағыңды өлсем, Алтай! –*

деп туған елін-жерін аңсаумен өмірін өткізіп жатты. Еліміз тәуелсіздігін алғанына жарты ай өткенде, яғни 1991 жылдың 31 желтоқсанында Президент радио арқылы шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдеріне арнап сөз сөйледі. Қазақстан Үкіметі «Басқа республикалардан және шет елдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстанда қоныстандырудың тәртібі мен шарттары туралы» арнайы қаулы қабылдады. Сөйтіп, атамекенге келем деген ағайындарға жол ашылды.

1992 жылы 29 қыркүйекте азаттығымыздың алтын бесігі – Алматыда Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы ашылды. Құрылтайға – Түркия, Германия, Франция, Швеция, Норвегия, Моңғолия, Ресей, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан және басқа елдерден, барлығы – 33 елден, сондай-ақ Қазақстан облыстарынан келген өкілдер – 800-ден астам кісі қатысты.

Мәжілісті Дүниежүзі қазақтары құрылтайын ұйымдастыру комитетінің төрағасы, сол жылдардағы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков ашты. Түркиядан келген Дәлелхан Жаналтайға сөз кезегі келгенде: «Мен бұл күнді көрем деп ойлаған жоқ едім. Құдайға шүкір, өшкенім жанды, өлгенім тірілді! Енді арман жоқ!» – деді. Осы сөз құрылтайдың өзегіне айналды. Күн тәртібінде – Дүниежүзі қазақтары қауымдастығын құру, оның жарғысын қабылдау, басшы органдарын сайлау талқыланды.

Аяған Б.Ф., және т.б. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы, 2010, 332-бет.



1. Дүниежүзі қазақтары құрылтайының тарихи маңызы неде?
2. Бұдан кейінгі өткен құрылтайларда қандай мәселелер көтерілгенін анықтаңдар.

§19–20. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі

Оқу мақсаты:

- ✓ мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Атеизм	Атеизм	Atheism
ҚМДБ	ДУМК	The Spiritual Administration of the Muslims of Kazakhstan
Доктрина	Доктрина	Doctrine
Сепаратистер	Сепаратисты	Separatists
Сүнниттер	Сунниты	Sunnites

Тақырыпқа шығу:

Конфессияаралық келісім дегенді қалай түсінесіңдер?



*Конфессияаралық келісім аллеясы.
Нұр-Сұлтан қаласы*

1. Қазақстанның этносаралық саясаты. Қазақстан Республикасы – жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүретін полиэтникалық мемлекет. Бүгінде халқының саны 19 миллионға

жуық адамды құрайды, оның ішінде мемлекет құраушы қазақтардың үлесі 70% -ға жетті.

Тәуелсіздік тұғырын биік ұстаған Қазақстан түрлі этникалық топтардың арасындағы келісім мен татулықты сақтап қалды. Республикада посткеңестік кеңістікте ХХ ғасырдың 80–90-жылдар тоғысында орын ала бастаған ұлтаралық жанжалдардың қаупін дер кезінде бағалай алдық. Мұны терең түсінген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұзақ мерзімді ұлтаралық саясат жүргізуді назарға алып, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың тиімді жолдарын үйлестірді.

Қоғамда тұрақтылықты сақтау мемлекетіміздің ішкі саясаты бағытының негізгі іргетасына айналды. Ұзақ уақыт бойы халықтар арасындағы өзара қатынастардың ерекше дәстүрі қалыптасып, кеңінен насихатталып келеді. Бүкіл әлемде «қазақстандық этносаралық және конфессияаралық келісімнің үлгісі» туралы айтыла бастады. Оның негізі ретінде тағдырдың еркімен ортақ Отанымызға келген барлық этникалық диаспораларға қазақтардың толеранттық қатынасын атап өту орынды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында *«тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлдіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды»* деп жазылған.

Конституцияда ұлтаралық келісімге іріткі салатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылған. **Сепаратистер**, террористер мен ұлтшылдардың лаңкестік әрекеттеріне орталық билік тарапынан қатаң түрде тыйым салынған. Елде үйлестірілген тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттің терең ойластырылған кадрлық саясаты барысында биліктің жергілікті және орталық органдарында еліміздің түрлі ұлт өкілдері қызмет атқаруда. Ең алдымен адамның іскерлік қасиеттеріне назар аударылады.

Ұлтаралық қатынастар байыптылық пен жауапкершілікті және сақтықты қажет етеді. Ұлтаралық саясатты жүзеге асыруда

Ойлан

XX ғасырдың 90-жылдарының соңындағы ұлтаралық қатынасқа сипаттама беріңдер.

Президент қазақ халқының діліне, оның басқа ұлттарға деген дәстүрлі төзімділігіне сүйенеді.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен ішкі саяси тұрақтылығын сақтауда – еліміздегі әртүрлі конфессиялардағы халықтардың бейбіт қатар өмір сүруі басты мәселе саналады. Елімізде 820-ға жуық этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Олар Бейбітшілік және келісім сарайы мен облыстық Достық үйлерінде орналасқан.

2. Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасы – маңызды стратегиялық құжат. Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде саяси этносаралық қақтығыстар мен қарама-қайшылықтар орын алған тұста Қазақстан ішкі саяси тұрақтылықты сақтап қана қоймай, оны нығайта алды. Оның ішінде ұлтаралық қатынастар саласы да қамтылып, басым маңызға ие болды.

Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасын қабылдауы халқымыздың бірігуі үшін маңызды рөл атқарды. Әлемде осы сияқты қоғам мен биліктің арасындағы келісім көрініс тапқан және ұлттың болашағын белгілейтін мемлекеттік деңгейдегі көптеген құжаттар бар. Солардың қатарында Конфуций мен *Монро* доктриналарын атап өтуге болады.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында өте маңызды, күрделі мемлекеттік тұрғыдағы ұлтаралық мәселенің болашағын белгілейтін құжат қабылданды. Ел бірлігі доктринасында басты міндетіміз – қолымызда тұрған ең бағалы құндылық – тәуелсіз Қазақстанды көзіміздің қарашығындай сақтап, еліміздегі азаматтық бейбітшілік, саяси тұрақтылық, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді болашақ ұрпаққа тапсыру.

Қазақстан халқы үшін доктринаның тарихи маңызы аса зор. Ұлт бірлігі доктринасының қабылдануы Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа ішкі және сыртқы саясатының ашықтығын дәлелдеді.

Ұлт бірлігі доктринасы үш маңызды бөлімнен тұрады. «Бір ел – бір тағдыр» атты бірінші бөлімінде елдің барша азаматын біріктіретін ең басты құндылық – тарихи тағдырымыздың ортақ екендігі басшылыққа алынады. «*Ұлт бірлігін негіздейтін*



бірінші қағидат – әрбір азаматтың өзінің ортақ тағдыры мен Отанының – Қазақстан Республикасының – ортақ екенін ұғыну. Біздің ұлттық бірлігіміз этникалық шығу тегіне қарамастан, әрбір адамның жоғары деңгейде Қазақстанмен және оның болашағымен етене бірігуіне негізделген».

«Тегі басқа – теңдігі бір» деп аталған екінші бөлімде ұлттық бірлігімізге негізделген басты қағидат – этностық, басқа да шыққан тегіне, діни ұстанымына, әлеуметтік жағдайына қарамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер беріледі деп көрсетілген. *«Әрбір Қазақстан азаматы өзінің жеке артықшылығы мен шығу тегіне қарамай, қабілетіне қарай барлық мүмкіндігін жүзеге асырып, жетістіктерге жете алады» және «оган ешқандай кедергі болмайды»,* – деп белгіленді. Қазақстанның барша азаматына тең мүмкіндіктер мен лайықты өмір сүру жағдайын туғызуға ұмтылу сынды қағидаттар негізге алынды.

Ойлан

Тағы басқа елдерде қабылданған қандай доктриналарды білесіңдер?

«Ұлт рухының дамуы» атты үшінші бөлімінде *«рухани бастау – ұлтты біртұтастыққа біріктіретін күш. Халықтың рухы күшті болған сайын, оның мемлекеттілігінің де болашағы зор болмақ. Біздің ұлттық рухымызды көтеру үшін негізгі басымдықтар мыналар: дәстүр мен отансүйгіштік рухы, жаңару рухы, жарыс пен жеңіс рухы»* деп көрсетілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық бірлік доктринасының қабылдануы тарихи маңызды шара болды. Аталған құжат этносаралық қатынастар саласында тиімді шарттарды қалыптастыруға бағытталған заңнамалық және өзге де нормативтік актілерді әзірлеуге негіз қалады.

3. Еліміздің тіл саясаты. Ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының бірі – тіл саясаты. 1970–1980 жылдары қазақ тілінің республикамызда қолданыс аясы тарылып, мемлекеттік тіл ретінде беделі төмендеді. Әрбір облыс орталығында бір-бірден ғана қазақ тілінде оқытатын мектеп жұмыс істеді. Қазақ тілінде шығатын газеттер әсіресе солтүстік, солтүстік-шығыс аймақтарда жабылды.

1989 жылы қыркүйекте «Қазақ КСР-інің тілдері туралы» заң қабылданды. *«Қазақ тілі республикада мемлекеттік тіл болып табылады»* деп атап көрсетілді. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде бекітілді. Сонымен қатар елімізде басқа диаспоралардың тілдерін дамыту үшін жағдай жасалып, мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы нақтылады. 1996 жылы «Қазақстан Республикасы Тіл саясатының тұжырымдамасы» қабылданып, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамытуға нақты міндеттер белгіленді. 1998 жылы ҚР Үкіметі «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» қаулы қабылдады. Осы жылы ҚР Үкіметінің жанында Мемлекеттік терминология комиссиясын құру туралы шешім бекітілді.

1999 жылы республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы ашылды. 2011 жылы Қазақстан Республикасын-

да тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Мемлекеттің тікелей қолдауымен елімізде 88-ден аса ұлттық мектеп, 170 жексенбілік мектеп жұмыс істейді, онда ұлттық тілдер оқытылады. Ұлттық жаңғырту мектептерінде ана тілін оқыту бойынша бөлімдер ашылды. Оларға үкіметтен және жергілікті бюджеттен қаржылық көмек көрсетіледі. Республикада 14 орыс, өзбек және ұйғыр, кәріс, неміс театрлары жұмыс істейді.

Бүгінгі күні елімізде ақпараттық алаңда 15 ұлттық тілде этномәдени орталықтардың 35 газеті мен 26 сайты бар.

2018 жылы мемлекеттің тапсырмасы бойынша тарихшы ғалымдар, географтар және ақпараттық технологиялар мамандары бірлесіп «Қазақстан халқы» интерактивті ғылыми тарихи картасын дайындады. Электронды картада ежелгі заманнан бастап қазіргі уақытқа дейінгі қазақ жерінде қоныстанған этникалық үдерістер тарихы көрсетіліп, елуден астам этностар туралы қысқаша деректер мен мағлұматтар берілді.

4. Қазақстандағы этносаралық тұрақтылықтың негізгі факторлары. Бүгінгі күні Қазақстан – бейбітшілік пен келісім сақталған, этностар өзара ынтымақта өмір сүріп жатқан бірегей мемлекет. *Этносаралық келісім мен бейбітшілік* аясында әлемде баламасы жоқ *қазақстандық үлгі* қалыптасып, қарқынды дамуда. Этносаяси мәселелер мемлекеттік ұлттық саясаттың өзегіне айналды. Ол мемлекетті қалыптастырушы қазақ ұлтына этносаралық келісім мен ынтымақтастықты сақтауға, өзге этностар құқықтарының шектелмеуіне деген жауапкершілігін жүктейді.

Қазақ халқымен еліміздегі барлық этникалық диаспоралар бейбітшілік пен келісім негізінде полимәдени қоғам болып құрылды. Халқымыз ынтымақ, бірлік пен діни тұрақтылықты қорғауға бар күш-жігерін салады.

Елімізде дәстүрлі *сүнниттік* исламның ханафи мәзһабы қабылданған. Ханафи мәзһабы – сүнниттік бағыттағы құқықтық ілім, жергілікті наным-сенімдер мен ғұрыптарға, дәстүрлі ұлттық мәдениетке төзімділігімен ерекшеленеді. Қазақстан өзінің



Ынтымақ, бірлігі жарасқан Қазақстан халқы

ұлтаралық және дінаралық ынтымақтастығы тәжірибесімен исламның дау-жанжалға себепші емес екендігін дәлелдеуде.

Олардың бәрі де қазақтың даласында ұлтымызбен бірге жасап келеді. Осыған орай, 2015 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында Елбасы барлық ұлттың бір-біріне және әсіресе қазақтарға алғыс айту күнін бекітуді ұсынған еді.



5. Конфессияаралық қатынастар саласындағы саясат. Қазақстан көне заманнан бері сан алуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Еліміздің тарихында дінаралық қақтығыстар мен жанжалдар орын алған емес. Бұл аймақ әртүрлі діндердің тоғысқан жері. Ежелден бері көптеген мешіттермен қатар, иудей синагогалары, христиан шіркеулері және будда храмдары қатар өмір сүрді. Олардың көпшілігі еліміздің аумағы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының бойындағы қалаларда орналасқан еді.

Патша және Кеңес үкіметі дала тұрғындарына тән емес, өзгеше дін саясатын жүргізді.

Ресей империясы отаршылдық саясатымен қоса православие дініне көшіруге үлкен көңіл бөлді. Христиан дінін кеңінен таратуға кедергі болған ислам дінін әлсірету саясатын да ұстанды. Дала қазақтарын шоқындыру мақсатында 1881 жылы Қырғыз миссиясы құрылған еді. Ол Семей облысының кеңбайтақ аймағындағы қазақтарды шоқындыруға кірісті. Көшпелі қазақ қауымы Қырғыз миссиясына қатты қарсылық көрсетті.

Кеңес өкіметі әсіресе алғашқы онжылдықтарында, дінге тыйым салып, молдаларды қуғындаудың түрлі тәсілдерін пайдаланды, жер аудару шараларына дейін қолданды. Дінге қарсы саясат **«атеизм»** енгізілді.

Қазіргі таңда Қазақстан – зайырлы мемлекет. Мемлекеттің дінге қатысты саясаты конфессияаралық татулық пен төзімділікті нығайтуға бағытталған. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: *«Жалпы екі нәрседен – діни фанатизм мен діни көрсоқырлықтан бірдей сақтанған жөн»*, – деп ескертеді.

Ізден

Кеңес заманында атеизмді қазақтар қалай қабылдады?

Тәуелсіздік алысымен елімізде 1992 жылы *«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы»* заң қабылданды. Заң қоғамдық тәртіпке нақты қатер төндіретін секталар мен ағымдарға қатысты либерализммен ерекшеленді. Заңда Қазақстан Республикасы әрбір азаматының наным-сенім бостандығы құрметтеліп, діни бірлестіктердің өзара сыйластық қарым-қатынасына негіз қаланды.

1992 жылы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен I Бүкіләлемдік рухани келісім конгресі өтті. 2011 жылы «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» қабылданған жаңа заң бойынша еліміздің аумағында қызмет ететін барлық діни бірлестіктерді қайта тіркеуден өткізу рәсімдері мен олардың қызметтерін реттеу қарастырылды. Қазақстанда дінтанушылар конгресі белсенді қызмет атқарады. 2014 жылы Дін істері агенттігі мен ҚМДБ, елдегі православие шіркеуі қоғамда үйлесім мен төзімділікті сақтау, ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандығына кепілдік береді. Конституция конфессионалдық, этникалық және өзге де белгілердегі кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салады. Біздің мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпайды, діни сенімдерге құрметпен қарайды.

Қазақстан адам құқықтары аясындағы маңызды халықаралық келісімдер мен шарттарға қосылды. Республиканың конфессионалдық саясатында діни төзімділік пен бейбітшілік басты ұстанымдар болып табылады.

6. Қазақстан – дінаралық диалог орталығы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізу жауапкершілігін алды. Елбасының игі бастамасын Кофи Аннан, Джордж Буш, Маргарет Тэтчер секілді беделді саясаткерлер қолдады.

Талқыла

Түрлі дін өкілдерінің бейбіт өмір сүруі қоғам дамуына әсер ете ала ма?

Дінаралық форумдардың қатысушылары – әлемнің ірі конфессиялары басшылары, белгілі саясаткерлер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу Қазақстанның ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қолдау механизмдерінің бірі ретінде өркениет және мәдениетаралық диалогтің ғаламдық үдерісіне қосқан елеулі үлесі болып табылады.

2006 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының конгресін өткізу мақсатында елордамызда арнайы Бейбітшілік



Нұр-Сұлтан қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайы

және келісім сарайы (Пирамида) салынды. Сарай түрлі діндердің, этностардың және мәдениеттердің әлемдік орталығына айналды. Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы осы Бейбітшілік пен келісім сарайында орналасқан.

Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы шетел мемлекеттерімен байланыстарды кеңейтіп, серіктестік орнатып келеді.

Қазақстандық бірегей тәжірибе жаһандық деңгейде қолдау тапты, сондықтан елордамыз дін көшбасшыларының кездесетін орнына және диалог алаңына айналды. Қазіргі күні Қазақстан жаһандық деңгейдегі діндер мен өркениеттер диалогі ұстанымын бекіту туралы мәселені көтере отырып, Шығыс пен Батыс арасындағы көпірге айналып отыр.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі 2003 жылы 23–24 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында өтті. Форумның жұмысына Еуропа, Азия, Таяу Шығыс және Африканың 13 елінен ислам, христиан, буддизм, иудаизм, синтоизм, даосизм және басқа конфессиялардың, 17 діни ұйымдардың өкілдері қатысты.

Пікірің қажет

Съездердің Қазақстанда өтуінің әлем мемлекеттері үшін маңызы бар ма?

Съезде түрлі дін өкілдері әлем халықтарының бейбіт және лайықты өмір сүруі жолындағы ынтымақтастық пен бірлік идеяларының өзектілігін, оны іске асырудың қажеттілігін талқылады. Съезд шешімдері Декларацияда көрініс тапты, атап айтқанда, әділдік, ақиқат, имандылық, төзімділік сияқты рухани құндылықтарды уағыздау әрбір діннің мақсаты болуға тиіс деп атап көрсетілді.



Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының 17-отырысы. 2018 жыл

Діннің атын жамылып жасалатын экстремизм, лаңкестік және күш көрсету мен қаскүнемдіктің басқа да түрлерінің шынайы дінге еш қатысы жоқ екені айтылды.

Съездің үлкен жетістігі – Қазақстанның бүкіл әлем алдында шынайы қоғамдық және дінаралық келісім мен бірлікке қол жеткен ел ретінде танылуы еді. I съезд барысында қатысушылар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін ұдайы түрде өткізу және оның жұмыс органы – Хатшылықты құру туралы шешім қабылдады.

Съездердің жұмысы барысында адамзаттың өзекті мәселелері: «Діни және саяси басшылардың адамзат алдындағы жауапкершілігі»; «Діннің жастарға әсер ықпалы»; «Дін және саясаттың өзара әсерінің жаңа үдерістері мен перспективалары»; «Бейбітшілік, қауіпсіздік пен үйлесімділік үшін әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары арасында өзара құрмет пен түсіністікке негізделген үнқатысу» деген тақырыптар төңірегінде жан-жақты пікір алмасылды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің тарихи маңызы зор. Қазақстан Еуразияның географиялық қана емес, жаһандық рухани-конфессионалды орталығына айналды. 2008 жылы АҚШ конгресмені Дана Рорабахер: *«Қазақстан қазіргі таңда тек Азия орталығы емес, әлем орталығына айналды»*, – деп жоғары баға берді.



1. Көптілді саясаттың қандай артықшылықтары бар?
2. Бірнеше мемлекеттік тілдері бар елдерді атаңдар.
3. «Елдегі конфессияаралық бейбітшілікті қалай нығайтуға болады?» деген тақырыпта эссе жазыңдар.



Атеизм – құдайға, дінге сенбеушілік.

Доктрина – іс-әрекет жасауға бағыт беретін нақтылы нұсқаулар жиынтығы.

ҚМДБ – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы.

Сепаратистер – өздері өмір сүріп отырған елден жеке мемлекет ретінде бөлініп шығуға немесе сол мемлекетке тиесілі аумақты басқа бір мемлекетке қосуға ұмтылған белгілі бір саяси топ.

Сунна, сунниттер (араб. – жол, іс-әрекет) – сүннетті ұстанушылар, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың үлгі-өнегесі мен өсиетіне сай ислам дініндегі адам орындайтын амалдар.



Джеймс Монро (1758–1831) – АҚШ-тың саяси және мемлекет қайраткері, бесінші президенті (1817–1825). 1823 жылы Монро доктринасы жарияланып, «Америка тек американдықтарға» қағидаты бойынша Америка және Еуропа бір-бірінің ішкі істеріне араласпауға тиісті деп атап көрсетілді. Монро қағидаты АҚШ-тың ішкі және сыртқы саясатында көптеген жылдар бойы пайдаланып келеді.

Шығармашылық тапсырмалар.

1-тапсырма. Қосымша материалдарды пайдаланып, Ұлт доктринасы мен Монро қағидатына салыстырмалы талдау жасаңдар.

2-тапсырма. Қазақстандағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуда тағы қандай бағдарламалар мен құжаттар қабылданғанын анықтаңдар.

3-тапсырма. Сабақта жинақтаған білімдеріңді қолданып, Қазақстандағы қазіргі діни ахуалға SWOT талдау жасаңдар.

S Күшті/мықты жақтары	
W Әлсіз жақтары	
O Мүмкіндіктер	
T Қауіп-қатерлер	

**АСТАНА – ӘЛЕМ ДІНДЕРІ ҮНҚАТЫСУЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ**

(2003 жылдың қыркүйегінде өткен діни съезд жайлы ой)

2003 жылғы 22–24 қыркүйекте Астанада Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндер лидерлерінің кең ауқымды халықаралық құрылтайының өткеніне де екі жыл болды. Бұл аз да, көп те емес. Өйтсе де осы бір ерен оқиғаға ой жүгіртіп, бағамдап, қорытындылайтын да мезгіл жеткен сияқты.

Астанадағы жиынға дейін де мұндай форумдар әлемнің әр жерінде өтті. Бірақ олар санаулы ғана дін өкілдерін жинаудан аса алмады. Дей тұрғанмен жалпы осындай басқосулардың мақсаты – сан алуан өркениеттер мен мәдениеттер жағдайында адам баласының өзара тіл табысып, бірлік пен ынтымақта өмір сүруін баянды ету жолдарын қарастыру. Өйткені туындайтын проблемаларды шиеленістірмей шешуде дін қайраткерлерінің де қосар үлесі аз емес. Ал бұл ретте биік деңгейлі алқалы съезд өткізуге көпұлтты, бірнеше конфессиялы, ынтымағы мен бірлігі өзгеге үлгі Қазақстанның қолайлы да лайық болғандығы күмәнсіз еді.

Астанадағы діни үнқатысуға дүниежүзінен 17 діни делегация және Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ сияқты халықаралық ұйымдардың өкілдері, БҰҰ жанындағы Бүкіл-әлемдік діндер лидерлері кеңесінің президенті Шри Шри Сугендра Тиртха Свами Мадхавачгарьян, Жапонияның экс Премьер-министрі Цутому Хата, Италияның Ассизи қаласының бас министрі Томас Геремек һәм 250 отандық және 60-қа жуық шетелдік журналистер қатысты.

Әлемде өркениеттер үнқатысуы көкейкесті мәселеге айналып отыр. Қазір біз мүдделердің кең көлемдегі қақтығысы мен өзара шиеленіскен күрделі мәселелер уақытында өмір сүрудеміз. Сол себепті де, – дейді дін қайраткерлері, – оларды реттеудің немесе жоюдың бірден-бір жолы – діндердің үнқатысуы. Өйткені дін – татулық пен ынтымақты сақтаудың үлкен кепілі де. Діндер тату болса, мемлекеттер де тыныш екені дәлелдеуді қажет етпейді.

Дербісәлі Ә. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы, 2008, 201–204-беттер.



Астанада өткен діни үнқатысудың мәні мен маңызы неде?

§21–22. Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі

Оқу мақсаты:

- ✓ Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Ассамблея	Ассамблея	Assembly
Форум	Форум	Forum

Тақырыпқа шығу:

Қазақстан халқы Ассамблеясының тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылу себебі неде деп ойлайсың?



1. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылу тарихы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы *Ассамблеясын* құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Алматыда өткен Қазақстан халықтарының бірінші форумында ұсынды.

Дайындық жұмыстары аяқталған соң 1995 жылғы наурызда жаңа қоғамдық ұйым – Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Осылай жалпықазақстандық бірліктің бірегей моделі іске асырылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) – Президент төрағалық ететін консультативті-кеңесші орган. Қазіргі таңда Ассамблея Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының сенімді тетігіне айналды.

2002 жылы 26 сәуірде ҚР Президенті Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы бекітілді. Бұл құжатта Ассамблеяның мақсаты мен міндеттері, жұмыс құрылымы мен ұйымдастыру қызметінің негізгі бағыттары белгіленді. Кейіннен ҚХА-ның қоғамдық-саяси салада қызметін реттейтін басқа да құжаттар қабылданды.

2. Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі міндеттері. Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамда маңызды қызмет атқарады. *Біріншіден*, ол Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталады. *Екіншіден*, Ассамблея ұлтаралық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдеседі. *Үшіншіден*, бұл қоғамдық құрылым мемлекеттік тілді және Қазақстан диаспораларының ана тілі мен мәдениетін дамытуға қолдау көрсетеді.

2008 жылы Елбасы бастамасымен «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заң қабылданып, Ассамблеяның құқықтық мәртебесі кеңейтілді.

Ойлан

Ассамблеяның құқықтық мәртебесін кеңейту не үшін қажет?

Қазіргі таңда Ассамблея 23 республикалық және 470-тен астам аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктердің басын қосып, «*Достықтың инфрақұрылымына*» айналды.

2014 жылы бірқатар жетекші жоғары оқу орындарында «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедралары құрылды. Ассамблея қызметін жоғары деңгейде қамтамасыз ету мақсатында 2015 жылдан бастап «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі тұрақты және жүйелі түрде жұмыс атқарып келеді.

3. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымы мен қызметі. Ассамблея құрылымында 17 *кіші ассамблеялар* біріктірілген, олар 14 облыстық және 3 республикалық маңызы бар қалалардың ассамблеялары.

Қазақстан халқы Ассамблеясының өңірлік кіші ассамблеялары ұлттық-мәдени орталықтары мен диаспоралар бірлестіктерінің жұмысын біріктіреді және үйлестіреді. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыс әкімдері өңірлік Ассамблея төрағалары қызметін атқарады. 2008 жылы Ас-



Ассамблея жиналысы

самблея ұлттық-мәдени орталықтары ресми түрде этномәдени қоғамдық бірлестіктер болып қайта тіркелді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы өзара келісім мен бейбітшілікті сақтаудағы жұмысы жайлы айтындар.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасыға Қазақстан халқы Ассамблеясын басқару құқығы тиесілі. Ассамблея төрағасының этномәдени бірлестіктерден тағайындалатын екі орынбасары Президент өкімімен бекітіледі.

Сессияларды Ассамблея төрағасы жылына кемінде бір рет шақырады. Кезекті сессиясының өткізілетін күні, орны және күн тәртібінің жобасы ол басталғанға дейін бір ай бұрын хабарланады. Кезектен тыс сессия Ассамблея төрағасы бастамасы бойынша немесе Ассамблея мүшелері жалпы санының кемінде үштен бірінің өтініші бойынша шақырылады.

Ассамблеяның құрамы мемлекеттік органдар, этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктер өкілдерінен және қоғамдық-саяси саладағы абырой-беделі бар тұлғалардан құралады.

Ассамблея хатшылығы Қазақстан Республикасы Президенті өкімшілігінің құрамына кіретін Ассамблеяның жұмыс органы

болып табылады. Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан ғылыми-сарапшылық кеңес, этносаралық қатынастарды реттейтін журналистер мен сарапшылар клубы, ҚХА қоры, кәсіпкерлер ассоциациясы т.б. қоғамдық және кеңесші органдар құрылған.

Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелігіне кандидаттарды жергілікті жерлердегі Қазақстан халқының кіші ассамблеялары, республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктер, Ассамблея кеңесінің мүшелері ұсынады. Жыл сайын мемлекет этномәдени орталықтар мен кіші ассамблеяға қаржылық қолдау көрсетіп келеді. Этномәдени орталықтардың басшыларына Президент гранты бекітілген.

Барлық облыс орталықтарының *Достық үйлерінде* этномәдени бірлестіктер орналасып, ҚХА аймақтық құрылымдары қызмет етеді.

Ассамблея өзінің құрылған кезінен бастап этносаралық қатынастар үйлесімділігі мен ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған беделді қоғамдық құрылымға айналды. Ассамблея «Қоғамдық



Нұр-Сұлтан қаласындағы Достық үйі


бірлестіктер туралы», «Мәдениет туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» және басқа да бірқатар заң жобаларын дайындауға белсене қатысты.

ҚХА маңызды жиыны Елордадағы Бейбітшілік және келісім сарайында өткізіледі. Ассамблея жанынан шығатын «Достық – Дружба», «Менің елім» журналдары этносаралық қатынастар саласындағы атқарылған іс-шаралар туралы ҚХА-ның ақпараттық ресурстары ретінде бүкіл елімізге таралады. Ұлтаралық қатынастарды нығайтуға бағытталған түрлі жиындар, **форумдар** өткізіледі.

Қазақстан заңнамасына сәйкес, Парламент Мәжілісінде ҚХА-ның 9 өкілі депутаттар құрамына енген. Сенаттың 15 депутатын ұлттық-мәдени және басқа да қоғамның өзекті мүдделерін ескере отырып, Президент тағайындайды. ҚХА депутаттарының алдына елдегі этносаралық келісімді, бейбітшілік пен тұрақтылықты одан әрі нығайту басты міндет етіп қойылған. 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланды.

4. Қазақстан халқы Ассамблеясын құру тәжірибесінің әлемдік сахнадағы орны. Қазақстан халқы Ассамблеясының құнды тәжірибесі әлемдік тәжірибеге енгізіліп, жоғары бағасын алды. Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстанның халықаралық абыройының өсуіне ықпал етуде.

Республиканың көпұлтты халқының өміріндегі Ассамблеяның рөлі туралы шетелде ірі халықаралық конференциялар өткізілді.





Кофи Аннан

Қазақстанның Ассамблея құрудағы тәжірибесін бірқатар ТМД елдері (Ресей, Қырғызстан, Молдова) қолданып отыр.

Қазақстандық үлгі халықаралық сарапшылардың жоғары бағасына ие болды. БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан айтқандай: *«Қазақстан барлық мемлекеттер үшін тұрақтылық пен ұлтаралық келісімнің үлгісі болып табылады».*

2010 жылы БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун Қазақстанға сапары барысында: «Қазақстан халқы Ассамблеясының қағидаты мен бағыт-бағдары Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмыс қағидатына толық сәйкес келеді», – деп айрықша атап өтті.

-  1. Қосымша деректерді пайдаланып, өздерің туған, өскен өлке-леріңдегі аудан, қала немесе аймақтық этномәдени бірлестік туралы айтып беріңдер.
2. Елде бейбітшілік пен келісімді одан әрі нығайтуға қатысты қандай ұсыныстарың бар?

 **Ассамблея** (франц. Assemblee – жиналыс) – а) жиналыс; ө) қандай да бір мемлекеттік немесе халықаралық ұйым органының аты; б) қоғамдық ұйым атауы.

Форум – жиналыс. Ежелгі Рим қоғамдық өмірінің барлық саласы талқыланатын орталық алаңы. Нақты бір мәселені талқылауға салу үшін тиісті жұртшылықтың бас қосқан үлкен жиыны.

Шығармашылық тапсырмалар.

1-тапсырма. «Қазақстан халқы Ассамблеясы – татулық пен бірліктің кепілі» деген пікірді ПТМС формуласы арқылы талдаңдар.

Позиция (мен солай санаймын, ...)

Түсіндіру (... себебі, ...)

Мысал (мен мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын ...)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын ...)

2-тапсырма. Кестедегі ақпаратты пайдаланып, IDEA формуласы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуын талдаңдар.

I (Identify) – тарихи оқиғалардың себептерін анықтау	
D (Describe) – сәйкесінше дәлелдерді сипаттау	
E (Explain) – осы себептердің тарихи оқиғаға қалай ықпал еткенін түсіндіру	
A (Analyze) – осы себептердің маңыздылығына талдау жасау	



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Халықтарының ассамблеясын құру туралы

Қазақстан Республикасында қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайту мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан консультативтік кеңесші орган ретінде Қазақстан Халықтарының ассамблеясы құрылсын.

2. Қазақстан Халықтарының ассамблеясы туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

3. Қазақстан Халықтары ассамблеясының бірінші сессиясы 1995 жылғы 24 наурызда шақырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Халықтары ассамблеясының бірінші сессиясын өткізуге байланысты мәселелерді шешетін болсын.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. НАЗАРБАЕВ.
Алматы қаласы, 1995 жылғы 1 наурыз
№2066*



1. Қазақстан Халқы ассамблеясын құрудағы мақсат қандай?
2. Қазақстан Республикасының ұлттық құрамын естеріңе түсіріңдер.

Екінші бөлім бойынша тест тапсырмалары

1. Поляк ақыны, «Қырғыз» («Қазақ») және «Дала» поэмаларының авторы:

- A) С. Гросс
- B) А. Янушкевич
- C) Б. Залесский
- D) В. Недзвецкий
- E) Г. Зелинский

2. Ұйғырлардың Қазақстан аумағына алғаш қоныс аударған жылы:

- A) 1861 жыл
- B) 1824 жыл
- C) 1877 жыл
- D) 1881 жыл
- E) 1889 жыл

3. Орта Азия республикаларын ұлттық-аумақтық межелеу өткен жыл:

- A) 1920 жыл
- B) 1921 жыл
- C) 1924 жыл
- D) 1929 жыл
- E) 1931 жыл

4. 1959 жылғы Бүкілодақтық санақ бойынша республика аумағындағы халық саны:

- A) 6,1 млн
- B) 8,5 млн
- C) 9,3 млн

D) 10 млн

E) 15 млн

5. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қазақстан аумағына күштеп қоныс аударылған ұлттар саны:

A) қырық үш

B) елуге жуық

C) алпыстан астам

D) сексен екі

E) тоқсан бір

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы:

A) Халифа Алтай

B) Жандарбек Мәлібеков

C) Өлкей Марғұлан

D) Шәмші Қалдаяқов

E) Мұзафар Әлімбаев

7. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстандағы халық саны азаюының негізгі себебі:

A) Балалар өлімінің өсуі

B) Еуропалық ұлт азаматтарының елден кетуі

C) Адам өмірі орташа ұзақтығының азаюы

D) Әлеуметтік жағдайдың нашарлауы

E) Халық арасында өлім-жітімнің өршіп кетуі

8. «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді:

A) 1991

B) 2000

C) 2008

D) 2011

E) 2019

9. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған жыл:

- A) 1994
- B) 1995
- C) 1996
- D) 1999
- E) 2003

10. Қазақстан халқы Ассамблеясының Парламент мәжілісіндегі өкілдерінің саны:

- A) 4
- B) 6
- C) 9
- D) 12
- E) 16

Екінші бөлім бойынша зерттеу жұмысы:

Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры.

Екінші бөлімге қорытынды

Қазақстанның Ресей құрамына енуі, 1822–1824 жылдары хандық биліктің жойылуы елімізде күрделі полиэтникалық құрамның қалыптасуына әкелді. Бір ғасыр шеңберінде қазақ өлкесінің моноэтникалық құрамы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі 30%-ға дейін түсіп кетті.

Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе жеке халықтарды республика аймағына күштеп жер аударды. Ашаршылық пен қуғын-сүргін әсіресе қазақтардың кемуіне әкелді. Тың игеру жылдары КСРО-ның еуропалық бөлігі мен республикалардан елімізге жүздеген мың адам келіп қоныстанды.

КСРО ыдыраған алғашқы жылдары кері көші-қон үрдісі, еуропалық ұлттардың елімізден тарихи отандарына көшіп кетуі басталды. Осы жылдары республика халқының саны 16 793,1 мыңнан 14 886,8 мыңға түсіп, 11,5%-ға кеміді. Елден 811,3 мың адам көшіп кетті. 1991–2008 жылдары республикадан жалпы 3,5 млн адам көші-қон қозғалысына түсті. 90-жылдардың ортасында көші-қон үдерістердің негізгі себептерінде, экономикадағы дағдарыстан басқа, азаматтардың ең алдымен атаменен табысуы тұрды. Оның үстіне психологиялық фактор да басым еді: көптеген адамдардың тарихи отанында тұрып жатқан туыстарымен байланыстары үзіліп, ертеңгі күндеріне деген сенімдері жоғалды. Сондықтан бұл этностар өз елдеріне оралуға, тездетіп көшуге кірісті.

Тәуелсіздік жылдары республикаға 1 миллионнан аса қандастарымыздың оралуы халық санында қазақтардың үлес салмағын 70%-ға жеткізді. 1995 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталған әлемдегі бірегей құрылым Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Елде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері, рухани келісім форумдары өткізіліп келеді.

ҮСЫНЫЛАТЫН ӨДЕБИЕТТЕР

- Абай.** Қалың елім қазағым... Өлеңдер. – Алматы, 2017.
- Академик Қ.И. Сәтбаев және Қазақстан ғылымы** (мақалалар мен очерк, естеліктер). – Алматы, 1999.
- Академик Қ.И. Сәтбаев:** Хаттары мен жазбалары. – Алматы, 1998.
- Аққұлы С. Өлихан Бөкейхан. Өсиеті.** 2 т. – Шымкент, 2016.
- Алаш қозғалысы.** – Алматы, 2011.
- Алашорда.** Құжаттар жинағы. Құрастырған Мартыненко Н. – Алматы, 1992.
- Алексеевко А.Н.** Қазақстан тұрғындары. 1920–1990 жылдар. – Алматы, 1993.
- Алексеевко Н.В., Алексеевко А.Н.** 100 жылдағы Қазақстан халқының саны (1897–1997). – Өскемен, 1999.
- Аманжолова Д.** Алмағайып заман. Алаш Қазақстан этносаяси тарихында. – Алматы, 2009.
- Андреев И.Г.** Орта жүз қырғыз-қайсақтарының (қазақтарының) сипаттамасы. – Алматы, 1998.
- Асылбеков М.Х., Галиев А.Б.** Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық үрдістер (1917–1970). – Алматы, 1991.
- Аяғанов Б.** Кеңестік социализмнің шарықтау шегі мен күйреуі. Қазақстандық полигон. – Алматы, 2000.
- Байпақов К.М.** Ұлы Жібек жолы (Қазақстан аумағындағы бағыттары). – Алматы, 2007.
- Бес ғасыр жырлайды.** 5 томдық. – Алматы, 1989.
- Верт Н.** Кеңес мемлекетінің тарихы (1922–1991). – Москва, 1992.
- Гумилев Л.Н.** Көне түріктер. – Алматы, 1994.
- Депортация тарихы.** Қазақстан. 1939–1945 жылдар. Құжаттар жинағы. – Алматы, 2019. – 3-т.
- Депортация.** – Алматы, 2000.
- Ерімбетова Қ.** Қалдырған ізі мәңгілік. Анна Панкратова. – Астана, 2016.
- Ермұханов Б.** Жазба деректердегі Қазақстан тарихы. Б.з.б. V ғ. – б.з.-дың XV ғ. – Алматы, 2006.
- Ерофеева И.В.** Әбілқайыр хан: қолбасшы, әмірші және саясаткер. – Алматы, 1919.
- Әбдіуақап Қара.** Мұстафа Шоқай. – Астана, 2012.
- Әбсеметов И.** Сәкен Сейфуллин. – Астана, 2006.
- Жиреншин К.Ә.** XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси дамуы. – Алматы, 1996.

- Кемеңгерұлы К.** Қазақ тарихынан. – Астана, 2015.
- Кәрібаев Б.** Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы, 2015.
- Кәрібаев Б.Б.** Қазақ хандары. – Алматы, 2015.
- Кәрібаев Б.Б.** Қасым хан. Тұлға. – Алматы, 2008.
- Конвест Р.** Зұлматты жылдар. – Киев, 1995.
- Қазақ интеллигенциясының тарихы.** – Астана, 2006.
- Қазақ КСР-інің индустрияландыру тарихы (1926–1941 жылдар).** – Алматы, 1967.
- Қазақстан тарихы.** – Алматы, 2010, 4-том.
- Қазақстан тарихы. Очерктер.** – Алматы, 1993.
- Қазақстан тарихы: Ақтаңдақтар.** – Алматы, 1991.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия.** – 1–10 том. – Алматы, 1998–2007.
- Қазақстан тарихы. Энциклопедия.** – Алматы, 2019.
- Қазақстан халқы: тарихи тағылым және қазіргі заман.** – Алматы, 2017.
- Қазақстан халқы: тарихы және бүгінгі жағдайы.** – Алматы, 2017.
- Қазақстанға жер аударылған халықтар: тарихи тағдыры.** – Алматы, 1998.
- Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс. Материалдар мен естеліктер жинағы.** – Алматы, 1937.
- Қазақстандағы Азамат соғысы: оқиғалар жылнамасы.** – Алматы, 1974.
- Қалыбекова М.Ш.** Қазақстанға арнайы қоныс аударылғандар: құжаттар мен материалдар (1930–1956). – Алматы, 2011.
- Қалыбекова М.Ш.** Қазақстанның депортацияға ұшыраған халықтары тарихы (1937–1956 жылдар). – Алматы, 2008.
- Қаһарлы 1916 жыл. Құжаттар мен деректер жинағы.** – Алматы, 1998.
- Қасымбаев Ж.** Қазақ хандығының мемлекеттік қайраткерлері (XVIII ғ.). – Алматы, 1999.
- Қозыбаев М.Қ.** Тарих және қазіргі заман. – Алматы, 1991.
- Қозыбаев М.Қ. Ф.И. Голощекиннің саяси портреті.** – Алматы, 1998.
- Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов К.С., Абылхожин Ж.Б.** Қазақстандағы күштеп коллективтендіру: қорлық пен зорлық. – Алматы, 1991.
- Қойгелдиев М.Қ.** Алаш қозғалысы. – Алматы, 2017.
- Қонаев Д.А.** Сталиннен Горбачевке дейін. – Алматы, 1994.

Құл-Мұхаммед М.А. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы, 1998.

Құрманов З. «Алаш» партиясының қырғыз бөлімшесі: құрылуы, қызметі, тағдыры. – Нұр-Сұлтан, 2019.

Левшин А.И. Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы. – Алматы: Санат, 1996.

Меңдікүлова Г.М. Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 1997.

Мүрсәлім Б.С. Алаш автономиясының әскері. – Алматы, 2015.

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999.

Нүсіпбеков А.Н. Қазақ жерлерінің Қазақ АКСР-і құрамына біріктірілуі. – Алматы, 1953.

Нүрпейісов К. Қазақстандағы кеңестердің қалыптасуы (1917 жылғы наурыз – 1918 жылғы маусым аралығы). – Алматы, 1987.

Олкотт Брилл Марта. Қазақтар. – АҚШ, 1987.

Омарбеков Т. 1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері. – Алматы, 2018.

Омарбеков Т. Ашаршылық. – Алматы, 2019.

Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: қозғаушы күші, барысы, тарихи тағылымы. – Алматы, 1997.

Райымханова К.Н. Дәстүрлі өнер. – Алматы, 2002.

Роберт Киндлер. Сталиндік көшпелілер. Қазақстандағы билік пен аштық. – Мәскеу, 2017.

Сәдуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2013.

Смағұлов О., Смағұлова А. Қазақ халқының шығу тарихы. – Алматы, 2017.

Сталиннің кезіндегі КСРО қазақтары. Ұжымдастыру және әлеуметтік өзгерістер (1928–1945 жылдар). – Алматы, 2009.

Толыбеков С.Е. XV–XX ғасырдың басындағы көшпелі қазақ қоғамы (саяси-экономикалық зерттеу). – Алматы, 2017.

Тынышбаев М. Қазақ халқының тарихы. – Алматы, 1993.

Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. – Алматы, 1984–1985.

Ұлы даланың Ұлы есімдері. Материалдар жинағы. – Алматы, 2019.

Хафизова К.Ш. Дала өміршілері және XVII–XIX ғасырлардағы олардың көрші елдермен елшілік байланыстары. – Нұр-Сұлтан, 2019.

Шоқай М. Кеңес өкіметі қол астындағы Түркістан. – Алматы, 1993.

1917 жылғы орыс революциялары кезеңіндегі Қазақстан. – Алматы, 1991.

ИНТЕРНЕТ ДЕРЕКТЕРІ, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚОСЫМШАЛАР

e-history.kz
edu.-e-history.kz
nlrk.kz
archive.president.kz
cga.kz
iie.kz
almatymuseum.kz
nationalmuseum.kz
csmrk.kz
library.kz
adyrna.kz
kk.wikipedia.org
bugin.kz
history-state.kz
akorda.kz
strategy2050.kz
edu.gov.kz
kaznpu.kz
bolashak.gov.kz

МАЗМУНЫ

Кіріспе	3
---------------	---

I БӨЛІМ**ӨРКЕНИЕТ: ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****Бірінші тарау****Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудегі
дәстүрлі жүйесі**

§1–2. Қазақстанда көшпелі малшаруашылығы және егіншіліктің дамуы.....	6
§3–4. Қолөнер мен кәсіптер	22

Екінші тарау**Дала мен қала: өзара қарым-қатынас
және өзара әсері**

§5–6. Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі.....	34
§7–8. Экономикалық және мәдени қарым-қатынастың дамуы мен өзара әсері.....	48

Үшінші тарау**Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-
экономикалық дамуы**

§9–10. XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы	58
§11–12. Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы	78
Бірінші бөлім бойынша тест тапсырмалары.....	89
Бірінші бөлім бойынша зерттеу жұмысы	91
Бірінші бөлімге қорытынды.....	92

II БӨЛІМ

САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮРДІСТЕР

Төртінші тарау

Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы

§13–14. Қазақстан халқы моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр – XX ғасырдың басы).....	93
§15–16. Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы	104

Бесінші тарау

Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты

§17–18. Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты	116
§19–20. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі.....	128
§21–22. Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі.....	142
Екінші бөлім бойынша тест тапсырмалары	149
Екінші бөлім бойынша зерттеу жұмысы	151
Екінші бөлімге қорытынды	152
Ұсынылатын әдебиеттер	153
Интернет деректері, электрондық қосымшалар.....	156

Оқулыққа республиканың бірқатар белгілі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ және Мемлекет тарихы институты) өз сын-пікірлерін білдірді.

Оқулықты дайындауға қатысқандар –
Д. Қалиев, А. Манқараев, А. Нартай, Е. Әбдіхалықов.

Мұқабадағы А. Дүзелхановтың «Сақ жауынгерлері» суреті.

Мәтіндегі ауылшаруашылығы, малшаруашылығы, шегара, көгөніс, Моңғолия т.б. сөздер ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған Орфографиялық сөздік (– Алматы, 2013) бойынша жазылды.

О қ у б а с ы л ы м ы

**Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы
Сандыбаева Ақмарал Дайырқызы
Лебаев Фархат Рашидулы**

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық

Екі бөлімді

1-бөлім

Әдіскер-ұстаз Е.М. Куркеев

*Редакция меңгерушісі Ө. Пірманов
Редакторы Г. Нұрланқызы
Көркемдеуші редакторы А. Лукманов
Техникалық редакторы Ү. Рысалиева
Корректоры Ү. Бахова
Компьютерде беттеген С. Төлегенова*

ИБ № 026

Теруге 15.05.2019 берілді. Басуға 05.06.2020 қол қойылды. Пішімі 70x90^{1/16}.

Оффсеттік қағаз. Өріп түрі «мектептік». Оффсеттік басылмыс.

Шартты баспа табағы 11,7. Есептік баспа табағы 13,93.

Таралымы 93 000 дана. Тапсырыс №5161.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС-і, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



Оглавление

page1
page2
page3
page4
page5
page6
page7
page8
page9
page10
page11
page12
page13
page14
page15
page16
page17
page18
page19
page20
page21
page22
page23
page24
page25
page26
page27
page28

page34

page35

page36

page37

page38

page39

page40

page41

page42

page43

page44

page45

page46

page47

page48

page49

page50

page51

page52

page53

page54

page55

page56

page57

page58

page59

page60

page61

page62

page63

page64

page69
page70
page71
page72
page73
page74
page75
page76
page77
page78
page79
page80
page81
page82
page83
page84
page85
page86
page87
page88
page89
page90
page91
page92
page93
page94
page95
page96
page97
page98
page99

page104
page105
page106
page107
page108
page109
page110
page111
page112
page113
page114
page115
page116
page117
page118
page119
page120
page121
page122
page123
page124
page125
page126
page127
page128
page129
page130
page131
page132
page133
page134

page139
page140
page141
page142
page143
page144
page145
page146
page147
page148
page149
page150
page151
page152
page153
page154
page155
page156
page157
page158
page159
page160